

Қазақстан
КОММУНИСТІ

12-10

ДЕКАБРЬ

1962

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

12

ДЕКАБРЬ

1962

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Партиялық басшылықтың лениндік принциптері	3
Міндет—резервтерді тиімді пайдалануда	10
С. БӘЙІШЕВ — Қоғамдық ғылымдар коммунистік құрылыстың жаңа міндеттері дәрежесінде болсын	16
Т. ШӘУКЕНБАЕВ — Мұнайды мол шығару жолдары	23
Ж. ҚАРАҚҰСОВ — Совет интеллигенциясының коммунистік құрылыстағы ролі	28
Г. ЗАДОРОВИЧ — Мектептің өмірмен байланысы	33
А. НҰРҚАТОВ — Жастар творчествосы жайлы бірер сөз	38

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ж. ӘУБӘКІРОВ — Партия Уставының талабын қатаң сақтау—парыз	44
А. ТЕМІРБАЕВ — Кеншілер жарысының жаршысы	48

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Қ. ШӘЙМЕРДЕНОВ — Батыс Берлин — соғыстың хауіпті ошағы	52
--	----

СҰРАҚҚА ЖАУАП

М. САВЕЛЬЕВ — Партия тобының жұмысы қалай ұйымдастырылады?	56
--	----

ХАТ-ХАБАР

Ә. БАЙМЫРЗИН — Коммунистік еңбек бригадасында	62
М. МЕРТЕНОВ — Коллектив күші	66

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Қ. АХАНОВ — Қазақ тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі	69
Партия тұрмысының хабарлары	74
«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін	76
«Қазақстан коммунистінде» 1962 жылы жарияланған материалдар тізімі	77



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Ленинские принципы партийного руководства	3
Все резервы производства — в действие	10
С. БАИШЕВ — Общественные науки — на уровень новых задач коммунистического строительства	18
Т. ШАУКЕНБАЕВ — Комплексное использование Урало-Эмбенского нефтеносного района	23
Ж. КАРАКУСОВ — Роль советской интеллигенции в строительстве коммунизма	28
Г. ЗАДОРОВЫЙ — Производственное обучение в школах	33
А. НУРКАТОВ — Молодые голоса (о творчестве начинающих писателей)	38

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Ж. АУБАКИРОВ — Строго соблюдать требования Устава КПСС	44
А. ТЕМИРБАЕВ — Организаторы соревнования шахтеров	48

НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТЕМЫ

К. ШАЙМЕРДЕНОВ — Западный Берлин — опасный очаг войны	52
---	----

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

М. САВЕЛЬЕВ — Роль и задачи партийной группы	56
--	----

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

А. БАЙМУРЗИН — В бригаде коммунистического труда	62
М. МЕРТЕНОВ — Вожаки масс	66

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

К. АХАНОВ — Первый толковый словарь казахского языка	69
Хроника партийной жизни	74
Указатель статей и материалов, опубликованных в журнале «Казахстан Коммунист» в 1962 году.	77



1206361

Партиялық басшылықтың лениндік принциптері

Ноябрьдің 19—23 күндерінде Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып өтті. Пленум КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары және СССР Министрлер Советінің Председатели Н. С. Хрущев жолдастың «СССР экономикасының дамуы және халық шаруашылығына партия басшылығы» туралы баяндамасын талқылап, ол туралы бір ауыздан шешім қабылдады.

Орталық Комитеттің бұл Пленумы Коммунистік партияның даңқты тарихына аса маңызды уақиғалардың бірі болып қосылмақ. Халық шаруашылығына партиялық басшылықты өндіріс принципі бойынша төменнен жоғарыға дейін қайта құру жөнінде Пленум белгілеген шаралар елімізде коммунистік құрылысты кең өрістете беруге қолайлы жағдай туғызады.

Партияның Никита Сергеевич Хрущев жолдас бастаған Орталық Комитеті басшылықтың лениндік принциптерін және партия тұрмысының нормаларын берік сақтай отырып, өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартып беру мәселелерімен ұдайы шұғылданып келеді. Шаруашылық ісі — біздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін ең қызғылықты да басты саясат. Россия пролетариаты дүние жүзінің халықтарына өзінің шаруашылық саласында қолы жеткен табыстарымен ғана үлгі-өнеге көрсете алады деп көрсеткен еді Владимир Ильич.

Сүйікті партиямыздың негізін қалаған кемеңгер көсеміміз Ленин өмір шындығын терең зерттей, жанжақты бағдарлай отырып, социализм құрылысында ұйымдастыру жұмысының саналуан түрлерін батыл қолдану керек деп үйретті. «Біз нақ жұмыс үстінде, — деп жазды В. И. Ленин, — қайсыбір мекемені сынап отырып, оларды тәжірибеде бақылай отырып, оларды еңбекшілердің коллективті жалпы тәжірибесінде тексере отырып және, ең бастысы, жұмыс нәтижесінің тәжірибесінде тексере отырып, қолма-қол, жұмыстың нақ үстінде... біз өзіміздің экономикалық сарайымызды салуымыз керек» (Шығармалар, 27-том, 414-бет).

Сталиннің жеке басына табыну кезінде бұл лениндік дәстүрлер, партиялық басшылықтың лениндік стилі өрескел бұрмаланды, жеке адамға табынушылық халық шаруашылығына басшылық әдістерін жетілдіре беру жөніндегі бастамалардың, инициативалардың бәрін бөгеп, тұншықтырып отырды. Партияның Орталық Комитеті КПСС XX, XXI, XXII съездерінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, жеке адамға табынудың зардаптарын батыл жойды, басшылықтың лениндік дәстүрлері мен партия жұмысының нормаларын толық қалпына келтіріп, оны марксизм-ленинизм ғылымы негізінде творчестволықпен дамыта түсті.

Партияның Орталық Комитеті лениндік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, мұнан бес жыл бұрын өнеркәсіп пен құрылысқа басшылықты қайта құрған еді. Осының негізінде құрылған жаңа орган — халық шаруашылығы Советтерінің жұмысы елеулі нәтиже бергенін бүкіл совет халқы айқын сезіп отыр. Халық шаруашылығы советтерінің басшылығымен елімізде өнеркәсіп, құрылыс ерекше күшті қарқынмен өркендеді, ең бастысы, өндіріске жаңа техниканы, ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын енгізу, осының негізінде еңбек өнімділігін арттыру жөнінде зор табысқа жеттік.

Н. С. Хрущев жолдас Пленумда жасаған баяндамасында жеті жылдық жоспардың өнеркәсіп саласындағы тапсырмалары барлық негізгі көрсеткіштері бойынша асыра орындалып келе жатқанын ерекше қанағаттанғандықпен атап көрсетті. 1959—1962 жылдарда өнеркәсіп өнімі жоспарда белгіленген 39 процент орнына 45 процент, оның ішінде өндіріс құралдары 51 процент өсті. Жетіжылдықтың төрт жылы ішінде жаңадан 3 700-ден астам мемлекеттік ірі өнеркәсіп орны іске қосылды. Өнеркәсіпке бұл жаңа қосылған өндірістік қуат соғысқа дейінгі бес жылдықтардың барлығында қосылған өндірістік қуаттан асып түседі.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің өнеркәсіп пен құрылысқа басшылықты қайта құру жөніндегі шараларының совет халқының игілігі үшін қаншалықты зор нәтиже бергенін біздің республиканың мысалынан да айқын көруге болады. Соңғы жылдары Қазақстанның бейнесі мүлде өзгерді, партияның бастауымен ғасырлар бойы тұнып жатқан тың дала оянды, сонымен бірге бүкіл республика құрылыс аламына айналды. Жеті жылдықтың ішінде ғана Павлодар, Екібастұз, Теміртау, Соколов-Сарыбай, Рудный сияқты ірі өнеркәсіп орталықтары қатарға қосылды. Республиканың халқы соңғы төрт жылда екі миллион адамға көбейді, 15 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды, өнеркәсіп өнімін шығару 60 процент, еңбек өнімділігі 25 процент артты.

Партияның Орталық Комитеті ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартып, елімізде халық үшін азық-түлік молшылығын жасауға да үнемі қамқорлық жасап келеді. Биыл март Пленумында КПСС Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын басқару ісін қайта құру жөнінде аса маңызды шаралар белгілеп, оны жүзеге асырды. Осының нәтижесінде құрылған колхоз-совхоз өндірісі басқармалары аз уақыттың ішінде-ақ ауыл шаруашылығы өндірісіне басшылықтың жаңа, анағұрлым өмірге бейім түрі екенін көрсетті.

Өмір алға басқан сайын еліміздегі коммунистік құрылыстың практикасы жаңа міндеттерді, жаңа талаптарды алға қойып отыр. Міне, сондықтан да партияның Орталық Комитеті ұлы Лениннің өсиеттерін орындай отырып, партиялық басшылықтың өмір талабына сай болуына тынымсыз қамқорлық жасауда. КПСС Орталық Комитетінің ноябрь Пленумында бүкіл халық шаруашылығына партиялық басшылықты қайта құру туралы мәселе қойылып, шешілуі партияның жаңа Программасында алға қойылған коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі міндеттерді іске асыру талаптарына туып отыр.

Партияның Программасында былай деп көрсетілген болатын: «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау шаруашылыққа басшылық етуді және жоспарлауды үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Жоспарлау мен шаруашылыққа басшылық жасаудың барлық буынында материалдық, еңбек және финанс ресурстарын, табиғат байлықтарын неғұрлым тиімді және нәтижелі пайдалануға, орынсыз ысыраптар мен шығындарды жоюға баса назар аударылуы керек. Қаржы мен күшті барынша аз жұмсап, қоғам мүддесі үшін барынша көп нәтижелерге жету — шаруашылық құрылыстың мызғымас заңы, міне, осындай». Халық шаруашылығына партиялық басшылықтың өндіріс принципіне сай қайта құрылуы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын тезірек жасау үшін социалистік экономиканың барлық саласындағы мүмкіндіктерді неғұрлым тиімді пайдалануға көмектеседі.

Н. С. Хрущев жолдастың Пленумда жасаған баяндамасында және Пленумның қабылдаған шешімінде марксизм-ленинизмнің партиялық басшылық туралы қағидалары творчестволықпен дамытылып, партия

органдарын төменнен жоғарыға дейін өндіріс принципіне сай қайта құрудың, сөйтіп партия басшылығын өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына жақындата берудің өмір талабынан туып отырған міндет екені жанжақты дәлелденген.

Кәзіргі партия органдары территориялық принцип бойынша құрылған. Сондықтан олар өнеркәсіппен де, ауыл шаруашылығымен де бірдей шұғылдануға міндетті болды. Мұндай жағдайда партия органдары өз күшін шашыратып, партия басшылығында науқаншылдық туы, кадрлар дұрыс пайдаланылмады.

Партия органдарының ескі құрылымы, Н. С. Хрущев жолдас атағ көрсеткендей, халық шаруашылығының көлемі өскен сайын экономиканы өркендетудің күнделікті туып отыратын аса маңызды жаңа мәселелерін жедел шеше алмай, біздің алға басуымызға кедергі бола бастады. Міне, сондықтан да өндірістің барлық саласына партия органдарының неғұрлым нақты және жоспарлы басшылық жасауын қамтамасыз ететін түбірлі шаралар қолдану керек болды.

Партияның Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы партия органдарын өндірістік принцип бойынша қайта құру жөнінде КПСС Орталық Комитеті Президиумының ұсыныстарын бірауыздан мақұлдады. Пленум КПСС Орталық Комитетінің өнеркәсіп пен құрылыс жөніндегі Бюросын, КПСС Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі Бюросын, КПСС Орталық Комитетінің химия өнеркәсібі мен жеңіл өнеркәсіп жөніндегі Бюросын бекітті.

Жаңа құрылым бойынша басқа одақтас республикалардағы сияқты біздің республикада да біртұтас Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті болады. Оның өнеркәсіп өндірісі жөніндегі Бюросы және ауыл шаруашылығы өндірісі жөніндегі Бюросы құрылады. Бұл екеуіне басшылық жасап, олардың жұмысын үйлестіріп отыратын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Президиумы құрылады.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы облыстық, өлкелік партия органдарының жаңа құрылымын да саралап көрсетіп берді. Олар өндіріске тікелей жақындатылып қайта құрылады. Мұның өзі бұл партия комитеттерінің өнеркәсіпке де, ауыл шаруашылығына да нақты да жедел басшылық жасап отыруына, сонымен бірге партия комитеттері қызметкерлерінің өнеркәсіптің немесе ауыл шаруашылығының экономикасын тыңғылықты зерттеп отыруына жағдай жасайды. Біздің республикада өнеркәсіптің көлемі шағын бірсыпыра облыстарда тек ауыл шаруашылығы жөніндегі облыстық партия комитеті ғана, ал өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да бірдей неғұрлым өркендеген кейбір облыстарда дербес екі облыстық партия комитеті құрылмақшы.

Партияның төменгі ұйымдары да КПСС Орталық Комитеті ноябрь Пленумының шешімдеріне сай өндірістік принцип бойынша қайта құрылады. Орталық Комитеттің Пленумы ауыл шаруашылығына басшылық етудің жаңа органы колхоз-совхоз өндірісі басқармалары ауыл шаруашылығының барлық саласын да кәзіргі талапқа сай өркендетуді қамтамасыз ете алады деп тапты. Сондықтан ендігі жерде селолық аудандық партия комитеттерінің орнына колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының партия комитеттері құрылады. Олар колхоздардың, совхоздардың ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, медицина мекемелерінің, оқу орындарының және басқа ұйымдардың партия ұйымдарына басшылық етеді.

Ал, өнеркәсіп орындарындағы, құрылыстардағы, транспорттағы партия ұйымдарына басшылық жасау үшін арнаулы партия комитеттері құрылады. Қалаларда және қала төңірегіндегі аймақтарда орналасқан өнеркәсіп, транспорт, байланыс және құрылыс кәсіпорындары-

ның партия ұйымдарына кәзіргідей қалалық партия комитеті басшылық етеді.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармасының партия комитеттері, өнеркәсіптің, аймақтың (кусталық) партия комитеттері өздерінің бүкіл қызметінде КПСС Уставының қалалық және аудандық партия ұйымдары жөніндегі тиісті ережелерін басшылыққа алып, кәзіргі аудандық, қалалық партия комитеттерінің барлық правосымен пайдаланады.

Өнеркәсіпке, құрылысқа және ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты қайта құрудағы ең басты нысана—өндірісті ұлғайту, совет халқы үшін материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасау екенін Орталық комитеттің Пленумы ерекше атап көрсетті. Партия органдарының өндіріс принципі бойынша құрылуы халық шаруашылығын өркендетудің ең басты міндеттеріне бүкіл партияның, барлық партия ұйымдарының күшін жұмылдыруға, кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға, құрылысқа неғұрлым нақты да жоспарлы басшылық жасауға мүмкіндік береді, партия қызметкерлерінің өндіріс экономикасын неғұрлым терең зерттеп білуіне жағдай жасайды, өндірістің жай-жапсарына әбден қанық және шаруашылықтың тиісті саласында тәжірибесі бар қызметкерлерді басшы партия жұмысына неғұрлым дұрыс іріктеп алуға, партия органдарының партия мен үкімет директиваларының орындалуын бақылауды жақсы ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Партиялық басшылықты қайта құру партия жұмысының барлық жағын күшейтуге көмектесіп, ұйымдық және идеологиялық жұмысты коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және жаңа адамды тәрбиелеу міндеттерімен бұрынғыдан да тығыз ұштастырады.

Республика партия органдарының алдында тұрған ендігі жауапты міндет—жаңа партия органдарын өнеркәсіпті немесе ауыл шаруашылығын жақсы білетін, партияның ісі үшін жан аямай күресетін жігерлі де дарынды ұйымдастырушы кадрлармен толықтыру. Республикамызда мұндай маман да іскер кадрлар жеткілікті. Олардың әрқайсысын лениндік принцип негізінде орналастыру керек.

Орталық Комитеттің ноябрь Пленумында жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас бұл жөнінде былай деп көрсетті: «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттері партия, совет және шаруашылық органдарының басшылығына арнаулы білімі мен практикалық тәжірибесі бар қызметкерлердің қойылуын талап етеді. Әңгіме көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар кадрларды жас, қажырлы жолдастармен дұрыс ұштастыру жайында болып отыр». Партия ұйымдары жаңа органдарды құруда осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, ең таңдаулы кадрларды тікелей өндіріске жіберулері керек.

Пленум елімізде ауыл шаруашылығын, оның негізі—астық шаруашылығын өркендете беру міндеттеріне ерекше көңіл бөлді. Бұл заңды да. Өйткені, бүгінгі колхоз-совхоз өндірісі—коммунистік құрылыстың екпінді майданы. Пленум Н. С. Хрущев жолдастың ауыл шаруашылығы жылының қорытындысын шығару және астық өндіру мен сатып алуды арттыру туралы КПСС Орталық Комитетінің Президиумына жолдаған хатында айтылған ұсыныстар мен пікірлерді толық қостады. 1963 жылы елімізде 4 200—4 500 миллион пұт астық дайындау, ал мұнан кейінгі екі-үш жылда астық дайындаудың дәрежесін 5 миллиард пұтқа дейін жеткізу жалпы мемлекеттік, жалпы партиялық міндет есебінде алға қойылып отыр.

Осыған орай Қазақстан еңбекшілерінің, бүкіл партия, совет және шаруашылық ұйымдарының алдына да зор міндет қойылды. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары жыл сайын мемлекетке ең кемінде 950 миллион—1 миллиард пұт астық сатуға тиіс. Партия мен үкіметтің бұл тапсырмасын абыроймен орындауға біздің колхоздар

мен совхоздарда мүмкіндік мол. Кең байтақ құнарлы жер, саналуан мол техника, жеткілікті маман кадрлар бар.

Биыл республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері үкімет пен партияның алдында борышты болып отыр. Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі тарапынан бай көмек көрсетілуіне қарамастан, республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық сату жөніндегі жоспарды орындай алмады, мемлекетке 501 миллион пұт қана астық сатылды. Бұл қолда бар мүмкіндіктің дәрежесінен әлдеқайда төмен. Мұны тек биылғы ауа райының қолайсыз болғандығынан деп түсіндіруге болмайды. Өлкелердің, облыстардың партия, совет және шаруашылық ұйымдары, көптеген колхоздар мен совхоздар тыңдағы егіншіліктің ерекшеліктерін ескермеді, бір дақылдың, жыл сайын егіле беруіне жол берді, жерді күтпеді, озат ғылым мен тәжірибенің табыстарын жеткілікті пайдаланбады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін молайту жөніндегі партия тапсырмасын абыроймен орындау үшін егіншіліктің мәдениетін көтеру, отамалы дақылдар жүйесін ақырына дейін меңгеру, озат ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін кеңінен пайдалану керек. Ұйымдастыру жұмысын пәрменді жүргізіп, егін шаруашылығына озат тәжірибені қолдана білген жерде биылғы ауа райының қолайсыз болған жағдайының өзінде егіннен жап-жақсы өнім алынды. Партияның Орталық Комитетінің Пленумында Қостанай облысы Аманкелді өндіріс басқармасының (басқарма бастығы Қозыбаев, партия ұйымдастырушысы Горбачев жолдастар), Целиноград облысындағы «Красносельск» совхозының тәжірибесі атап көрсетілді.

Аманкелді өндірістік басқармасының совхоздары екі жыл ішінде 400 мың гектар тың жер игеріп, биыл мемлекетке 16 миллион пұт, яғни әр гектардан 7,4 центнерден астық тапсырды. Мұнан екі жыл бұрын Аманкелді ауданы мемлекетке 30 мың пұт ғана астық сатқан болатын.

«Красносельск» совхозының коллективі 34 мың гектар бидайдан орта есеппен 10 центнерден өнім алды. Бұл табысқа олар бидайдың аудандастырылған сортты тұқымын егу, егістік жерді алдын ала дұрыс баптап күту, отамалы дақылдар жүйесін енгізу арқылы жетті. Жүгеріден кейін егілген бидайдан гектарына 13 центнерден өнім алынды.

Бұл мысалдар егіннен мол өнім алудың кілті—жоғары агротехниканы дұрыс қолдана білу, ұйымдастыру, басшылық жұмысын саралап нақты жүргізу екенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығына басшылық етудің осы күнге дейін қолданылып келген жүйесінің басты бір кемшілігі—әрбір колхоз бен совхоздың жағдайын терең зерттеп, оларға сара басшылық жасалмады. Осының салдарынан көп жерде жер-су, табиғат жағдайы бірдей көрші екі шаруашылықтың экономикалық көрсеткіштері екі түрлі болып жүр. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумының шешімдері бойынша құрылып, жұмыс істей бастаған колхоз-совхоз өндірісі басқармалары ауыл шаруашылығына басшылықтағы бұл кемістікті жойып, барлық колхоз бен совхозда да озат ғылым мен тәжірибе жетістіктерінің іске асырылуына өтімді ықпал жасай бастады.

Республикамыздың ауыл шаруашылығына басшылық жасайтын жаңа партия органдарының—өлкелік, облыстық партия комитеттері, колхоз-совхоз өндірісі басқармалары мен олардың партия комитеттері Орталық Комитеттің Пленумы белгілеген шараларды жүзеге асыра отырып, әрбір шаруашылықта арзан да сапалы мол өнім өндірілетін болуын қамтамасыз етуге міндетті.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы техникалық саясатқа басшылықты орталықтандыру және экономикалық құрылысты басқару ісін жетілдіру мәселесіне де ерекше көңіл бөлді. Өйткені, техникалық

прогресті мейлінше шапшаңдатып, халық шаруашылығында ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін кеңінен пайдалану арқылы ғана елімізде коммунизм орнату Программасын ойдағыдай жүзеге асыруға болады. Осы уақытқа дейін ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкциялау институттары мен бюроларының түрлі халық шаруашылығы советтеріне, түрлі министрліктер мен ведомстволарға бағынуы халық шаруашылығы салаларында бірыңғай техникалық саясат жүргізуді қиындатып, жаңа техниканы, үлгі жобаларды кеңінен енгізуге бөгет жасап келді. Айталық, біртекті кәсіпорындардың, цехтардың, фабрика үйлерінің өзі түрліше жобамен салынды. Мұның өзі мемлекет қаржысының орынсыз артық жұмсалуына әкеп соқтырды.

Мұндай кемшіліктерді жою үшін Пленум құрылыстарды жобалауда тәртіп орнатудың, күрделі құрылысқа партия ұйымдарының басшылығын жақсартудың шараларын белгілеп берді. Ең алдымен, халық шаруашылығы советтері ірілендіріледі, барлық жобалау және ғылыми-зерттеу институттары мен бюролары, олардың сыннан өткізу базалары СССР Министрлер Советінің өнеркәсіп салалары жөніндегі Мемлекеттік комитеттерінің қарамағына беріледі.

Халық шаруашылығы советтерінің ірілендірілуі және халық шаруашылығының салалары жөніндегі Мемлекеттік комитеттердің ролінің күшейтілуі социалистік құрылыстың мүмкіндіктері мен артықшылықтарын бұрынғыдан да толық пайдалануға кең жол ашады. Осы тұрғыдан республикада бірнеше халық шаруашылығы советінің болуы кәзір тиімді емес. Енді республикада халық шаруашылығының советтері ірілендірілмекші. Мұның өзі өнеркәсіпке басшылықты күшейтуге, басқарудың ұйымдық құрылымын ықшамдауға, кәсіпорындарды арнаулы кәсіпке бейімдеуге және кооперативтендіруге көмектеседі. Сол сияқты күрделі құрылыстың қарқынын күшейту және құрылыс техникасын жетілдіре беру, еңбек өнімділігін арттыру мақсатымен республикадағы құрылыс және арнаулы монтаждау ұйымдары бірыңғай жүйеге—Қазақ ССР Құрылыс министрлігіне біріктірілді.

Орталық Комитеттің Пленумы партия ұйымдарының, мемлекеттік және шаруашылық органдарының, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғам ұйымдарының назарын шаруашылыққа басшылық етуде демократиялық принциптерді кеңінен қолдануға, жеке басшылықты кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын басқаруға еңбекшілерді кеңінен қатынастырумен тығыз ұштастырып отыруға аударды. Н. С. Хрущев жолдас пленумда жасаған баяндамасында кәсіпорындар мен құрылыстарда жұмысшылардың жалпы жиналыстарында сайланатын кең өкілдігі бар заводтық, фабрикалық комитеттер құрған жөн болар, деп көрсетті. Бұл комитеттер өндірістік жоспарларды талқылауға, еңбекті нормалауға, кадрларды орналастыруға қатысуы керек.

Халық шаруашылығы көлемінің кеңеюі, ғылым мен техниканың шапшаң дамуы партияның жаңа Программасына сай елімізде жоспарлау органдарын жетілдіре беруді талап етеді. Осыған орай Орталық Комитеттің Пленумы жоспарлау органдарының бұдан бұрын басталған қайта құру жұмысын аяқтау қажет деп тапты. Осы мақсатпен Пленум жылдық жоспарды жүзеге асырып отыруды жаңа орган— СССР Халық шаруашылығы советіне тапсыру, Мемлекеттік экономикалық Советті СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті етіп қайта құру, оған перспективалық жоспар жасау міндетін жүктеу туралы шешім қабылдады.

Пленум халық шаруашылығына партиялық басшылықты қайта құру мәселесін қарай отырып, партиялық-мемлекеттік бақылаудың лениндік принциптерін қалпына келтіріп, оны қатаң сақтау мәселесіне де айрықша көңіл бөлді. Өйткені, бізде партияның директивалары мен үкімет шешімдерінің нақты орындалуын тексеруді бақылау және

ұйымдастыру жақсы жолға қойылса, коммунистік құрылыстағы табыстарымыз мұнан да мол болар еді.

Істің орындалуын тексеруді дұрыс жолға қою—партиялық, мемлекеттік жұмыстағы лениндік принцип, партиялық және мемлекеттік басшылықты жетілдірудің, партияның халықпен байланысын күшейтіп, ел басқаруға еңбекшілерді кеңінен қатыстырудың тиімді жолы. В. И. Ленин Совет мемлекеті өмір сүруінің алғашқы күнінен бастап-ақ елімізде социализм құрудың күшті тетіктерінің бірі — *«Адамдарды тексеру және істің нақты орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тек осында, тек қана осында»* (Шығармалар, 33-том, 223-бет) деп көрсеткен болатын.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин кезінде партиялық-мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың принциптері мен формаларын жанжақты көрсетіп берді. Владимир Ильич партиялық және мемлекеттік бақылауды бір бірінен бөлуге болмайды, бақылау төтенше шара емес, ол еңбекшілерді кеңінен қатынастыра отырып, үнемі жүргізілуі керек, деді. Бірақ, партиялық-мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың бұл лениндік принциптері Сталиннің жеке басына табынушылық кезінде өрескел бұрмаланды, істің орындалуын бақылаудың Совет үкіметінің алғашқы жылдарында, В. И. Лениннің тұсында қалыптасқан тамаша жүйесі онан әрі дамытылмады, мұнын есесіне бұқарадан қол үзген бюрократтық бақылау аппараты құрылды.

Партияның соңғы жылдары жеке адамның басына табынудың зардаптарын жою жөнінде қолға алған шараларының нәтижесінде бақылау органдарының жұмысы біраз жақсара түсті, мемлекеттік жоспардың орындалуы жөнінде өтірік мәліметтер беру, қоғам мүлкін талап-таражға салу фактыларына қарсы күрес күшейді. Дегенмен мемлекеттік бақылау органдары партия мен үкіметтің аса маңызды директиваларының орындалуын тексеруді нашар ұйымдастырып келді. Осындай кемшіліктерді аша отырып, Орталық Комитеттің пленумы партиялық және мемлекеттік бақылаудың В. И. Ленин жасаған ұйымдық құрылымын қалпына келтіріп, істің орындалуын тексеру жүйесін дамыта беру жөнінде аса маңызды шешім қабылдады. Елімізде партиялық және мемлекеттік бақылаудың бірыңғай органы—КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Партиялық-мемлекеттік бақылау комитеті және жергілікті жерлерде оның тиісті органдары құрылады.

Жаңа құрылған партиялық-мемлекеттік бақылау органдарының міндеті—жергілікті партия комитеттерімен, партия және совет ұйымдарымен бірлесе отырып, партия мен үкімет директиваларының шын мәнісінде орындалуын тексеру, өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында өндірісті ұлғайту үшін, арзан да сапалы өнім шығару, еңбек өнімділігін арттыру үшін бар мүмкіндіктердің тиімді пайдаланылуына күнбе-күн бақылау жасау. Олар партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысын жетілдіруге көмектесе отырып, бюрократизмге, қағазбастылыққа қарсы аяусыз күрес жүргізуге тиіс.

Пленумның халық шаруашылығына партиялық басшылықты жақсарту беру, елде бірыңғай партиялық-мемлекеттік бақылау органдарын құру жөнінде белгілеген жаңа шараларының толық жүзеге асырылуы елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, Коммунистік партияның түпкі мақсаты—совет халқын материалдық және рухани игіліктердің молшылығына кенелту жолындағы күресті ұйымдастыруда аса маңызды роль атқарады.

Міндет — резервтерді тиімді пайдалануда

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау — партия мен совет халқының экономикалық басты міндеті. Бұл міндетті ойдағыдай орындауда социалистік экономиканың барлық саласында резервтер мен мүмкіндіктерді толық ашып, тиімді пайдаланудың маңызы орасан зор. Коммунистік партия шаруашылық құрылыстың өзекті мәселелеріне, ең алдымен өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартуға үнемі көңіл бөліп, аталық қамқорлық жасап келеді. Партияның Орталық Комитеті шаруашылыққа басшылық етудің лениндік принциптерін әрдайым қатаң сақтап, оны дәйектілікпен қолдануда.

Көсеміміз Владимир Ильич Ленин өзінің «Совет өкіметінің кезекті міндеттері», «Мемлекет және революция», сондай-ақ басқа көптеген еңбектерінде елдің экономикалық мәселелеріне ерекше маңыз беріп, оны жоғары бағалап отырды. **«Бізде,—деп көрсетті ол,—шаруашылық іс—біздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін ең қызғылықты саясат».**

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілген кәзіргі дәуірінде аса маңызды проблеманың бірі—шаруашылықты басқаруды бұрынғыдан да жетілдіре түсу. Бұл біздің қоғамның ілгері дамуына, экономиканың өркен жайып, шапшаң өсуіне байланысты болып отыр. Экономикаға басшылықты жақсартып, жетілдіре түсу жөнінде партия мен үкімет орасан зор жұмыс істеуде. Елімізде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын басқаруды қайта құру жөнінде партияның соңғы жылдары қолданған ірі-ірі шаралары жемісті нәтиже бергенін кәзір айқын көреміз.

«Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау,—делінген КПСС жаңа Программасында,—шаруашылыққа басшылық етуді және жоспарлауды үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Жоспарлау мен шаруашылыққа басшылық жасаудың барлық буынында материалдық қорды, еңбек және финанс ресурстарын, табиғи байлықты неғұрлым тиімді және нәтижелі пайдалануға, орынсыз ысыраптар мен шығындарды жоюға баса назар аударылуы керек. Қаржы мен күшті барынша аз жұмсап, қоғам мүддесі үшін барынша көп нәтижелерге жету—шаруашылық құрылыстың мызғымас заңы міне, осындай».

Бүкіл партияның, елдің алдына қойылған осындай іргелі міндеттерді орындау мақсатын көздеп КПСС Орталық Комитеті халық шаруашылығына басшылық жасау жұмысын жақсарту беру шараларын жақында болып өткен Пленумында тағы қарады.

Елімізде экономикалық басты міндетті орындау жолындағы бүкілхалықтық іске біздің республика елеулі үлес қосады. Осыған орай Қазақстанның партия, совет, кәсіподақ ұйымдары соңғы уақытта халық шаруашылығына, оның ішінде өнеркәсіпке басшылықты жақсарту, өндірістің жаңа резервтерін, мүмкіндіктерін іздестіріп табу, оларды кәдеге жарату жөнінде едәуір жұмыс істеді.

Бұл бағыттағы маңызды жұмыстың бірі—биыл өткізілген экономикалық конференциялар. Бұл конференциялар республикамыздың ірі фабрика, заводтарында, өнеркәсіпті қалаларында, облыстарының

бәрінде өткізілді. Партия ұйымдарының басшылығымен көп жерде үлкен белсенділікпен өткен бұл конференциялар қалың бұқараның ойын ортаға салып, пікір алысудың тоғысқан жеріне айналды. «Өндірістің барлық резерві коммунизм игілігіне жұмылдырылсын» деген ұранмен өткен бұл конференцияларға 360 мыңға тарта жұмысшы, маман, партия, совет қызметкері қатысты.

Сонымен қатар республикалық экономикалық конференция алдынан осы конференцияның салалық секциялары жұмыс істеді, оларда өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған талай ұсыныстар жасалды. Жер-жерде болған конференцияларда қабылданған ұсыныстардың дені кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыруға, еңбекті ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға, материалды, шикізатты, электр қуатын, қаржыны үнемдеуге, өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын шығынды азайтуға, әрбір машина-жабдықты ұтымды пайдалануға, өндірісті кеңінен механикаландырып, автоматтандыруға, құрылыстың салыну мерзімін неғұрлым қысқартып, сапасын арттыруға, өнеркәсіптің қай саласында болса да шығын атаулыны, әсіресе өнімсіз шығындарды мейлінше азайтуға бағытталды.

Жақында Алматы қаласында өткізілген республикалық экономикалық конференция жергілікті орындарда болған конференциялардың, сондай-ақ салалық секциялардың жұмысын қорытып, жинақтады, олардың экономикалық ұсыныстарын жанжақты талдап қарады.

Конференцияда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Г. А. Қозлов жолдастың «Өндірістің барлық резерві жеті жылдықтың игілігіне жұмылдырылсын» деген баяндамасы тыңдалды.

Баяндамашының атап көрсеткеніндей, партия ұйымдарының басшылығы нәтижесінде өнеркәсіптің жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер қауымы жеті жылдықты мерзімінен бұрын орындау жарысында тамаша табысқа ие болуда. Бұған, алдымен жеті жылдықтың алғашқы жартысында өнім шығаруды арттыруға қол жеткені дәлел. Соңғы төрт жылда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 60 процент ұлғайып, еңбек өнімділігі 25 процент артты. Оның үстіне күрделі қаржының көлемі едәуір өсті. Біздің республика кәзір алып құрылыстардың бейне бір алаңына айналды. Жеті жылдықтың басынан бері жарты мыңнан астам өнеркәсіп орны салынып пайдалануға берілді. Соңғы жылдары өнеркәсіптің құрылымында едәуір өзгерістер жасалып, өндірістің соны салалары пайда болды. Домна, кокс, жасанды каучук, минералды тыңайтқыш, асбоцемент, ірі панельді үй жасау сияқты мүлде жаңа өндірістер ұйымдастырылып, игерілді.

Соңғы уақытта өнеркәсіптің бірқыдыру саласында өндіріс технологиясын жетілдіру, жаңа техниканы енгізу жөнінде игілікті жұмыс істелді. Тұтас механикаландырылған талай үздіксіз желі, автомат желісі, автоматты және ішінара автоматты станок, машиналар іске қосылды. Бұл жаңа машина-жабдықтың пайдалануға берілуі материалдық-өндіріс саласында істейтін адамдардың еңбегін жеңілдетті, еңбек өнімділігін арттыруға, жалпы өндіріс мәдениетін көтере түсуге мүмкіндік берді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын тезірек жасап, экономикалық бұл басты міндетті абыроймен орындау мүддесі өнеркәсіпте істейтін әр адамның өндіріс жұмысына қанық болуын, оның өндірістің техника-экономикалық көрсеткіштерінің жайын талдай білуін талап етеді. Осы талапқа орай біраз жұмыс істелді. Экономикалық білімді насихаттау кең өріс ала бастады. Партия оқуы жүйесінде нақты экономиканы оқып-үйренушілердің саны көбейіп келеді. Экономикаға деген құмарлық, ынтызарлық бірқыдыру өсті. Өнертабушылар қоғамы, ғылыми-техникалық қоғам өндірістің тиімділігін арттыру қозғалысына қалың бұқараны барған сайын молырақ қатыстыруда.

Көптеген партия ұйымдары шаруашылыққа басшылық етудің, өндіріс міндеттерін саяси жұмыспен тығыз ұштастыра білудің бай тәжірибесіне ие болды. Партия ұйымдары өндірістің өзекті мәселелерімен әрдайым шұғылданып, жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер арасындағы саяси, тәлім-тәрбие жұмысына көбірек мән берген, мемлекеттік жоспарды орындау, әсіресе өндірістің техника-экономикалық көрсеткішін жақсарту жолында табанды күрес жүргізген жерде іс табысты болуда. Мұны көп жылғы тәжірибе көрсетті. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының партия ұйымы кәсіпорынның сапа көрсеткіштерінің жоғары болуына үнемі ат салысады. Мұнда, әсіресе еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге ерекше қамқорлық жасалады. Кәзір жұмыс қарқынын еселеп күшейткен комбинат кеншілері жыл басынан бері 300 эшелон руданы жоспардан тыс берді. Мұнда тапсырмадан тыс алынған миллион сомнан астам табыс және бар.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Ақтөбе ферросплав зауыдының, Алматыдағы Гагарин атындағы тігін фабрикасының партия ұйымдары да өндірістің техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға баса назар аударады.

Бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да социалистік жарыстың жаңа да жоғары сатысы — коммунистік еңбек жарысы кең қанат жайды. Республикада 2 800-дей коллектив—цех, смена, учаске, бригада және бүтіндей төрт кәсіпорын осындай құрметті атақты кәзір-ақ жеңіп алды. Мұнымен қоса ондаған мың жұмысшы коммунистік еңбектің екпіндісі. Коммунистік еңбек жарысына қосылушылардың саны биылғы алты айда ғана екі есе көбейді.

Республикалық экономикалық конференцияда өнеркәсіпті өркендетуде қол жеткен табыстармен бірге, онда орын алып отырған елеулі кемшіліктер, кәсіпорындардың техника-экономикалық көрсеткіштері жөніндегі олқылықтар, пайдаланылмай жатқан үлкен резервтер мен мүмкіндіктер туралы да баса сөз болды, өндірістің түбегейлі мәселелері жөнінде соны пікірлер айтылып, бағалы ұсыныстар жасалды.

Баяндамада және жарыс сөзге қатысушылардың сөзінде айтылғанындай, бізде фабрика, завод директорлары арасында өнім шығару жоспарының сан жағынан орындалуын ғана місе тұтып, ал өнімнің түсер құнымен, еңбек өнімділігінің жайымен шаруасы болмайтындар, бұл жайындағы іс ақсап жатса да белі ауырмайтындар әлі де кездеседі. Әрине, мұндай жағдайдың шаруашылықты тиімді жүргізумен ұшқайнаса сорпасы қосылмайтыны ақиқат. Көптеген кәсіпорын басшылары еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту сияқты сапа көрсеткіштеріне талдау жасауға деген ынтадан айрылған. Олар көп ретте мұндай «машақаттан» бойын аулаққа салады.

Осы уақытқа дейін кәсіпорындардың жұмысына баға орташа көрсеткіш бойынша беріліп келді, бұл дұрыс емес. Мұндай теріс практика шаруашылық қызметкерлері арасында жауапсыздық туғызып жүр. Шаруашылықты жүргізудегі осындай жауапсыздық, орашолалық, берекесіздік үлкен зиян келтіреді. Мұның аяғы техника-экономикалық көрсеткіштердің төмендеуіне әкеліп соқтырады. Республика бойынша артта қалған кәсіпорындардың жеті жылдықтың өткен жартысында 318 миллион сомның өнімін кем беруі де осыдан.

Социалистік экономиканы үрдіс өркендетудің түбірлі мәселесі, халық шаруашылығының барлық саласын өрге бастыру үшін қажетті қор жинаудың қайнар көзінің бірі—еңбек өнімділігін еселеп өсіре беру. Еңбек өнімділігін арттыру, деп үйретті Ленин, түбегейлі міндеттердің бірі болып табылады. Өйткені, мұнсыз коммунизмге түпкілікті көшу мүмкін емес. Партияның тарихи XXII съезінде жасаған баянда-

масында Н. С. Хрущев жолдас еңбек өнімділігін арттырудың орасан зор маңызы бар екенін тағы да атап көрсетті. Солай бола тұрса да, бірсыпыра өнеркәсіп саласында және құрылыста қоғамдық еңбектің нәтижесін молайту мүмкіндіктері толық іске асырылмай жүр: өндіріс жұмыстарын механикаландыру дәрежесі төмен, құрал-жабдықты пайдалану көңілдегідей емес, жұмыс уақытында бос тұрушылық, жұмыста тұрақтамаушылық әлі жойылып бітпеген. Бұған қоса жана өндірістік қуаттар кезінде іске қосылып отырмайды. Былтыр халық шаруашылығы советтеріне қарасты кәсіпорындарда өндіріс жұмысының жартысы ғана машинамен атқарылды. Көмекші, жөндеу жұмыстарын, әсіресе жүк тиеу, түсіру жұмыстарын механикаландырудың өрісі тар, қарқыны баяу. Осындай елеулі кемшіліктердің кесірінен республика бойынша өнеркәсіпте еңбек өнімділігін арттыру қарқыны жеті жылдықта белгіленген тапсырмадағыдан кейін қалып қойды. Бұл—үлкен дабыл қағарлық жай.

Келіспейтін тағы бір жағдай бар: еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындамайтын кәсіпорын мен құрылыстың саны азаюдың орнына, көбейіп келеді. Мұндайлар 1959 жылы 130, 1960 жылы 195 болса, былтыр 215 болды, ал биылғы жылдың 9 айында 180-нен асып кетті. Қарағанды халық шаруашылығы советі кәсіпорындарының үштен бірінен астамы еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындамайды.

Өнеркәсіптің қай саласында болса да еңбек өнімділігін ерен арттырып, жұмыс нормасын ұдайы асыра орындайтын, сөйтіп көпшілікке үлгі көрсететін сан жүйріктер бар. Олардың өнегесі—құдіретті күш. Амал не, озаттар туралы, олардың ізгі істері туралы әңгіме көп болса да олардың тәжірибесі кең таратылмайды. Бір мысал, «Донбасс-6» комбайнымен бір айда 48 мың тонна «қара алтын» шығарып, дүниежүзілік рекорд жасаған білікті кеншілер Сусяков, Омаров, Волков жолдастардың әдістері басқалардың игілігіне айналмай келеді. Егер Қарағанды бассейніндегі барлық кен комбайншылары осы өнімділіктің тым болмағанда тең жартысына жетсе, үш мыңға жуық жұмысшыны басқа учаскеге босатып, жылына жеті миллион сомнан астам қаржы үнемдеуге болар еді. Орасан зор резерв деген осы емес пе?! Екінші бір мысал. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында металл қорытуға оттегін пайдалану пештердің өнімділігін 18—20 процент арттырып, кокстің шығынын 12—15 процент кемітетінін, ал алынатын қорғасынның мөлшерін 2 процент молайтатынын тәжірибе көрсетті. Амал не, бұл әдіс әлі күнге дейін кен қолдау таппай отыр.

Еңбек өнімділігін мықтап арттырудың мынадай резервін де айтқан жөн. Республиканың металлургия кәсіпорындарында сан миллион тонна шлак тау-тау болып үйіліп жатыр. Оның ішінде мырыш, қорғасын, мыс, кадмий және басқа сирек металдар көп. Егер осыны айырып алуды жаппай ұйымдастырса, жылына 30 миллион сомның түсті металдарын қосымша өндіруге болар еді. Бұл қорғасын, мыс заводтарының еңбек өнімділігін 6,5 процент арттыра түседі. Осыны осал резерв деп кім айта алады?!

Қазақстанда ағаш өңдеу кезінде жыл сайын жеті жүз мың текше метр жаңқа, үгінді пайда болады. Егер осы қалдықты ұксата білсе, одан 450 мың текше метр ағаш плитасын жасауға болады. Ал ол бір миллион текше метр тақтайға барабар келеді. Бұл қаншама құрылыс материалы десенізші!

Өнімнің түсер құнын кемітудің де мәні ерекше. Партияның XXII съезінің бұл мәселеге айрықша назар аударуы тегін емес еді. Съезд қарарында өнімнің түсер құнын кеміту, оның сапасын жақсарту, өндірістің тиімділігін арттыру әрбір кәсіпорын жұмысының заңына айналуға тиіс деп атап көрсетілді. Кәсіпорындардың көбі-ақ жұмысты осы

талапқа сай істейді. Дегенмен, соңғы жылдардың қорытындысынан байқалғандай, өнеркәсіптің бірқыдыру саласында өнімнің түсер құнын кеміту тапсырмасы орындалмай жүр. Мұндай кәсіпорынның саны кәзір 250-ден асады. Экономикалық конференцияда сөз болғанындай, өнімнің түсер құнын кемітуге оралғы болып отырған бірнеше себеп бар. Оның түпкі төркіні өндіріс резервін нашар пайдалануда, еңбек ұйымдастырудағы шалағайлықта, өндірістік-финанс ісінің жолға қойылмауында.

Өнеркәсіпте өнімсіз шығындар, әсіресе жеңіл, тамақ өнеркәсібінде, құрылыс материалдары өнеркәсібінде басымырақ. Мысалы, жеті жылдықтың үш жарым жылы ішінде республиканың жеңіл өнеркәсіп орындарында өнімсіз шығындар 6 миллион сомға жуықтады. Тың өлкелік халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында мұндай шығынның көбі өнім өндіруде бракқа жол беруден, темір жол вагондарын бос ұстау үшін төленген штрафтан, тағы басқалардан құралған. Бізде жоспарлы зиян шегіп отырған кәсіпорындар да аз емес.

Конференцияда баяндамашы және жарыс сөзге қатысушылардың біразы өнеркәсіп өнімінің, құрылыстың, электр қуатын өндірудің, транспорт жұмысының түсер құнын кеміту жөніндегі жеті жылдықтың үлкен тапсырмаларын еске салып, олар бұл тапсырманы орындау үшін зор ұйымдастыру-техникалық шараларды іске асыру қажеттігін айтты. Мысалы, материалдық ресурстар мен өндіріс қуатын неғұрлым ұтымды пайдалану, еңбекке жарамды адамдарды қоғамдық өндіріске тегіс қатыстыру, негізгі өндірістік қорды пайдалана алмай едәуір зиян шегетін кәсіпорындарды, құрылыс ұйымдарын біріктіріп, ірілендіру, құрылыс жобасын жасау сапасын жақсарту, ұсақ та өнімсіз өндірістік базаларды салуды тоқтату жөнінде мәселе қоюшылар да болды.

Республикамыздың халық шаруашылығын өрге бастыра беруде өнеркәсіпті әр өңірдің табиғи-экономикалық жағдайына қарай неғұрлым тиімді орналастырудың, оны шикізат шығатын және даяр өнім тұтынатын аудандарға жақындатудың, өндірісті мамандандырудың, кооперативтендірудің маңызы орасан зор. Өнеркәсіптің жеке салаларын орналастыру жайының осы талапқа сай болмай келе жатқанын қынжыла айтуға тура келеді. Мұның өзі өндіргіш күштерді жедел арттыруға кесірін тигізуде. Мысалы, бидай республикадан мыңдаған километр қашықта ұн болып республикаға қайта оралып жүр. Бұған қыруар транспорт пайдаланылады, әрі-бері тасуға көптеген қаржы жұмсалады. Сол сияқты тері-терсекті республиканың өзінде ұқсату есебінен қосымша 12 миллиондай пар былғары аяқ киім, 2,8 миллион сомның тонын, миллиондаған сомның мех бұйымдарын жасауға болар еді. Міне, мұндай резервтерді де орынды пайдалану керек.

Конференцияда өнеркәсіптің, әсіресе ауыр өнеркәсіптің түрлі саласын өркендетуге, оның техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағыттап жасалған ұсыныстар аз болмады. Мысалы, машина жасау өнеркәсібінде кен игеруге қажетті құрал-жабдықты көбірек жасау жөнінде, республикада бақылау-өлшеу аппараттарын шығаратын завод салу, өндірісті автоматтандыру жөнінде ғылыми-зерттеу институтын ашу, ғылым жетістігін өндіріске енгізумен жанжақты шұғылдануға толық праволы, қолында материалдық құралы жеткілікті беделді орталық құру жөнінде ұсыныстар жасалды. Сондай-ақ шахталардың басқару аппаратын, еңбекке ақы төлеу, материалдарды жұмсау тәртібін қайта қарау жөнінде ұсыныс енгізілді. Энергетиканы неғұрлым жедел өркендету, электр қуатын арзанға түсіру, Екібастұз көмірінің және Қарағанды бассейніндегі көмірді байыту қалдығының негізінде ірі электр станцияларын салу шараларын белгілеу жөнінде мәселе қойылды. Біраз ұсыныстар күрделі құрылыс мәселелеріне арналды.

Конференцияда салалық секциялардың ұсыныстары жайында республика Министрлер Советі председателінің орынбасары К. М. Симанов жолдас хабарлау жасады. Конференцияның, салалық секциялардың бүкіл жұмысынан, олардың жасаған ұсынысынан айқын көрініс отырғанындай, экономикалық конференцияның алдын-ала үлкен даярлықпен өткізілуі Қазақстанда жеті жылдықтың соны белестеріне ойдағыдай шығуға жәрдемін тигізетінінде күмән жоқ. Конференцияда бекітілген ұсыныстарды іске асыру толып жатқан резерв, мүмкіндіктерді кәдеге жаратуға жәрдемдеседі. Сөйтіп, ол халық шаруашылығына орасан зор пайда береді. Мұны мына бір-екі мысалдан-ақ көруге болады. Руда шығару өнеркәсібі саласында жасалған ұсыныстарды орындау қара металл рудниктерінде еңбек өнімділігін таяудағы үш жылда 13 проценттей арттырып, өндіріс шығындарын 14 миллион сом кемітуге мүмкіндік береді. Ал, көмір өнеркәсібінде экономикалық ұсыныстардың іске жұмылдырылуы 1963—1965 жылдарда бір жарым миллионнан аса тонна көмірді жеті жылдықтың тапсырмасынан тыс шығаруды қамтамасыз етеді. Машина жасау, тамақ, жеңіл өнеркәсіптерінде, құрылыста, транспортта және басқа салаларда экономикалық ұсыныстарды іске асырудан түсетін пайда қисапсыз көп болмақ.

Конференцияға қатысушылар республиканың өнеркәсіп қызметкерлеріне арнап үндеу қабылдады. Олар үндеуде Қазақстан жұртшылығын өнеркәсіпте техникалық прогресс жолындағы күресті бұрынғыдан да кең өрістетуге, өнертабушылардың қатарын көбейтуге, артта қалған кәсіпорындарды олқылықтан шығаруға, коммунистік еңбек жолындағы жарыс туын жоғары көтеруге, өндірістің техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға ат салысуға шақырды.

Қазақстан экономикасының басты да шешуші саласы өнеркәсіпті өркендетуде іргелі міндеттер алға қойылып отыр. Оның таяудағы шығар белесі асқар таудай биік. Алдағы жиырма жыл ішінде республикамызда өнеркәсіптің жалпы өнімін 13 есе ұлғайту көзделеді. Ал жеті жылдықта ол 2,4 есе ұлғайтылуға тиіс. Сонымен бірге жеті жылдықтың қалған уақыты ішінде еңбек өнімділігін арттырудың анағұрлым жоғары қарқыны белгіленгенін де естен шығаруға болмайды. Мұның бәрі Қазақстанның партия, совет, шаруашылық ұйымдарына зор жауапкершілік жүктейді. Олар республикалық экономикалық конференцияда қабылданған ұсыныстарды ойдағыдай іске асыруды, ашылған резервтер мен мүмкіндіктерді жеті жылдықты мерзімінен бұрын орындау қызметіне жегуді тікелей басқаруға міндетті. Өндірістің сапа көрсеткіштерін жақсартуға жұртшылықты жаппай жұмылдырып, шаруашылық аппараттың барлық буынында экономикалық жұмыс дәрежесін күрт көтеру, бұл салада қоғамдық негіздегі жұмыстарды өрістетуге, экономистердің, есеп-қисап қызметкерлерінің ролін арттыру шараларын жедел де батыл іске асыру керек. Сондай-ақ материалдық өндіріс саласында істейтін адамдардың арасындағы саяси тәрбиетәрбие жұмысын кәзіргіден анағұрлым жақсартуға түсу қажет.

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды тездету мүддесі, халықтың әл-ауқатын жақсарту беру мүддесі осыны талап етеді.

Қоғамдық ғылымдар коммунистік құрылыстың жаңа міндеттері дәрежесінде болсын

С. БӘЙІШЕВ,

экономика ғылымының докторы

«Қоғам дамуына басшылық етудің ғылыми негізі болып табылатын қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеу жұмыстары жедел дамытылуға тиіс. Бұл саладағы басты мәселе коммунистік құрылыс практикасын зерттеп, теориялық жағынан қорыту, социализмнің экономикалық, саяси және мәдени дамуының, оның коммунизмге ұласуының негізгі заңдылықтарын зерттеу, коммунистік тәрбие беру проблемаларын шешу болып табылады».

КПСС ПРОГРАММАСЫНАН

Совет ғылымы кәзіргі кезде өз дамуының, шын мәнісінде құлпырып және жанжақты өркендеуінің жаңа, жоғарғы сатысына шықты. Алдыңғы қатарлы совет ғылымы адам қызметінің әралуан саласына, қоғамдық прогрестің барлық жағына өзінің жемісті әсерін мол тигізуде. Табиғат пен қоғам дамуын терең зерттей келе, совет ғылымы үсті-үстіне талай тың жаңалықтар ашуда, ал бұл ғылыми жаңалықтар қоғамның ілгері өрлей беруіне, жаратылыс байлықтары мен күштерін қоғам мүдделеріне, адамдарды көркейту мүдделеріне барынша тиімді жұмсалуда.

Егер осылардың бәрін түйіп айтсақ, совет ғылымының барлық тарауында да түбірлі, нағыз революциялық өзгерістер болуда, терең теориялық зерттеулер жүргізілуде. Мәселен, энергияның мүлдем жаңа түрлері ашылуда, жылылық, ядролық, химиялық энергияны электрлік энергияға тікелей аударудың әдістері табылуда; атомдық энергия қоғам байлығын көбейту үшін өндірістік мақсатта пайдаланылуда; халық шаруашылығының барлық тарауы үшін де жаңа, аса жоғары сапалы материалдар жасалуда; адам еңбегін жеңілдету үшін, қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру үшін өндірістік процестер жаппай түгел механикаландырылып, автоматтандырылуда; термоядролық қуатты басқару проблемасы шешілуде; биологиялық ғылымдардың көптеген маңызды мәселелері зерттелуде; космостық кеңістікті игеру ісі қолға алынуда. Ғылымда зерттеліп, шешіліп жатқан теориялық та, практикалық та проблемалардың тізімін бұдан әрі де соза беруге болады.

Сондықтан да совет ғылымының жетістіктерін партиямыз да, халқымыз да зор мақтанышпен айтуда. Н. С. Хрущев жолдас соңғы жылдары сөйлеген сөздерінде Коммунистік партия атынан, бүкіл совет халқы атынан совет ғалымдарына талай рет алғыс айтып, коммунизм орнату жолында жана творчестволық табыстарға жетуге ізгі тілек білдірді. Коммунистік партия мен совет халқының жоғарғы бағасы, аса зор тілектері жалпы ғылым жүйесінде аса маңызды орын алатын қоғамдық ғылымдарға да түгелдей қатысты.

Бұл өзінен өзі түсінікті. Қоғамдық ғылымдардың ең зор тарихи міндеті — ең алдымен қоғамдық дамудың заңдарын ашу және дәлел-

деу, жалпы адамзат прогресіне, коммунизм салтанатына, адамдарды марксизм-ленинизм көзқарастары бойынша тәрбиелеу ісіне шексіз қызмет ету. Қоғамдық ғылымдардың қоғам дамуындағы ролі мен маңызын тұңғыш рет К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин анықтады. Олар қоғамдық ғылымдардың тиянақты негізі, тірегі бар екенін, қоғамдық ғылымның да басқа ғылымдар сияқты көп кездесіп отыратын құбылыстарды зерттейтінін дәлелдеді.

Осылардың бәрінен мынадай тұжырым жасауға болады: біздің ұлы ұстаздарымыз К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің және көптеген көрнекті марксистік ұрпақтарының аса зор теориялық және практикалық қызметінің нәтижесінде, Совет Одағы Коммунистік партиясының және оның лениндік Орталық Комитетінің маркстік-лениндік теорияны творчестволық жолмен үздіксіз дамыта беруі нәтижесінде ең алдыңғы қатарлы маркстік-лениндік қоғамдық ғылым қалыптасты. Бұл ғылым, совет ғылымының барлық басқа тараулары сияқты, түгелдей халыққа, коммунистік құрылыс ісіне қызмет етеді. Біздің елде қоғамдық ғылымдар табиғат пен қоғам дамуының заңдарын, коммунистік әлеуметтік-экономикалық формацияның қалыптасуы мен дамуының, бұл формацияның қоғамдық, экономикалық және мәдениеттік проблемаларының заңдылықтарын зерттеп ашу жағынан дүние жүзілік ғылым қазынасына аса зор үлес қосты. Қоғамдық ғылымдардың барлық саласында да мамандығы жоғары ғылыми кадр—философтар, экономистер, тарихшылар, юристер, филологтар өсіп, тәрбиеленді. Енді бізде қоғамдық ғылымдар туралы еңбектер бар, қоғамдық ғылымдардың саналуан істері мен міндеттері туралы айтатын адамдар да бар.

Партияның жаңа Программасы қоғамдық ғылымдардың қоғамдық даму проблемаларын зерттеу мен шешудегі ролі мен маңызын аса жоғары бағалады. Қоғамдық ғылымдар қоғам дамуына басшылық етудің ғылыми негізі болып табылады, сондықтан бұл салада да ғылыми зерттеу жұмыстары шұғыл жүргізіле беруге тиіс деп, КПСС Программасы айрықша атап көрсетті.

КПСС жаңа Программасының қоғамдық ғылымдарға деген мұндай жоғары бағасы мен оған қойған жаңа талаптары кәзір өз нәтижелерін беруде. Партияның XXII съезінің тарихи шешімдері, партияның жаңа Программасы ғылыми коммунизм теориясын бұрын болып көрмеген дәрежеге көтерді. Марксизм-ленинизм идеялары қоғамдық дамудың аса зор қозғаушысы болуда. Осыған байланысты қоғамдық ғылымдар қайраткерлерінің ролі өлшеусіз өсе бермек. «Олардың ең жоғарғы борышы және басты міндеті — деді КПСС Орталық Комитетінің секретары Л. Ф. Ильичев жолдас жақында ғана жасаған бір баяндамасында, — жаңа қоғам орнату ісіне белсене қатынасу, маркстік-лениндік ғылымды — совет құрылысының өмірлік негізін творчестволық жолмен дамытуда және насихаттауда партияға көмектесу. Ғылым қайраткерлерінің кәзіргі ұрпағына үлкен абыройлы іс тиіп отыр — марксизм-ленинизм туы астында еңбек ету, Маркстің — Энгельстің — Лениннің мәңгі өшпес ілімін творчестволық жолмен дамыту және іс жүзіне асыру үлесі тиіп отыр».

* *

*

Қазақстанда да қоғамдық ғылымдар, ғылымның басқа салалары тәрізді, соңғы жылдары едәуір өсті, олар ғылыми және практикалық маңызы бар көптеген мәселені шешуде. Республикада кәзір қоғамдық ғылымдар мәселелерімен айналысатын 11 арнаулы ғылыми мекеме және 200-ден аса кафедра бар. Бұл мекемелер мен кафедраларда 2000-нан

аса ғылыми және ғылыми-педагогтік қызметкер жұмыс істейді. Бұлардың арасында 30 ғылым докторы, 320 ғылым кандидаты бар. Бұлар — тарихшылар, экономистер, философтар, юристер, филологтар және басқалар. Мұның өзі еліміздегі қоғамдық ғылымдар қызметкерлерінің елеулі бір отряды болып табылады.

Бұл ғалымдардың күшімен тарихтың, экономиканың, философияның, юриспруденцияның, филологияның, педагогиканың бірсыпыра маңызды мәселелері зерттелуде. Соңғы 4—5 жылдың жүзінде бұл ғылымдардың өкілдері толып жатқан бағалы еңбектер, монографиялар, документтік материалдар мен ғылыми мақалалардың жинақтарын, ғылыми-көпшілік кітаптарын даярлап, жарыққа шығарды.

Қазақстан тарихшылары «Қазақ ССР тарихы» (екі том), Ш. Уәлиханов шығармаларының екі томы, «Қазақстанның археологиялық картасы» сияқты аса бағалы еңбектерді даярлап, баспадан шығарды. Бұлармен қатар Қазақстан тарихының маңызды проблемалары мен дәуірлері бойынша жеке монографиялар да жарияланды.

Біздің республикада кәзіргі кезде жалпы тарих ғылымымен қатар партия тарихы ғылымы дамып келеді. Партия тарихының мәселелерін зерттеуші тарихшылар Қазақстан партия ұйымының тарихын жазу, маркстік-лениндік теорияны еңбекшілер бұқарасы арасында насихаттау жағынан елеулі жұмыстар жүргізуде. Олардың күшімен соңғы бірекі жылдың жүзінде бірсыпыра документті жинақтар басылып шықты. Бұлардың арасында «В. И. Ленин Орта Азия мен Қазақстан туралы», «Қазақстан еңбекшілері В. И. Ленинге», «Қазақстан Коммунистік партиясы туралы документтер мен цифрлар», «Қазақстан Коммунистік партиясы тың және тыңайған жерді игеру күресінде» деген жинақтар бар. Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, партиялық документтерді, қоғамдық ғылымдар жөніндегі оқулықтарды аударып, қазақ тілінде басып шығару ісі бұрынғысынша жүргізілуде. Бұл жұмыстардың да үлкен ғылыми және саяси мәні бар.

Экономика мен философия ғылымдары да бірден-бірге жанданып келеді. Ғылымның бұл саласында да бірнеше елеулі еңбектер шықты. Бұлардың бастылары Қазақстан экономикасының күрделі мәселелерін, социалистік және коммунистік құрылыстың заңдылықтарын, маркстік-лениндік философияның кейбір маңызды теориялық проблемаларын талдап, ойдағыдай дәрежеде шешті. Экономика мен философия ғылымының өкілдері кәзіргі кезде ғылыми да, практикалық та маңызы бар тақырыптарды жанжақты зерттеп жүр. Олар жөнінде жуық арада тағы да бірталай еңбек жарияланбақ.

Қоғамдық ғылымдардың басқа тарауларында да — заң ғылымы мен педагогикада, тіл білімі мен әдебиет ғылымында — айтуға тұратын жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, «Советтік Қазақстанның мемлекет пен право тарихы» (екі том), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (екі том), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (алғашқы екі томы) сияқты ірі еңбектер басылып шықты.

Бұл аталып өткен және басқа ғылыми еңбектер, кейбір жеке кемшіліктері мен осал жерлеріне қарамастан, жалпы алғанда ғылыми қоғамдық пікір тарапынан жоғары баға алды, ғылым үшін де, практика үшін де, бұл мәселелермен шұғылданатын адамдардың бәрі үшін де белгілі дәрежеде пайда келтірді.

Егер И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықтың ауыр зардаптары әсерін тигізбеген болса, қоғамдық ғылымдар дамуындағы жетістігіміз бұдан да молырақ болған болар еді. Жеке адамға табынушылық дәуірі кезінде қоғамдық ғылымдардың көптеген көрнекті, талантты өкілдерінен айрылды; белгілі бір тарихи оқиғаларды объективтік түрде талдап, батыл пікір айтуға, қорытындылар жасауға мүмкіндік болмады. Қоғамдық ғылымдар саласында жазылған еңбектер-

дің көпшілігі Сталиннің жеке басын мадақтаумен болды немесе оның шығармаларынан алынған цитаталарға толы еді. Сонымен, жеке адамға табынушылық дәуірінде өктем болған жағдайлар шын мәнісінде еркін және творчестволық жолмен еңбек етуге, практика мен тәжірибеден туатын қағидаларға сүйене отырып, батыл ғылыми қорытындылар жасауға ешбір мүмкіндік қалдырмады.

Біздің бағымызға, КПСС лениндік Орталық Комитетінің өзі бірінші болып жеке адамға табынушылық дәуірінде орнаған жарамсыз және төзуге болмайтын тәртіпке қарсы шықты, жеке адамға табынушылықтың кесепатты зардаптарының бәрін батыл жою жөніндегі күрестің ұйымдастырушысы болды. Мұның нәтижесінде соңғы 5—6 жылдың жүзінде бұл жағынан көп жұмыс істелді. Кәзір маркстік-лениндік ғылым негізінде, оның бірден-бір дұрыс, ғылыми методологиясы негізінде шын мәнісінде еркін, творчестволық жолмен жұмыс істеу үшін әрбір ғалымға, әрбір ғылыми коллективке барлық қажетті жағдай жасалды. Осылардың бәрі үшін совет ғалымдары, барлық совет адамы сияқты, Совет Одағы Коммунистік партиясына және оның Н. С. Хрущев жолдас бастаған лениндік Орталық Комитетіне шексіз риза және алғыс айтуда.

Кәзіргі кездегі біздің көптеген міндетіміздің бірі мынада — жеке адамға табынушылық атаулының барлық қалдығын, зиянды зардаптарын түпкілікті жою, жеке адамға табынушылықтың ізін ешбір жерде қалдырмау.

* *

*

Жоғарыда атап өткеніміздей, маркстік-лениндік қоғамдық ғылым өз дамуында жаңа сатыға көтерілді. Біздің ұстазымыз В. И. Лениннің өзі үйреткендей, коммунистік қоғам орнатудың талай күрделі теориялық проблемалары батыл шешілуде, сөйтіп маркстік-лениндік теория В. И. Лениннен кейінгі дәуірде болып көрмеген дәрежеде мықтап дамуда. Осыған байланысты бұл алдыңғы қатарлы теорияның алдына жаңа міндеттер де қойылып отыр. Қоғамдық ғылымдардың кәзіргі кездегі ең негізгі және басты міндеті — коммунистік қоғам туралы — адамзат қоғамының ең жоғарғы формасы туралы маркстік-лениндік теорияны одан әрі дамыта беру, шаруашылық пен мәдени құрылысқа жоспарлы басшылықтың негіздерін бұдан былайда жетілдіре беру, совет қоғамы дамуының шын мәнісінде тарихи және мол тәжірибесін зерттеп қорыту, сөйтіп бұл тәжірибені дүние жүзіндегі барлық халықтың игілігіне айналдыру, коммунистік қоғам мүшелеріне тәрбие берудің жолдары мен әдістерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу.

Қоғамдық ғылымдар алдында тұрған осындай аса ірі және маңызды міндеттерге сәйкес, Қазақстан ғалымдары өздері зерттеуге және шешуге тиісті мәселелерді айқын белгілеп алулары әбден қажет. Осыған байланысты өзіміздің кейбір ойымызды ортаға салғымыз келеді.

Біздің республикада қоғамдық ғылымдар алдында тұрған зор ғылыми және халық шаруашылық маңызы бар міндеттерді ойдағыдай орындауда үлкен орын алатын ғылымдардың бірі—экономикалық ғылым. Мұның себебі өзінен өзі түсінікті. Қазақстанның еліміздегі ең ірі және ең қуатты экономикалық аудандардың бірі екені жұртқа мәлім. Мұнда халық шаруашылығының барлық тарауы — өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, байланыс, сауда, банк-кредит системасы және басқалары бар. Демек, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда Қазақстанның ролі мен орны аса зор. Алдағы жиырма жылда (1961—1980 жылдары) Қазақстан экономикасының даму қарқыны бүкіл ел экономикасының даму қарқынынан екі есе ар-

тық болмақ. Ал экономиканың жеке тараулары бұдан да жоғары қарқынмен өспек. Бұлардың негізінде Қазақстанның көз тұнар көп табиғи байлығы жатыр. Бұл табиғи байлық өндіргіш күштердің жедел дамуы мақсатында өзінің кең көлемде игерілуін күтуде.

Алайда, жасыратын сыр жоқ, Қазақстанның осынша мол байлығын пайдалануда толып жатқан кемшілік бар. Бұл арада мынадай екі себепті атамай кетуге болмайды: бір жағынан, жоспарлаушы және шаруашылық орындары өндірісті орналастыру және ұйымдастыру істеріне көбінесе ешбір даярлықсыз, ғылыми тұрғыдан терең дәлелдемесіз кіріседі, екінші жағынан, біздің ғалым-экономистеріміз, экономикалық ғылыми мекемелер бұл іске белсене араласпайды, мұндағы кемшіліктер мен кейбір жеке қателерді дер кезінде түзету жөнінде тиімді, ақылға қонымды ұсыныстар жасамайды. Өндірісті орналастыру мен ұйымдастырудағы осындай төзімсіз кемшіліктерді көргенде ғалым-экономистер өз араларында қатты-қатты сөздер айтып, шуласқан болады, бірақ іс ілгері баспайды. Бұдан, әрине, халық шаруашылығына да, экономистердің өздеріне де ешқандай жеңілдік келмейді. Осы арада В. И. Лениннің мына бір тамаша қағидасын келтірмеуге болмайды. «Іс білетін экономист, — деп жазды В. И. Ленин, — түкке тұрмайтын тезистердің орнына фактыларды, цифрларды, мәліметтерді зерттеу ісін қолға алып, біздің өзіміздің практикалық тәжірибемізді талдайды да, қате мынада екен, оны былай түзету керек екен дейді».

Егер бізде іс барлық жерде де осылай, В. И. Ленин үйреткендей, етіліп қойылған болса, онда бұдан экономика да, экономистер де мықтап ұтқан болар еді. «Экономикалық ғылымның міндеті, — дейді КПСС жаңа Программасы, — қоғамның экономикалық өміріндегі жаңа құбылыстарды қорытып, коммунизм құрылысын ойдағыдай жүргізуге жәрдем ететін халық шаруашылық проблемаларды талдап, шешу болып табылады».

Олай болса, Қазақстандағы экономикалық ғылымның басты борышы, негізгі міндеті — коммунизм үшін күрес, коммунистік қоғамның экономикалық заңдылықтарын зерттеу. Осыған сәйкес Қазақстанның экономикалық ғылыми мекемелері мен ғалым-экономистері өз күштерін алдымен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасының мәселелерін зерттеуге жұмылдыруы керек. Олар алдағы жиырма жылда жасалатын коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы Қазақстанның орнын ғылыми тұрғыдан анықтап, бұл проблеманы шешуге лайықты үлес қосуға міндетті.

Қазақ ССР халық шаруашылығы тарауларының социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірісінің негізгі проблемаларын жанжақты талдау — экономикалық ғылымның басты міндеттерінің бірі. Ғалым-экономистер мұны да мықтап қолға алулары керек. Бұл проблема ойдағыдай шешілсе, халық шаруашылығының барлық тарауы да жоспарлы, бір шама пропорциялы түрде, бүкіл қоғамның керектеріне сәйкес өркендемек. Бұл мәселелерді зерттеуге экономистер қауымы белсене қатысуға тиіс.

Ғылым тұрғысынан әбден шешілуін күтіп тұрған проблемалардың енді біреуі — республика экономикасын комплексті өркендету. Бұған өндірісті белгілі бір өнімді өндіруге мамандандыру, оны кооперативтендіру, аудан аралық және аудан ішіндегі байланыс мәселелері жатады. Бұл мәселелерді зерттеу мен шешуге де барлық экономистер, бір кісідей, ат салысуға тиіс.

Ғалым-экономистердің тағы бір айрықша көңіл аударатын проблемасы — қоғамдық енбектің өнімділігін арттыру, қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыру, күрделі қаржыны жұмсаудың және жаңа техниканы өндірудің тиімділігін арттыру мәселелері. Бұл мәселелер жалпы социологиялық бағытта емес, кәзіргі кезде қызмет іс-

теуші өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, транспорттық, құрылыстық және басқа кәсіпорындардың нақты мысалдары мен тәжірибесіне сүйене отырып, зерттелуі керек. Мұндай зерттеулердің нәтижелері өндіріске дереу, ешбір бөгеусіз енгізіліп отырылуға тиіс. Тек осындай жағдайларда ғана мұндай нақты экономикалық зерттеулер өз міндетін атқара алады.

Коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде Қазақстандағы экономикалық ғылым алдында тұрған кейбір аса актуальды міндеттер міне осындай.

Қазақстанда күннен күнге өсіп, өрлеп келе жатқан философия сияқты жас ғылымның алдында да ірі-ірі міндеттер тұр. Партияның жаңа Программасы бұл ғылымға да айрықша маңыз беріп, «табиғаттың, қоғамның және адам ойының дамуындағы неғұрлым ортақ заңдар туралы ғылым болып табылатын диалектикалық және тарихи материализмді бұдан былай да табандылықпен қорғап, талдап отыру қажет» деп, атап көрсетті.

Партия Программасының бұл маңызды нұсқаулары біздің республикадағы барлық философиялық кадрлардың болашақ жұмыстарына негіз болуға тиіс. Біздің философтарымыз коммунистік қоғам орнатудың заңдылықтарын, қоғамдық сананың, коммунистік саналылықтың көптеген мәселесін зерттеуге тиіс және зерттей алады. Қазақстан философтары үшін коммунистік құрылыс кең өрістеген дәуірдегі ұлттық қатынастардың дамуын зерттеу айрықша актуальды мәселе болып табылады. Олар халық бұқарасының қоғамдық прогрестегі ролінің әртүрлі жағын ашу ісіне де тиісті үлес қоса алады.

Жаңа Программа дүние жүзілік-тарихи мәні бар міндеттерді тарих ғылымының алдына қойды. Бұл да өзінен өзі түсінікті. Тарих ғылымы адамзаттың коммунизмге жетуінің заңды процесін айқындауға, өзінің аса жоғары идеялық зерттеулерімен патриотизм, коллективизм, айбынды батырлық, еңбек ерлігі сияқты тамаша салттарды тәрбиелеуге тиіс. «Коммунистік партия мен совет халқының өмірде сыналған, жеңімпаз, тарихи тәжірибесін» зерттеудің маңызын КПСС Программасы баса көрсетті.

Тарих ғылымы алдына қойылған осындай зор міндеттерді орындау ісіне Қазақстан тарихшылары да үлес қоса алады деп ойлаймыз. Бұл үшін олардың мүмкіндігі мол, жетілген кадрлары, жинақталған тәжірибесі бар. Қазақстан тарихшылары, алдымен, социалистік және коммунистік құрылыстың тарихына, социализмнің коммунизмге ауысуының материалдық және рухани алғы шарттарын әзірлеудегі халық бұқарасының шешуші ролін көрсетуге көңіл бөлулері қажет. Кәзір елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына даярлық басталып отыр. Бұл — біздің ел тарихындағы, дүние жүзілік тарихтағы ең тамаша дата. Ендігі жерде республика тарихшыларының назары да осы мәселеге аударылуға тиіс. Бұл саладағы ең басты міндеттер: «Қазақ ССР тарихын» (екінші томын) партияның XXII съезі мен жаңа Программасының талаптарына сәйкес қайта басу; Октябрь революциясына, Қазақстанда Совет өкіметін орнату ісіне қатысқан еңбекші бұқараның ерлік күресін ғылыми тұрғыдан мінсіз етіп баяндайтын жинақтар, монографиялық еңбектер шығару. Партия тарихын зерттеушілер «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркін» тез арада аяқтауға тиіс.

Бұл тәрізді күрделі еңбектердің жарыққа шығуы республикадағы тарих ғылымының қорын едәуір толтырады және еңбекшілер бұқарасын марксизм-ленинизмнің, Коммунистік партияның жеңімпаз идеялары негізінде тәрбиелеу ісіне өлшеусіз зор жәрдем етеді.

Заң ғылымы да өз жұмысын жандандыра түсуге тиіс. Оның алдында тұрған міндеттерді жинақтап айтсақ, бастылары: советтік мемлекет-

тің даму тәжірибесін зерттеп, қорытындылау; басқару ісінің ғылыми негізін жасау; жалпы халықтық демократияның даму, социалистік заңдылықты күшейту мәселелерін жанжақты талдап шешу; сот-тергеу органдарының жұмыс тәжірибесін қорыту және басқалар.

Филология — тіл білімі мен әдебиет ғылымы — саласында шешілетін мәселелер де аз емес. Тіл мамандары кәзіргі жағдайда тілдің дамуының негізгі мәселелерін теориялық тұрғыдан талдауға тиіс, қазақ тілінің көптеген практикалық мәселелерін (орфография, терминология, сөздік жасау және басқа мәселелер) шешуі керек. Әдебиетшілер өз күшінің негізін қазақ әдебиеті мен өнерінің теориясы мен тарихының актуальды мәселелерін зерттеуге, қазақ әдебиетінің орыс және басқа халықтар әдебиеттерімен байланысын, терең достығын, өзара ықпал жүргізуін барлық жағынан бірдей ашуға жұмсаулары керек. Әдебиетшілер философтармен, педагогика ғылымы өкілдерімен бірігіп этика мен эстетика мәселелерімен терең шұғылдануы қажет.

Республикадағы қоғамдық ғылымдар алдында шешілуін күтіп тұрған мәселелердің бастылары, міне, осындай. Қоғамдық ғылымдар өкілдері бұл сияқты зор міндеттерді ойдағыдай орындаса, елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне тағы да сөзсіз елеулі үлес қосады.

Қоғамдық ғылымдар алдында тұрған осынша көп міндеттерді өз дәрежесінде орындау үшін, ғылыми зерттеулердің дәрежесін бұрынғыдан да гөрі жоғары сатыға көтеру үшін көп жігер, ұйымдастыру жұмысы, қоғамдық ғылымдар мекемелері мен қызметкерлерінің барлық жұмысын тығыз ұштастыру қажет.

Кейбір жерде қоғамдық ғылымдардың қоғам дамуындағы орны мен ролін әлі күнге дейін елемеушілік бар, оқушы жастар арасында қоғамдық ғылымдар пәндерін оқуға салқын қарау кездеседі. Сондықтан алдағы уақытта қоғамдық ғылымдар беделін мейлінше көтере түсуіміз керек. Қоғамдық ғылымдар жеке мекеменің немесе жеке ғалымның ісі емес, біздің бүкіл халқымыздың, Коммунистік партиямыздың ісі. Қоғамдық ғылымдардың дәрежесі неғұрлым жоғары болса, олардың табыстары неғұрлым мол болса, елімізде коммунистік қоғам орнату міндеті солғұрлым ойдағыдай орындалады. Қоғамдық ғылымдардың практикалық мәні мен маңызы, алдымен, міне осында.

Қоғамдық ғылымдардың орны мен ролі коммунистік қоғам орнату дәуірінде бұрынғыдан бетер өсе бермек. Мұны біз күні кеше партияның XXII съезінің жұмысы мен тарихи шешімдерінен, партиямыздың жаңа Программасынан айқын көрдік. Маркстік-лениндік қоғамдық ғылым шыңына шыға шарықтап дамымаса, бұл заманның Коммунистік манифесі деп танылып отырған КПСС жаңа Программасы жасалмаған болар еді. Сондықтан да совет адамдары, совет коммунистері қоғамдық ғылымдардың қандай дәрежеде екенін білгіңіз келсе, КПСС жаңа Программасын оқыңыз, дегенді айтады.

Коммунистік құрылыс жағдайында қоғамдық ғылымдар ролінің үздіксіз өсіп келе жатқанын күні бүгін КПСС Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы жұмысынан да көріп отырмыз. Мұнда маркстік-лениндік қоғамдық ғылым методологиясы негізінде коммунистік құрылыстың бүгінгі таңдағы актуальды міндеттері талданып, шешілді.

Міне осы жағдайдың бәрі қоғамдық ғылымдардың, совет ғылымының басқа да барлық саласы сияқты, елімізде коммунизм орнатудың жаңа міндеттері дәрежесінде болуын, коммунистік құрылыс ісіне еселеп үлес қосуды талап етеді. Қоғамдық ғылымдар қайраткерлерінің қазақстандық отряды бұл тарихи міндеттерді орындауда тағы да тиісті дәрежеде болады деп кәміл сенеміз.

Мұнайды мол шығару жолдары

Т. ШӘУКЕНБАЕВ,

экономика ғылымының докторы

Партияның XXII съезі қабылдап белгілеген коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау программасында мұнай мен газды неғұрлым көп өндіру, оларды химия өнеркәсібі үшін шикізат түрінде пайдалану бағытын дәйектілікпен жүргізу қажет екені атап көрсетілді. Мұнай мен газ өндірудің 20 жыл ішінде қол жеткен мөлшері халық шаруашылығының барлық қажетін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәрежеге жеткізілмек.

Алдағы жиырма жылда елімізде отынның барлық түрін өндіру шамамен төрт есе артуға тиіс. Оның ішінде мұнай мен газ өндірудің де жоғары қарқыны белгіленген. Мысалы, 1951 жыл мен 1960 жылғы он жыл ішінде елімізде орта есеппен жыл сайын 10 миллион-тонна мұнай, 4,1 миллиардтан астам текше метр газ шығарылған екен. Ал енді жиырма жылдан кейін, яғни 1980 жылдың аяғына дейін елімізде 690-710 миллион тонна мұнай өндіріліп, газ шығару 14—15 есе көбеймек.

Газ бен мұнай өндірудің мұндай керемет қарқыны дүние жүзіндегі бірде-бір елде болған емес. Тіпті Америка Құрама Штаттарында 1961—1962 жылдары орта есеппен 8,2 миллион тоннадай ғана мұнай шығарылған.

Мұнай мен газдың халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Табиғи отындар ішіндегі қызуы жоғары және толық жанатын отындар осылар. Сонымен бірге мұнай—химия өнеркәсібінің аса бағалы шикізаттарының бірі. Оны өндіруге еңбек те аз жұмсалады. Шахталық әдіспен көмір өндіруге қарағанда еңбек өнімділігі мұнай шығаруда 6 есе, газ өндіруде 21 есе жоғары болады. Осының өзінен-ақ мұнай мен газдың экономикалық жағынан тиімді екенін көру қиын емес.

Қазақстанның жер қойнауы мұнайға бай. Бұл жөнінен, әсіресе Батыс Қазақстан өңірін ерекше атап өту қажет. Бұл өңірдің көп жерінде, әсіресе Үстірт мүйісінде, Маңғыстау түбегінде, Жайық-Жем аралығында мұнай мен газдың сарқылмас мол қоры бар. Бұл жерлерде ашылып, пайдалануға даярланып жатқан кендер аз емес.

1959 жылға дейін геологиялық барлау жұмысы көбінесе Доссор мен Қосшағыл аймағында, Қаратон ауданында тағы сондай тұзды төбешіктерде жүргізілді. Бұл жерлерден мұнай өндіруге болатын 20-дай кен табылып, өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Гурьев қаласында 1959 жылдың май айында еліміздегі аса көрнекті ғалымдардың қатысуымен ғылыми-техникалық конференция болғаны белгілі. Конференция геологиялық барлау жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар қабылдады. Осыған орай соңғы жылдары Еділ мен Жайық арасындағы сортаң жерлер зерттеліп, геологиялық барлау жұмысы жүргізілді. Соның нәтижесінде 1961 жылы Еділ мен Жайық арасынан, Фурманов ауданынан 700 метрлік тереңнен күшті фонтанды газ табылды. Мұның өзі Еділ мен Жайық арасында мұнай мен газдың қайнар бұлағы бар екенін көрсетті. Сондай-ақ Жемнің құяр шеніндегі Боранкөлден, Прорвадан да мұнай мен газдың мол қоры бар екені анықталды.

Прорвадан 1960 жылы 2 100 метр тереңдіктен тәулігіне ондаған тонна өнім беретін мұнай шығаратын жер табылды. Жем құярының оңтүстік-шығысында тұзды төбелерде осы тәрізді мұнай беретін 10—12 кен бар. Барлау жұмысын жақсылап жүргізу нәтижесінде табылған осы тәрізді мұнай көздерін дұрыс, тиімді етіп пайдалану—алда тұрған басты міндет.

Маңғыстаудың оңтүстігі жағынан көлемі 40 мың шаршы километрдей жерден 1961 жылдан бері мұнай мен газ байлығы табылды. Бұл жұмыс, әсіресе, мұнайды молырақ өндіруге болатын Жетібай мен Өзенде кеңінен өрістей түсті. Жетібайдан 2 600 метрлік тереңдіктен бұрғыланып алынған мұнайды сыннан өткізіп көргенде оның сапасы жақсы, қоры мол екені анықталды. Құрамы жағынан химия мен мұнай өнеркәсібі үшін аса бағалы шикізаты болуға жарайды.

Жетібайдан 70 километрдей жерге орналасқан Өзен мұнай кені Ембі мұнайының жалпы балансында елеулі орын алады.

Ғалымдардың топшылауына қарағанда Жетібай мен Өзен кәсіпшілігі мұнай өндірудің үлкен орталығына айналуға тиіс. Қабаттарының саны мен қуаттылығы жағынан Өзен мен Жетібайдағы мұнай қоры Апшерон жарты аралындағы мұнай қорынан артық болмаса кем болмайтынын көрсетті. Маңғыстаудың оңтүстік жағынан кәзірде Жетібайдағыдай мұнай шығаруға болатын 30-ға жуық кен көзі табылды. Бұларда көптеген газ бен мұнай қоры жатқаны талассыз. Осының өзінен-ақ геология мамандарының Каспидің солтүстігіндегі өңірде мұнай қорының сарқылмас байлығы бар, оны игеру еліміздің отын қорын сан есе арттыруға мүмкіндік беруге тиіс деген пікірінің дұрыс екенін дәлелдейді.

Батыс Қазақстандағы осындай мол мұнай байлығын игеру жұмыстары әлі де болса жеткілікті жүргізілмей отыр. Халық шаруашылығының жедел өркендеуі үшін зор маңызы бар бұл жұмысты батыл қолға алып, геологиялық барлау жұмыстарын кеңінен өрістетуге, мұнай мен газ кендерінің бәрін толық та тиімді игеруге мүмкіндік те, жағдай да бар. Қәзір мұнай өнеркәсібінде білек сыбана жұмыс істей алатын, қабілетті, маман кадрлар өсіп жетілді. Мәселе мүмкіншіліктің бәрін толық пайдалануда болып отыр.

Батыс Қазақстанның мұнайлы өңірлерінің географиялық жағынан орналасуы да өте қолайлы. Өйткені ол Орталық өнеркәсіп аудандары мен индустриялы Оралға жақын. Мұның өзі мұнай мен газ байлығын неғұрлым толық та тиімді пайдалануға, Совет Одағының Европалық бөлігін жаппай газдандыру проблемасын шешуге қолайлы жағдай жасайды.

Маңғыстау маңындағы мұнай мен газ байлығын неғұрлым тез игеру—кезек күттірмейтін міндет. Ең алдымен Жетібай мен Өзен төңірегіндегі «кара алтын» байлығы толық зерттелуге тиіс. Оны тиімді пайдаланудың нақты жобасын жасау қажет тәрізді. Өйткені, кеннің сарқылмас қоры осы арада болып отыр. Мұнай кәсіпшіліктерін, мұнай, су құбырын, жол, энергетикалық және тағы басқа базалар салу ісін кәзірден бастап қолға алу керек. Осыған орай кішірек тораптық қалалар, өндірістік тұрғын үйлер, трамвай типтес темір жол тармақтарын салу керек болады. Сондай-ақ Каспий теңізінің жағасындағы Ерәлі деген жерде бұрынғы балық заводы орнына барлаушыларға арнап қала салу керек.

Бұрғылау жұмысы тікелей жүргізілетін жердің қасынан материалдық-техникалық база салу—Маңғыстау түбегіндегі мұнай байлығын игерудің басты шарты. Осы мақсатты көздеп Маңғыстау «Нефтеразведка» тресінің орталығы Форт-Шевченко қаласынан Ерәлі поселкесіне көшірілді. Бұл мұнай өндіретін жерден—Өзен мен Жетібай орталықтарынан 70—100 километрдей жерде. Бұл трестің автомобиль

транспорты, механикалық мастерскойы, құрылыс монтаж цехтары да сол Ерәлі поселкесіне көшірілді.

Алайда, Жетібай мен Өзендегі өнеркәсіпті комплексті өрістету ісі әлде болса шындап қолға алынбай келеді. Маңғыстау «Нефтеразведка» тресіне Махачкала, Баку немесе Красноводск порттары арқылы құрал-жабдық пен материалдарды үздіксіз жеткізіп тұру мәселесі де толық шешілмей отыр. Өндірістік және тұрғын үй салу жұмысы да тым нашар. Биыл құрылыс жұмысына арналып бөлінген қаржының 40 проценті ғана игерілді.

Мұнай кендерінде бұрғылау жұмысы жүргізілетін ауданды сумен қамтамасыз ету мәселесі де әлі толық шешімін таппай жүр. Скважиналарды игеру және сыннан өткізіп көру жұмысы да қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Әдетте, бізде скважиналардан бұрғыланып алынған мұнай мен газдың өнеркәсіптік сапасы тексерілетіні белгілі. Алайда, бұл жұмыс Жетібай мен Өзенде өте баяу жүргізілуде. Сондықтан да бұдан былай мұнай мен газ табылған жердің бәрін өнеркәсіптік пайдалануға әзірлеу және оны алдын ала сынап көру жұмыстарын қызу жүргізу қажет. Онсыз мұнай мен газ байлығын неғұрлым тез игеру міндетін шешу мүмкін емес.

Прорвадағы мұнай қорын тиімді игеру ісі де Ембі мұнайшыларының аса ардақты борышы болуға тиіс. Бұл арадағы мұнай байлығын өнеркәсіпте неғұрлым тезірек, толығырақ пайдалану — Жайық-Жем мұнайлы ауданының ғана емес, бүкіл Қазақстанның да Совет Одағындағы үлес салмағын сан рет арттыра түсуіне мүмкіндік беретін маңызды міндет.

Прорва — мұнайлы жердің бірі. Мұнда 10 скважина бұрғыланған болатын. Соның 8-нен фонтанды мұнай табылды. Алайда, Прорва мұнай қорын барлау жұмысын ұйымдастыруда елеулі кемшілік орын алып келеді. Скважиналардың технологиясын жақсарту ісі де жолға қойылмай отыр, кейде аварияға ұшыраушылық, брак жасауға жол берушілік орын алып келеді. Барлау жұмысындағы кемшіліктерді тез жою керек, мұнай кендерін өнеркәсіптік пайдалануға мұқият әзірлеу қажет. Мұнда мұнай өндіру жұмысын жолға қою үшін ең алдымен мұнай құбыры, электр жүйесін, су құбыры, жол, өндірістік орындар, тұрғын үй құрылысын тездеткен жөн.

Прорва, Жетібай және Өзен мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысты жолға қоюмен қатар кәзірде кеңінен жұмыс істейтін мұнай кәсіпшіліктерінің маңынан барлау жұмысын жүргізу қажет. Мұның өзі мұнай өндіру ісін жаңа талапқа сай өркендетудің қажетті шарты. Кәзірдің өзінде Доссор-Қосшағыл және Новобогат аймағында 200-ге жуық тұзды төбе бар екені, одан кем дегенде 100-дей мұнай кенін ашуға болатынына көз жетіп отыр.

Тәжірибе көрсеткеніндей, мұнай өндірілетін әр жерден толық комплексті кәсіпшілік салып жатудың қажеттігі жоқ. Онан көрі мұнай мен газ өндірілетін жеке аймақтарға немесе біріне-бірі жапсарлас жатқан өндіріс тораптарынан 2—3 кішігірім қала салу қолайлы сияқты. Бұл қалашықтарда тиісті өндірістік және тұрғын үйлер, өнім өндіретін кәсіпшіліктер арасынан өзара қатынап тұратын трамвай типтес темір жол тармақтарын салу немесе әуе транспортын — вертолет қатынасын орнату қажет.

Мұндай кішігірім қалалар мұнай кәсіпшіліктерінің белгілі бір тобына қызмет көрсетіп, өнеркәсіптің кідіріссіз, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз еткен болар еді. Жұмысты осылай ұйымдастыратын болсақ мұнай табылған жердің бәрінде бірдей құрылыс жұмысын жүргізуді азайтуға, оның орнына өндіріске қажетті объектілерді тиімді етіп салуға, өндіріс технологиясын үздіксіз жақсартуға, өндіріс жұмыстарын

автоматика және телемеханика құралдарын қолдану арқылы басқаруға мүмкіндік беретін болады.

Ембіде мұнай шығатын жерді игерудің тиімділігін әңгіме еткен кезде Америка Құрама Штаттарының мұнайлы жерді қалай игеріп отырғанын еске алу артық емес. Мысалы, АҚШ-та мұнай шығаратын 8-мыңнан астам жердің 1004-де ғана тәулігіне 135 тоннадан көбірек мұнай шығарылады екен. Ал қалған 7 мыңдай мұнай өндірілетін орының бәрі де өте шағын өндіріс алаңы ғана көрінеді. Солай бола тұрса да бұл арадан мұнай өндіру капиталистерге экономикалық жағынан тиімді тәрізді. Әйтпесе, империалистік шонжарлар мұндай кішігірім мұнай кендеріне өз капиталын қалай болса солай жұмсамас еді.

Ал біздің Ембі кәсіпшіліктеріндегі жағдай мүлде басқаша. Оның кәсіпшіліктерінің әрқайсысы тәулігіне 150-ден 250 тоннаға дейін мұнай өндіреді. Осы фактының өзінен-ақ біз кейбір мамандардың Ембі өңірінен мұнай өндіру экономикалық жағынан тиімсіз дейтін пікірінің мүлде қате екенін айқын көреміз.

Қазірде мұнай өндіретін Ембі кәсіпшіліктері төңірегінен геологиялық барлауды мүлде тоқтату керек дейтін пікірдің де мүлде зиянды екенін баса айтуға тиіспіз. Бұл тәрізді теріс көзқарасқа енжар қарауға болмайды. Ембідегі 100-ге жуық мұнайлы тұзды төбенің қазірде тек 20-сы ғана игерілді, ал мұнай шығаратын қалған 80-дей жерге тіпті барлау жұмысы да жүргізілмей отыр. Сонымен бірге бұл сортаң жердегі тектоникалық үш қабаттың тек жоғарғы бөлігі ғана зерттеліп болды. Мұнайшы мамандардың тәжірибеде сыннан өткен пікірін еске алатын болсақ, негізгі өнімді горизонт үлкен тереңдікте, яғни тұзды жердің ең астыңғы қабатында жатқан көрінеді.

Жер астын зерттеп, мұнай қорын анықтау — маңызды іс, іргелі міндет. Сонымен, бірге бұл жұмысты комплексті түрде ұйымдастыру керек, геофизикалық әдіспен зерттеумен қатар, терең бұрғылау арқылы барлау жұмысын да жүргізе берген жөн. Мұндай зерттеу жұмысын қазірде жұмыс істейтін кәсіпшіліктерден бастау қолайлы да, тиімді де тәрізді. Мұның өзі — барлау жұмысына жұмсалатын күрделі қаржыны анағұрлым кемітуге мүмкіндік беретін өте тиімді әдіс.

Мұнай өндіретін ауданның өз ішіндегі транспорт қатынасы проблемасын шешу — Батыс Қазақстанның мұнай байлығын тиімді игерудің қажетті шарты. Бұл міндетті кәсіпшіліктер арасынан электр және тепловоз күшімен жүргізілетін тар табанды жол салу арқылы жүзеге асыру керек. Сонымен бірге осы жеті жылдықта салынып бітуге тиісті Гурьев—Астрахань темір жолының құрылысын тез аяқтау транспорт проблемасын шешуде үлкен роль атқарады. Бұл жол Орал мен Кавказ аралығындағы экономикалық қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Ол Еділ-Жайық мұнайлы ауданының ұшан-теңіз байлығын игеруге де қолайлы жағдай жасайды. Оның үстіне салынуға тиісті Қоңырат-Мақат—Александров-Гай темір жол құрылысы жедел қолға алынса, Маңғыстау темір жолы қысқа мерзімде бітсе, Батыс Қазақстанда мұнай мен газ өндірісінің жедел өркендеуіне жеткізеді.

Мұнай мен газ өндіру көлемін ұлғайтуда энергетикалық проблеманы шешудің де маңызы зор. Мұның бірден бір дұрыс жолы—Ембінің мұнайлы ауданын жоғарғы вольтті электр желісі арқылы КПСС XXII съезі атындағы Волгоград су электр станциясымен жалғастыру. Сонда мұнайлы Ембінің электр қуатымен жарақтандырылуы сан есе артады, қазіргі заманның техникалық прогресін өндіріске неғұрлым көп енгізуге толық жағдай жасалады.

Партияның XXI және XXII съездерінің тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, Ембі мұнайшылары жеті жылдықтың алғашқы үш жылы ішінде өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуда айтарлықтай табысқа ие болды. Мұнай мен газ шығарылатын

пайдаланудағы скважиндарды бұрғылау, өндірілген әрбір тонна мұнайдың түсер құнын кеміту, еңбек өнімділігін арттыру жоспарын асыра орындау, техника жаңалығы мен озаттардың тәжірибесін өндіріске енгізу жолында едәуір жұмыс істелді.

Алайда, республиканың, оның ішінде Ембінің мұнай кәсіпорындары Совет Одағындағы алдыңғы қатарлы аудандардан көптен бері артта қалушылығын әлі жойған жоқ. Қолда бар резервтер мен мүмкіндіктер толық пайдаланылмай отыр. Соның салдарынан Қазақстан мұнай бірлестігі 1962 жылдың алғашқы жартысында мұнай шығару жоспарын орындай алмады. Бұрғылау жұмысын автоматтандыру кешейілдетілді. Ол жаңадан ғана қолға алына бастады.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың ұлы күресіне жаппай аттанған совет халқымен бірге Ембі мұнайшылары да жаңа Программаны жүзеге асыруға бір кісідей жұмылды. Ембі өнірінде мұнай мен газ өндіруді өрістетіп түсудің неғұрлым прогрестік, экономикалық жағынан тиімді бағыттарын тауып, қолданып отыру — мұнайшылар коллективінің аса ардақты борышы. Қазірдің өзінде Маңғыстау түбегінде геологиялық барлау жұмысы, ал Жетібай, Өзен, Прорва мұнай кәсіпшіліктерінде өнім алынатын жерді өнеркәсіптік пайдалану істері қызу жүргізілуге тиісті. Бір ғана Прорвада мұнай шығаруды қауырт арттыру бүкіл республикада мұнай өнімін сан есе көбейтуге мүмкіндік береді. Батыс Қазақстандағы, әсіресе Маңғыстау түбегіндегі мұнайдың сарқылмас қорын толық игеру Қазақстанның мұнай өнеркәсібінің елімізде екінші орынға шығуына мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан мұнайшылары коммунизм құрылысы Программасын орындау күресіне жұмылып, өзінің мұнайлы өлкесін еліміздің көрнекті минералдық-шикізат қорына — «үшінші Бакуге» айналдыратыны күмәнсіз.



Совет интеллигенциясының коммунистік құрылыстағы ролі

Ж. ҚАРАҚҰСОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Марксизм-ленинизм бізге бірде-бір мемлекет өз интеллигенциясыз өмір сүре алмайды деп үйретеді. Әсіресе, социалистік мемлекет жұмысшылар мен шаруалардың ортасынан қайнап шыққан интеллигенциясыз мүлде өмір сүре алмайды. Өйткені, интеллигенция—ой еңбегінің көрнекті өкілі, ғылым мен техниканы дамытушы, жалпы мәдениетті белсенді түрде ілгері бастырушы, мемлекетті басқару ісіне жанжақты қатысушы адамдар.

Біздің ұлы ұстаздарымыз Маркс, Энгельс, Ленин интеллигенцияның ой еңбегі мен дене еңбегінің бөліну дәуірінен бастап пайда бола бастағанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Ол негізінен қоғамдағы үстем таптың мүддесі үшін қызмет етеді. Бірақта социалистік қоғам мен капиталистік қоғам интеллигенциясының арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Мәселен, капиталистік қоғамда интеллигенцияның басым көпшілігі өзінің қожасы—буржуазияға қызмет етіп, оның еңбекшілерді аяусыз қанауына көмектеседі. Сондықтан да капиталға құл болу, өз басын ғана қорғаушылық, сатылғыштық, азғындық, екіжүзділік, тұрақсыздық, бейшаралық — буржуазиялық интеллигенцияға тән қасиет.

Дегенмен, бұқара халықтың ар-намысын аяққа басып, оны қайыршылыққа ұшырату, алдыңғы қатарлы, прогресшіл буржуазиялық интеллигенцияны капиталистік қоғамға қарсы күреске шығуға, пролетариаттың азаттық жолындағы күресіне қатысуға итермеледі.

Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты жоюға Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана тарихта тұңғыш рет мүмкіндік берді. Ол буржуазиялық интеллигенциядан мүлдем басқаша, жұмысшылар мен шаруалардың қақ ортасынан шыққан, нағыз халықтық интеллигенцияның өсіп, тәрбиеленуіне, оның ерекше топ болып қалыптасуына жол ашты. Советтік интеллигенция—мүлде жаңа тұрпатты, саналы, көздеген ойы, асқақ арманы игілікке толы ерекше топ. Ол халық үшін, жұмысшылар мен шаруалардың мүддесі үшін қызмет етеді, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға және болашақ қоғамның жаңа адамын тәрбиелеп, шындауға асқан белсенділікпен қатынасады. «Коммунизмнің сәулетті сарайы,—делінген Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасында,—совет халқының—жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның қажырлы еңбегімен салынып жатыр. Олардың еңбегі неғұрлым табысты болған сайын, ұлы мақсатты жүзеге асыру—коммунистік қоғамды орнату солғұрлым жақындай түседі».

Советтік интеллигенция ғылым мен техниканың сан алуан түрлерін творчестволық жолмен жанжақты дамыта отырып, Отанымыздың даңқын әлемге жайды. Совет Одағының космосты зерттеу, атом қуатын бейбітшілік бағытта пайдалану, ракета құрылысы сияқты ғылымның

басты-басты салаларында дүние жүзінде бірінші орынға ие болуы—советтік интеллигенцияның тамаша дарыны мен ақыл-ойының жемісі.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда техникалық прогрестің баға жетпес орын алатыны мәлім. Өйткені, өндіріс процесіне техника жаңалықтарын енгізу арқылы ғана жұмысшылар мен шаруалар еңбегін барған сайын жеңілдетіп беруге болады. Техникалық прогрестің маңызды бір шарты—елімізді жаппай электрлендіру. Партияның жаңа Программасы таяудағы 20 жыл ішінде бүкіл одақ көлемінде бірыңғай энергетикалық система құру мәселесін ерекше міндет етіп қойып отыр. Біздің интеллигенциямыз осы міндетті абыроймен орындау үшін техника жағынан жетілген, қуатты электр станцияларын салуға мол еңбек сіңіріп, белсене қатысуда.

В. И. Ленин кезінде қоғамның қарыштап алға басуы, шаруашылықтың жанжақты дамуы ғылым мен техниканың жаңалықтарын кең пайдалануды қажет етеді, деп ерекше атап көрсеткен болатын. Мұның мәні мынада: ғылым мәңгі-бақи сарқылмайтын дария тәрізді. Адамзат қоғамы неғұрлым жетілген сайын, оның өндіріс салалары да соғұрлым көбейе түседі. Сондықтан да КПСС XII съезінде қабылданған ұлы Программада ғылымның ролі коммунизмге жақындаған сайын арта түсетінін, оның біртіндеп материалдық өндіргіш күшке айнала беретінін ерекше атап көрсетті.

1962 жылдың 12 январында Минск қаласында болған ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде Н. С. Хрущев жолдас ғалымдар мен инженерлердің творчестволық қызметіне өте жоғары баға берді. «Кейбір қызметкерлер коммунизм орнатуға балға соққандар ғана қатысады деп тым тұрпайы ойлайды,—деді ол.—Рас, балға соққандар, металл, отын, астық өндіріп жатқандар—бұлар коммунизмнің белсенді құрылысшысы. Бірақ енді ғалымды, инженерлерді мысалға алыңызшы, ол құрылысшы емес пе екен? Кейде адам мүлде балға соқпайды немесе кішкене ғана балға соғады және заводта емес, қайта лабораторияда, ғылыми кабинетте балға соғады, бірақ ол коммунизм орнату ісіне балға соғушы адамнан кем үлес қоспайды. Егер ғалым адамның еңбегін жеңілдететін жаңалық ашса, онда ол мұнысымен коммунизмнің сарайына талай кірпіштер қалайды».

Социалистік қоғам жағдайында ғылым мен техника жетістіктерін неғұрлым нәтижелі пайдалануға, энергияның жаңа түрлерін ашып, жаңа материалдар жасауға, ауа райы жағдайларын өзгертуге, космос кеңістіктерін игеруге кең мүмкіндік ашылады. Кәзір Совет Одағының космосты игеру жөнінде дандайсыған АҚШ-ты әлдеқайда артқа тастап отырғанын айтсақ та жеткілікті. Бұл таңғажайып жетістіктер—өскелең совет ғылымының тамаша жемісі.

Лениндік Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында Советтік Қазақстанда ғылымның барлық салаларынан маман кадрлар даярланып шығарылды. Тарихи қысқа мерзім ішінде қалыптасқан ғылыми мамандар өзінің еңбектегі табысымен әлемге әйгілі болып отыр.

1961 жылы Қазақстанның ғылыми мекемелерінде 20 мыңнан астам ғалым жұмыс істеді. Оның 175-і ғылым докторы, ал 3 мыңнан астамы ғылым кандидаттары. 1946 жылдан бері бір ғана Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясының қызметкерлері 2 мың үш жүзден астам ірі ғылыми тақырыпқа зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алуан түрлі маңызды еңбектер жазды. Бұл ғылыми еңбектер өндіріске енгізіліп, халық шаруашылығын өркендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық прогреске күшті әсер етті. Мысалы: техника ғылымының докторы А. Мусин, техника ғылымының кандидаттары В. Береза, А. Жакыпбаев, инженерлер И. Малкин, С. Кутузов тағы басқалары руда қазудың жаңа өнімді әдісін Совет Одағында бірінші болып өндіріске енгізді. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі 3 есе артып, өнімнің түсер құны 2 есе кеміді.

Олар бұл творчестволық еңбегі үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атаққа ие болды.

Советтік Қазақстан интеллигенциясының көрнекті табыстарының бірі—көмір комбайнының жаңа түрлерін шығару. Жақында Қарағандының көмір жөніндегі ғылыми-зерттеу институты кен жабдықтары заводының инженерлерімен бірігіп «Қарағанды» атты жаңа комбайн жасап шығарды. Комбайн жұмысы толығымен автоматтандырылған. Оның тәуліктік өнімділігінің өзі—бұрынғы ең мақтаулы комбайндардың айлық нормасына таяу. Мұндай комбайн бұған дейін Совет Одағында да, шет елде де болған емес.

Совет ғылымының тамаша бір ерекшелігі—оның өндіріспен тығыз байланысы. Қазақ ССР Ғылым академиясының кен институты Жезқазған комбинатымен бірігіп, шахтада руда қазатын, өздігінен жүретін жаңа машина жасап шығарды. Соның нәтижесінде Жезқазғанның № 45 шахтасында еңбек өнімділігі 3—4 есе артып, жылына 10 миллион сом пайда келтіруге болатын болып отыр.

Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарының келешегі зор. Алдағы 20 жыл ішінде тек Қазақ ССР Ғылым Академиясы системасында ғана 400 ғылым докторы мен 2 600 ғылым кандидаты даярлануға тиіс. Олардың күш-жігері, творчестволық еңбегі халық шаруашылығының аса маңызды салаларын жедел дамытуға жұмсалады. Олар өзінің ғылыми жұмыстарында партия Программасының мына нұсқауын басшылыққа алады: «Білімнің аса маңызды салаларында совет ғылымының қолы жеткен алдыңғы қатарлы позицияларды баянды ету және барлық негізгі бағыттар бойынша дүние жүзілік ғылымда жетекші орын алу—совет ғалымдарының абыройлы ісі».

Советтік интеллигенция өнеркәсіпті бұдан былай да үздік өркендетуіне берік бірге социалистік ауыл шаруашылығын да тынбай көтеру жолында еңбек етеді. Совет Одағының ауыл шаруашылығы, әсіресе соңғы жылдарда елеулі табысқа жетті. Партияның Орталық Комитетінің, Н. С. Хрущев жолдастың инициативасы бойынша тарихи қысқа мерзім ішінде 42 миллион гектар тың және тыңайған жер игеріліп, жүздеген ірі совхоз құрылды, колхоздар іріленді, ауыл шаруашылығы өндірісі білімді, тәжірибелі, іскер кадрмен нығайтылды. Бұл жұмыстың бәрі де басшы, интеллигент кадрдың жетегімен, халықтың қолдауымен іске асырылды.

Ғалымдар мен ауыл шаруашылығының мамандары егіннің түсімділігін арттыру, малдың жаңа тұқымын өсіру, өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру жөнінде жемісті еңбек етіп, совхоз бен колхоз еңбекшілеріне тікелей көмектесуде. Мысалы, сиыр саууды механикаландыру әдісі еңбек өнімділігін жедел арттыруға, сүт өнімін молайтуға және оның түсер құнын кемітуге зор мүмкіншілік туғызып отыр. Бұл жөнінде Алматы облысының «Жаңашар» совхозының мамандары Н. В. Ратуш пен А. А. Выдриннің жасаған «Веер» атты сиыр сауатын машинасын ерекше атауға болады. «Веер» бұрын қолданылып жүрген «Елочка», «Карусельден» көп артық.

Біздің ел коммунизмге қарай қарыштап алға басқан сайын ауыл шаруашылығы интеллигенциясына қойылатын талап та күрделілене түседі. Қазір ауыл шаруашылығының мамандары астық түсімін арттыру, мал шаруашылығының өнімділігін молайту, өндіріс жұмыстарын механикаландыру, шаруашылыққа дұрыс басшылық етіп, оны тиімді ұйымдастыру мәселелерімен шұғылданды. Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартуда өндірістік басқармалардың құрылуының маңызы зор. Бұл басқармалар білімді, тәжірибелі маман қызметкерлермен нығайтылуда.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармалары мен партия ұйымдастырушылары шаруашылықтарға тікелей басшылық етеді, өндірістік коллектив-

пен, халықпен тығыз байланыс жасайды. Өндірістік басқармалардың ерекшелігінің өзі осында.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің осы заманғы техникамен жарактануы, шаруашылықтың ғылыми негізде жүргізілуі барлық колхоз бен совхозды тәжірибесі мол, білімді кадрлармен қамтамасыз етуді талап етеді. Кәзір республика бойынша ауыл шаруашылығында 50 мыңдай маман жұмыс істеп жүр. Олардың үштен екісінің жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар. Бұл—үлкен күш. Бұған қоса соңғы екі жыл ішінде республиканың колхоздары мен совхоздарына 8 мыңнан астам маман жіберілді.

Совет интеллигенциясы еңбек құралдарын жетілдіре түсуге, шаруашылықтың алуан түрлі саласына басшылық етуге белсенді қатысумен бірге материалдық игіліктерді өндірушілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру ісімен де шұғылданады. Олар еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеріп, мектептердің, курстардың, үйірмелердің жұмысын ұйымдастырып, басқарады.

Совет Одағы тарихи қысқа мерзім ішінде халық шаруашылығы мен мәдениет салаларына қажетті маман кадрларды даярлау жөнінде алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді әлдеқашан қуып жетіп, басып озды. Тек Қазақстанда ғана 1961 жылы 178 мың инженер, техник пен агроном, 63 мың дәрігер, 150 мыңдай мұғалім, ғылыми қызметкер және басқа мамандар жұмыс істеді. Американың бір сенаторы өзінің сөзінде: «Ойшыл американдықтар АҚШ-тың совет еліне қарағанда ракета, космос, экономикалық өсу жағынан артта қалып келе жатқанына аса қынжылады. Мені, әсіресе ағарту саласында артта қалуымыз қатты қынжылтады» деп еріксіз мойындауға мәжбүр болды.

Интеллигенция біздің социалистік ел жағдайына әлеуметтік топ ретінде өмір сүріп отыр. Коммунизм толық жеңген кезде ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы кәзіргі айырмашылықтар жойылады. Сонда интеллигенция ерекше әлеуметтік топ болудан қалады, дене еңбегінің қызметкерлері өздерінің мәдени-техникалық дәрежесін ой еңбегі қызметкерлері дәрежесіне дейін көтереді.

Коммунистік құрылыс кенінен өрістеген сайын советтік интеллигенция еңбегінің сипатына да түбірлі өзгерістер енеді. Егер капиталистік қоғамда интеллигенцияның ат төбеліндей тобы ғана өнімді еңбекке тікелей қатысатын болса, социалистік қоғамда материалдық игіліктерді өндіру процесіне қатысушы интеллигенттер саны барған сайын арта түсуде. Инженер мен техник, агроном мен зоотехник, ғалым еңбегі бірсыпыра салада өндіріспен тығыз байланысты. Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, техникалық прогресс, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің көтерілуі негізінде ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылық жойылып барады. Озат техникамен, біліммен қаруланған жұмысшы мен колхозшының еңбегінде дене еңбегінің де, ой еңбегінің де элементтері ұштаса түсуде.

Коммунизм құрылысшыларын—жаңа адамды тәрбиелеп өсіруде де совет интеллигенциясының, оның үлкен тобы—совет мұғалімдерінің алатын орны зор. Коммунистік партияның тікелей басшылығымен советтік интеллигенция өзінің озық білімін, күш қуатын, сарқылмас жігерін партияның жаңа Программасында көрсетілген коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің талаптарын бұлжытпай орындау күресіне жұмылдырып отыр.

Советтік Қазақстанның 100 мыңнан астам мұғалімдер отряды жас-өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеу, мектепті өмірмен байланыстыру жолында сан алуан жұмыс жүргізуде. Мұғалім тек жас ұрпақтың ғана тәрбиешісі емес, еңбекшілердің жалпы білім, мәдениет дәрежесін көтере берудің де белсенді қамқоршысы.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде Социалистік Еңбек Ері қарт колхозшы Н. Г. Загладаның еңбекке, қоғамдық мүлікке көздің қарашығындай қарауға, Отанға адал қызмет етуге, кемшілікке төзбеуге, әрбір совет азаматын коммунизм құрылысына үлес қосуға шақыруының саяси маңызы зор. Біздің елде кімде кім адал еңбек етіп, коммунизм құрылысын тездетуге үлес қосса, сол адам атаққа да, абыройға да, құрметке де ие. Білімді, мәдениетті интеллигент адам еңбекшілер бұқарасына мұндай еңбектің үлгісін көрсетуге борышты.

Адам санасындағы капитализм қалдығын жою, еңбекшілерді идея жағынан тәрбиелеу ісі неғұрлым жемісті болса, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеті де соғұрлым тез шешілетіні түспек. Ал, идеялық тәрбиенің басты мақсаты: әрбір совет адамының санасы өзінің бар ақыл-ойын, күші мен қуатын коммунизм құрылысын тездетуге аямай жұмсайтындай дәрежеге жеткізілуі қажет. Бұл міндетті жүзеге асыруда қоғамдық ғылымдардың атқаратын қызметі орасан зор.

Осыған орай, орыстың атақты ғалымының бірі Қ. А. Тимирязевтің мына сөзін еске салу өте орынды. Ол өзінің қоғам алдындағы борышын айта келіп, «ой еңбегімнің алғашқы күнінен бастап екі түрлі мақсат қойдым: ғылым үшін қызмет ету және халық үшін жазу» деген еді.

Міне, біздегі әр интеллигент осындай жоғары сезімде болуға тиіс. Кәзіргі басты талап та осы.

Партияның Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартудың келелі мәселелерін белгілеп берді.

Пленум шешімдерін халық бұқарасына кеңінен түсіндіру, еңбекшілердің инициативасын жаңа күшпен өрістетіп түсуге лайықты үлес қосу—әрбір интеллигенттің қасиетті борышы.

Совет халқын өз Отанын шексіз сүйу, жоғары саналылық рухында тәрбиелеу ісіне әдебиет пен өнер шеберлері, мәдениет қайраткерлері елеулі үлес қосады. Совет әдебиеті мен өнері еңбек адамдарының, алдыңғы қатарлы, идеялы күресшілердің, принципті, адал, жанашыл, ізденгіш адамдардың көркем бейнелері арқылы жаңа адам тәрбиелеуге көмектеседі.

Совет интеллигенциясының алуан түрлі еңбегі мен творчестволық табысы Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына тікелей байланысты. Коммунистік партия социалистік құрылыстың барлық кезеңінде де интеллигенцияны тәрбиелеп өсіруге ерекше көңіл бөліп келеді. Совет интеллигенциясы бұл қамқорлыққа ғылым мен білім, техника мен өндіріс, мәдениет пен өнер салаларындағы жаңа творчестволық табыстарымен жауап береді.



Мектептің өмірмен байланысы

Г. ЗАДОРЖНЫЙ

Коммунизм орнату дегеніміз—ең алдымен, халықтың талап-тілегін қанағаттандыратын материалдық-техникалық база жасау, коммунистік қатынастар орнату, жаңа адам тәрбиелеу. Бұл міндетті ойдағыдай орындауда жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісін өнімді еңбекпен, мектепті өмірмен байланыстырудың маңызы ерекше зор.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі Н. С. Хрущев жолдастың инициативасымен соңғы жылдары жалпы, политехникалық және мамандық беретін оқыту жүйесін ұштастыру, жас ұрпақты еңбекке баулу жөнінде бірсыпыра шараларды жүзеге асырды.

Халық ағарту жүйесін қайта құрудың мәнісін аша келіп, Н. С. Хрущев жолдас мұғалімдердің Бүкілроссиялық съезінде былай деді: «Қоғамдық қайта құрудың ұлы міндеттері жастардың мол білімді, шебер қолды, жалынды жүректі болуын талап етеді. Ортақ игілік мақсатындағы еңбекке деген сүйіспеншілік, коммунизмге шексіз берілгендік, бұл—қасиеттің ең қасиеттісі, аға ұрпақтың революциялық ісін оған әрі жүргізіп, аяқтау бақытына ие болғандар үшін өмір заңы».


Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1959 жылы 28 мартта қабылдаған мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы Заң республикамызда халық ағарту жүйесін бүтіндей қайта құрудың бастамасы болды. Бұл Заң қабылданғаннан бергі үш жылдан астам уақыт жаңа мектептің жас ұрпаққа жалпы, политехникалық білім беру және мамандыққа үйрету ісін ұштастыруға өте-мөте қолайлы екенін айқындады.

Жас ұрпақты өмірге, қоғамдық пайдалы еңбекке даярлау, жалпы және политехникалық білім беру, жастарды коммунизм идеялары рухында тәрбиелеу—кәзіргі мектеп жұмысының негізгі мазмұны. Балаларды оқыту, тәрбиелеу мақсаты өнімді еңбекпен, коммунистік құрылыстың тәжірибесімен тығыз ұштастырылып келеді.

Мектептің өмірмен байланысын нығайту жөніндегі Заңды және партияның XXII съезінің шешімдерін орындай отырып, республика халық ағарту орындары партия ұйымдарының басшылығымен мектептердегі оқу процесін қайта құрды, жаңа оқу жоспарлары мен программаларын енгізді, оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбекке араласуының, мектептен, кластан тыс жұмыстардың түрлерін белгіледі. Мектептің өндірістік оқу базаларын жасау, оқушылардың пайдалы еңбегін ұйымдастыру жөнінде кәзірдің өзінде бірсыпыра жақсы тәжірибе жинақталып отыр.

Республика мектептерінде 3 076 өндірістік оқу шеберханасы, 4 мыңнан астам физика, химия, биология, электротехника кабинеті жұмыс істейді. Мектеп шеберханалары 5 200 токарьлық, 709 ағаш сүргілейтін, 2 720 бұрғылау станогін және басқа көптеген жабдық алды. Мектептердің қарамағында 2 мыңға жуық автомашина, 558 трактор, 133 комбайн, 177 плуг, 99 культиватор және басқа ауыл шаруашылық машиналары бар.

Оқушылардың өндірістік оқуы үшін кәсіпорындардың цехтары мен учаскелерінде 28 626, ауыл шаруашылық мекемелерінде—11 673



транспортта — 1 032, құрылыста — 2 003 жұмыс орны бөлініп берілген. Міне, мұның бәрі жасөспірімдерді оқыту ісін өнімді еңбекпен ұштастыруға тиімді жағдай туғызуда.

Өндірістік оқу — мектеп жұмысының негізгі бір саласы. Өйткені, оқушылар ғылым негіздерінен теориялық білімін тек еңбек үстінде жетілдіре түссе ғана өмірге бейім маман азамат болмақшы. Ойдағыдай ұйымдастырылған өндірістік оқу ұстаздарға да, шәкірттерге де қуаныш, ал халық шаруашылығына өте пайдалы.

Кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың партия ұйымдары жас ұрпақты тәрбиелеуге, оқытуға баса көңіл бөліп, мектепке қамқорлықты күшейте бастады. Бұл ретте Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатындағы игілікті істерді атап айту керек. Комбинат коллективі осындағы № 6 орта мектепті қамқорлыққа алып, шәкірттердің өндірістік еңбекке дағдылануына жақсы жағдай жасап отыр. Комбинат коллективі мектепке төрт шеберхана, бірнеше кабинет жасап, оларды толық жабдықтап берді, мектептің станок паркін толықтырып, оны техникалық бақылауға алды, түрлі қажетті аспаптармен қамтамасыз етті. Комбинат мектеп шәкірттерінің өндірістік тәжірибе алуына түрлі кәсіпорын цехтарынан арнаулы орын да бөліп отырады. Биылғы жылы осы мектепті бітірген 22 оқушы кәмелеттік аттестатпен бірге маман-токарь, фрезеровщик, электрмен пісіруші, экскаватор машинисінің көмекшісі куәлігін алып шықты. Олардың ішінде 10 оқушы төртінші разряд, ал Петр Смирнов, Борис Коленов, Анатолий Безбородов, Вячеслав Ермак, Иван Николаев сияқты шәкірттер алтыншы разрядқа ие болды.

Әлбетте, мұндай нәтиже өздігінен келмеген. Бұл игі жемістің өзіндік сыры да бар. Оның негізгі сыры — мектеп пен комбинат партия ұйымдарының өндірістік оқуға ұдайы көңіл бөлуінде, өзара тығыз байланыс орнатып, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту қамын ойлауында. Мұнда өндірістік оқу Советі құрылған. Оның құрамына комбинаттың цех, учаске бастықтары, ірі мамандары, мектеп директоры мен оқу ісінің меңгерушісі кірген. Өндірістік оқу Советі мектеп шәкірттерін оқыту ісін ұйымдастыру жөніндегі методикалық орталыққа айналған. Советтің инициативасымен оқушылар үздіксіз бір айлық өндірістік тәжірибеден өткізіліп тұрады.

Комбинат партия комитеті мектептегі өндірістік оқуға үнемі көңіл бөліп, өзінің мәжілістерінде арнайы мәселелер талқылап отырады, іс үстіндегі кемшіліктерді ашып, оларды жою жолдарын белгілейді. Биылғы июнь айында партия комитеті өндірістік оқу Советінің жұмысын карап, кейбір мамандық бойынша оқыту-үйрету ісінің әлі де болса ойдағыдай жүрмей отырғанын, жекелеген ұстаздардың шеберлігі жеткіліксіз екенін ашып көрсетті. Партия комитеті бұдан былайғы жерде оқушылардың ескі жабдықтармен жұмыс істеуіне жол бермеу, оқушыларды арнаулы жұмыс киімімен қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылдады.

Осы облыстың Қарабалық ауданындағы Бөрлі орта мектебінің өндірістік тәжірибесі де назар аударарлық. Мұнда өндірістік оқу Советін совхоз директоры Сейтқалиев жолдас басқарады. Бұл мектептің оқушылары совхоздың ауыл шаруашылық жұмыстарына белсене қатысады. Совхоз мамандарының басшылығымен оқушылар жергілікті жағдайда дәнді және бұршақты дақылдардың, овощ дақылдарының түрлі сортын өсіріп сынайды, оларды жақсылап күтіп баптайды. Бөрлі мектебінің оқу-тәжірибе учаскесінің жұмысы республика оқу озаттарының слетінде мадақталып, мектеп коллективі Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен республика Оқу министрлігінің грамотасымен наградталды.

Осы сияқты Семей облысының Науалы орта мектебінде, Қарағанды облысының «Қызыл Арай» колхозындағы орта мектепте оқушылардың тәжірибе жұмысы жақсы жолға қойылған. Колхоздар бұл мектептерге арнаулы учаске, қажетті техника, мамаң оқытушылар бөліп берген. Соның арқасында осы мектептердің оқушылары механизатор мамандықтарын ойдағыдай меңгеруде.

Дегенмен, республика мектептерінде өндірістік оқуды ұйымдастыруда жекелеген кемшіліктер орын алулы. Бірсыпыра жерде оқу-тәрбие жұмысы өмір талаптарына сай емес. Кейбіреулер «оқуды өндіріспен ұштастыру қалалық мектептерге аса қиынға соқпайды, өйткені, оларда өндірістік база күшті, ал ауылдық жерде ол жоқ» дегендей сылтау айтады. Бірақ бұл жәй сылтау ғана. Партия ұйымдары бұл мәселені мемлекеттік маңызы зор мәселе деп бағалап, шындап қолға алатын болса, селолық жерлерде де мектепті өндіріспен байланыстыруға, оқу-тәрбие жұмысын қоғамдық пайдалы еңбекпен ұштастыруға әбден болады. Бұған Алматы облысы, Панфилов ауданының тәжірибесі айқын дәлел.

Панфилов ауданының партия ұйымдары мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде бастама көтеріп, барлық мектепте сабақты бір сменаға көшіргелі отыр. Биылдың өзінде аудан мектептерінің 35 проценті сабақты бір сменамен жүргізеді. Аудан партия, совет ұйымдары мектеп туралы Заңды жүзеге асыруға бүкіл жұртшылықты жұмылдыруда. Мысалы, ауданның «Октябрь» қой совхозының дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы мектепті өз қамқорлығына алып, оқушыларға арнап жаңа мектеп үйін, спорт залын салып берді. Ендігі жерде мектеп оқушылары үшін шеберхана үйін, теплица салуды белгілеп отыр. Совхоз дирекциясы оқушылардың ауыл шаруашылық тәжірибесінен өтуі үшін машиналар бөліп, мектептің оқу кабинеттерін жабдықтады.

Совхоз партия ұйымы (секретары Ш. Жамалдинов) мен мектеп партия ұйымы (секретары Ж. Сейітқожаев) оқушылардың ауыл шаруашылық практикасын өткізу жоспарын ақылдаса отырып белгілейді, оған басшылық ететін мамандар бөледі. Мектептің бастауыш партия ұйымы ғылым негіздерін, әсіресе политехникалық пәндерді оқыту жайында мәселелерді жиі-жиі талқылап, орын алған кемшіліктерді дереу жоюға күш жұмсайды. Машина негіздері пәнінің оқытушысы Хасанов пен математика, сызу пәндерінен сабақ беретін Үмбетов жолдастарға мектеп коммунистері едәуір көмек көрсетті. Олар ендігі жерде өздерінің сабағын жалаң теориямен өткізбей, жергілікті өмірге, совхоз шаруашылығына бейімдеп жүргізетін болды. Мәселен, оқушылар кластан тыс сабақтарда мектеп шеберханасының жобасын жасады. Кейіннен сол жоба бойынша оқушылар мектеп шеберханасына арнаулы үй салып алды.

Өткен жылы совхоз бойынша жүгерінің әр гектарынан орта есеппен 10 центнерден дән, 250 центнерден балауса жиналса, мектеп оқушыларының өндірістік бригадасы совхоздың 20 гектар жүгері егісін қамқорлыққа алып, оның әр гектарынан 25—30 центнерден дән жинады, ал 30 гектар жерден 350 центнерден балауса жинады. Биология пәнінің оқытушысы Бердібеков жолдастың басшылығымен мектеп шәкірттері жүгерінің тез пісетін және суыққа төзімді сорттарын шығару жөнінде тәжірибе жасады. Совхоз партия ұйымы шәкірттердің бұл талабын қолдап, олардың жұмысы жемісті болуы үшін совхоз мамандарын көмекке бөлді. Совхоз агрономы Алексей Ли, совхоз директоры И. Кузнецов, инженер Фомин және басқа мамандар мектеп түлектерінің білімін арттырып, мамандығын жетілдіруіне әрдайым қолқабыс, көмегін аямайды.

Осындай ортақ мүдде үстінде мектеп оқушылары мен совхоз жұмысшыларының байланысы нығая түсуде. Оқушылар егіс қосы басында, малды ауылда жиі болса, диқандар мен малшылар мектеп тұлғаларының сүйікті қонағы. Мәселен, биыл совхоздың таңдаулы шопандары М. Скаков, С. Бірімқұлов жолдастар мектептің жоғары класс оқушыларының ортасына келіп, өздерінің құрметті мамандығын, еңбек табыстарының сырын әңгімелеп берді. Мектептің өмірмен, өндіріспен байланысы жақсара бастағаны жайында ауданның басқа мектептерінен де көптеген мысал келтіруге болады.

Ал енді осы ауданға көршілес жатқан Талдықорған ауданында жағдай мүлде басқаша. Тіпті, партияның XXII съезі атындағы атақты колхоздың өзінде (председателі Асанов, партия ұйымының секретары Етекбаев жолдастар) балалардың өндірістік оқуына тиісті жағдай жасалмаған. Мұндағы мектептің қарамағында ешқандай ауыл шаруашылық машиналары жоқ, оқушылар тек қана плакаттар мен макеттер көріп, жалаң әңгіме тыңдауға мәжбүр. Жоспар бойынша дәл осы мектеп таяу жылдары колхоз өндірісіне 100 механизатор және егінші даярлап беруге тиіс. Бірақ бұл үлкен міндеттің ойдағыдай шешілуі екіталай.

Мектепке, мектеп мүдделеріне көңіл бөлмейтін басшылар қатарына Қарабұлақ қант комбинатының директоры Холодов, автобаза бастығы Рубан, Талдықорған автобазасының бастығы Васильев жолдастарды қосуға болады. Олар жергілікті мектептерге қамқорлық жасап, өндірістік оқуды жолға қоюға көмектесу орнына, қайткен күнде бойын аулақ салуға тырысады.

Ал бұл мәселеге Талдықорған қалалық партия комитеті мен қалалық Совет атқару комитеті тиісінше көңіл бөлмейді. Соңғы екі жыл ішінде қалалық партия комитеті өндірістік оқудың жай-күйіне байланысты бірде-бір мәселе талқылап көрмеген.

Мектеп ісі — партиялық іс. Н. С. Хрущев жолдас мұғалімдердің Бүкілроссиялық съезінде былай деген болатын: «Біз мектепті қайта құрудың барысында бірсыпыра жағдайда керенаулық, кертартпалық көріністерді кездестіріп жүрміз. Егер өндірістік оқуды ұйымдастыруда істің өз бетімен жіберілуін, майдагерліктің көріністеріне бастапқы кезде белгілі бір дәрежеде көнуге болған болса, ал кәзір осы істе мемлекеттік тәртіп орнататын мезгіл жетті».

Мектептегі өндірістік оқу мен оқушылардың еңбегі кәсіпорындар мен құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың өндірістік жоспарларымен біте қайнасып, астасып жатуға тиіс. Оқушыларды материалдық өндіріске мейлінше кеңінен тартып, оны дұрыс бағытта жүргізу — бүгін таңдағы мемлекеттік маңызы зор мәселе. Өйткені, мектеп оқушыларының еңбек өрісі жылма-жыл ұлғая бермек. Өткен жылы Оқу министрлігінің мектептерінде 2812 өндірістік бригада құрылып, оларға 99 мың адам қатысты. Ол бригадалар 50 мың гектардан астам жерге егін егіп, жоғары өнім алды. Биыл мектеп оқушыларының күшімен 45 мың 510 гектар дәнді және бұршақты дақыл, 5490 гектар техникалық дақыл, 2,5 мың гектарға жуық бау-бақша өсімдіктері өсірілді.

Бүгін таңда баса көңіл бөлуді тілеп отырған бір мәселе — оқушыларды өндірісте жұмыс орнымен қамтамасыз ету мәселесі. Өткен оқу жылында мектеп оқушыларының 37,5 проценті тікелей өздері жұмыс істеп үйренудің орнына, тек қана сырттай көз тігіп, бақылаушы болып қана жүргенін айтудың өзі ерсі. Республикамызда кәзір 112 орта мектепте, мыннан астам сегіз жылдық мектепте әлі күнге дейін шеберхана жоқ.

Мектеп шәкірттерін қандай мамандықтарға үйрету керек екенінде дұрыс ойластырған мақұл. Бұл жөнінде өткен жылы жеке облыстарда қателіктерге жол берілді. Кейбір мектептер жергілікті халық шаруашылығының мүдделерін ескермей, оқушыларды сол төңіректегі

кәсіпорындардың мүмкіндігіне қарай ғана мамандықтарға үйреткен. Бірер мысал келтірейік. Өткен оқу жылы республикамызда оқушылардың 16 проценті ауыл шаруашылық мамандығына, 13 проценті тігінші мамандығына, 10 проценті слесарь мамандығына, 8 проценті — егінші, 7 проценті — малшы, 6 проценті — ағаш ұстасы мамандығына оқытылған. Міне, бұл цифрлардың өзі-ақ бүгінгі таңда республиканың халық шаруашылығына өте-өте қажетті мамандардың аз екенін дәлелдейді. Мектептегі өндірістік оқуды бұлай бетімен жіберуге болмайды, шәкірттерді мамандыққа үйретуді халық шаруашылығының талаптарына бағындырып, бұл істі жоспарлы арнаға салу қажет.

Оның үстіне мына жағдайды ескерген жөн. Таяудағы жылдары мектеп оқушыларының саны кәзіргіден әлде қайда артады. Егер кәзіргі кезеңде өндірістік оқуға 100 мың оқушы қатынасатын болса, 1965 жылы олардың саны 215—220 мыңға, 1970 жылы 400 мыңға, 1980 жылдары 600 мыңға жетеді деп жобаланып отыр. Міне, оқушы саны мұндайлық өсіп отырған жағдайда мектептегі өндірістік оқудың болашағын дәйекті жоспарламайынша болмайды. Бірақ республика Жоспарлау комиссиясы, Қазақ халық шаруашылығы советі бұл мәселені әлі күнге дейін түбегейлі шешкен жоқ.

Халық ағарту жүйесінің қайта құрылуы бұл жұмысқа партия, совет ұйымдарының басшылығын жақсартуды талап етеді. Кәзірдің өзінде партия ұйымдарының мектепке басшылық әдісінде жақсы өнегелер туа бастады. Айталық, кейбір партия комитеттерінің жанында штаттан тыс мектеп бөлімдері жұмыс істейді. Олардың алғашқы қадамы тәуір. Мысалы, Рудный қалалық, Новочеркасс аудандық партия комитеттерінің қоғамдық негізде жұмыс істейтін мектеп бөлімдерінің игілікті істері көп. Мұның өзі штаттан тыс мектеп бөлімдері партия комитеттерінің халық ағарту саласына басшылық етуде сенімді тірегі бола алатынын білдіреді.

Жуырда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Республика мектептерінде тәрбие жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» арнаулы қаулы қабылдап, мектептің өмірмен байланысын нығайту, өндірістік оқуды жақсарту қажеттігін тағы да атап көрсетті. Бұл қаулыда былай делінген: «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және халыққа білім беру жүйесін бұдан былай дамыта беру туралы Занның жүзеге асырылуын күнделікті бақылап отыру керек, оқушыларды еңбекке және кәсіпке даярлау кең саяси негізде, үлгілі жүргізілуі қажет, жоғары класс оқушылары жұмысшы коллективтерінің өндірістік және қоғамдық өміріне батыл қамтылуы керек, олар еңбек озаттарының тәжірибесі негізінде тәрбиеленіп, мектеп оқушыларының өмірге саяси саналы, білімді және еңбек сүйгіш адам болып аяқ басуына күш салынуы керек».

Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу — еліміздегі коммунистік құрылыстың маңызды бір буыны. Сондықтан бұл жұмыс партия, совет, халық ағарту орындарының назарында әрдайым болуға тиіс.

Жастар творчествосы жайлы бірер сөз

А. НҰРҚАТОВ,

филология ғылымының кандидаты

Соңғы кезде әдебиет жұртшылығы жастар творчествосы жайынан жиі-жиі, әрі қызу сөз қозғап жүр. Бұл заңды да. Өйткені, туған әдебиетінің тағдырына шын жүректен тебіренетін әрбір көркем сөз шебері сол әдебиеттің болашағы туралы, яғни жас кадрлары туралы толғанбай, ойланбай қалмақ емес. Міне, кейінгі уақытта жастар мүддесі үшін жасалып жатқан шаралардан осындай камкорлық, тілек айқын сезіледі. Жас жазушылардың Бүкілодақтық кезекті кеңесі де осы мәселеге, яғни жас әдебиетшілер творчествосын жанжақты талқылауға арналып отыр.

Жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңестерін өткізіп тұру—әдеби өміріміздің жақсы дәстүрлерінің бірі. Кеңес жастар үшін творчестволық сыннан өту, әрі үйрену мектебі іспетті. Ол жас жазушылар мен ақындардың, драматургтер мен сыншылардың алғашқы шығармаларына, каламалдыларына баға береді және олардың болашақ жолын бағдарлап, бағыт сілтейді. Жас жазушылардың Бүкілодақтық алғашқы кеңестеріне қатынасқан О. Гончар, С. Антонов, Д. Гранин, Р. Гамзатов, П. Воронько, С. Орлов сияқты ақын-прозаиктер талай-талай жақсы шығармалар жазды. Сондай-ақ жас жазушылардың алғашқы кеңестеріне біздің республикадан қатынасқан М. Иманжанов, Х. Ерғалиев тағы басқаларының әңгіме, повестері мен өлең, поэмалары жұртшылыққа мәлім. Біз бұл ретте аталған ақын-жазушылар осындай дәрежеге көтерілгені үшін жоғарыда айтылған кеңестерге түгелдей борышты деген пікір айтудан аулақпыз. Бірақ бұл авторлардың өнерпаздық қызметіне кеңестің игі әсерін тигізгені күмәнсіз.

Жас жазушылардың биылғы Бүкілодақтық кеңесіне Қазақстаннан да бірнеше ақын-прозаик, сыншы бармақ. Олардың шығармалары баспасөз бетінде нақты талданып та жүр. Біз бұл мақалада жастар творчествосы және жас әдеби күштерді топтастыру, баулу жайындағы азды-көпті пікірлерді ғана ортаға салмақпыз.

Әдетте, «жас ақын» немесе «жас жазушы» деген ұғымның өзі белгілі дәрежеде шартты түрде айтылады. Өйткені, бірнеше кітап шығара жүріп, жасы егде тартып қалса да, творчествосы марқаймайтын авторлар болады. Сондай-ақ, керісінше, аз жазса да, саз жазатын қаламгерлер бар. Сондықтан бұл ретте кімнің жас екенін немесе кімнің жасамыс екенін саралап айырудың да, олардың шығармаларын толық камтуға ұмтылудың да орайы жоқ.

Кәзіргі уақытта әдебиетіміздің қатары жас күштермен үрдіс толығып келеді. Тіпті, жыл сайын дерлік жаңа лек, жаңа толқын бой көрсетеді. Осыдан аз уақыт қана бұрын балғын дауыстары естілген Е. Ибраһим, Т. Молдағалиев, З. Шүкіров, С. Жиенбаев, Ш. Мұхамеджанов орнын енді жаңа толқын басты.

Соңғы бірер жылда жас ақындардың тұңғыш өлеңдері іріктеліп «Жырға сапар», «Жас дәурен» атты екі жинақ болып шықты. Осы

екеуінің әрқайсысында отыз-қырық жас автордың сыр-лебізі бар. Н. Лушникова, Қ. Шілдебаева сияқты ақын-қыздардың тұңғыш жинақтары шықты. Ал Ж. Молдағалиев, Қ. Ысқақов, Ш. Құмарова проза саласында «тұңғыштарын» ұсынды. Әдебиетіміздің қаулап өсіп келе жатқан тың күштері бұл есімдермен ғана шектелмейді. Олардың саны әлдеқайда көп.

Бұл жастардың алды жнырмадан жаңа асып барады. Ұлы Отан соғысының қатал, қайсар шағы, сұсты кезі олардың есінде еміс-еміс қана сақталған. Бірақ соның өзін ұмытпақ емес және кәзіргі дархан, шадымен өмір үшін кімге қарыздар екенін де олар жақсы біледі. Жас ақын Тұрсынзада Есімжанов «Менің өмірбаяным» деген өлеңінде өмір жолын былайша толғайды:

Дәл-дұлдап қатер оғы ер шекпенін,
Танктер салмағынан жер шөккенін
Көргем жоқ, кәдірлі Отан, айып етпе,
Мен сида бесайлықпын, емшектемін...

Өмірдің шанасында сырғанағым
Келмейді—өйткені мен жнырмадамын.
Табиғат асылына көзім түссе,
Қиылмай, тартыл алам қимағанын.

Өлеңнің лирикалық қаһарманы өмірге өктемдік етумен бірге өзінің рухани дүниесінің тазалығымен, жарқын арманымен де айқын көрінеді. Оның:

Кестелеп туған жердің толырағын,
Елімнің күйге бөлеп кең тұрағын.
Тек қана жарқыраған жақсы сөзбен
Мен өмірбаянымды толтырамын, —

деген жолдарын жас буын өкілдерінің әрқайсысы-ақ айта алады.

Осы ерекшелік, яғни өз замандастарының ой-сырын ақтарып, оларға тұтастай ортақ күйлерді жырлауға талпыну Қ. Мырзалиев өлеңдерінде де бар. Әдебиетке балаларға арналған ойнақы да ойлы өлеңдерімен келген жас ақын кәзір «үлкендер» поэзиясына да батыл құлаш ұрып жүр. Қ. Мырзалиевтің соңғы кезде жазған «Данышпан» атты толғауы оның ақындық қуатын айқын аңдатады.

Жас ақындарымыздың өнерпаздық қадамының жемісті болуына, олардың балғын өнерінің кең арнада, шоласыз өсіп дамуына қажет жағдайдың бәрі бар. Ғажайып даналыққа, жасампаз жігерге толы өміріміз, қайталанбас уақытымыздың шындығы жас қаламгерлерге сансыз көп тақырып та, сарқылмас шабыт та береді. Оның үстіне олар ұлы орыс әдебиетінің және Абай, Сәкен, Ілияс, Сәбит, Қасымдардың ақындық өнеріне кенелген қазақ поэзиясының озық тәжірибесін, көркемдік сырын еркін баурап, солардан үйрене алады. Сондықтан да олардың өлеңдерінде ақындық мәдениет, толысып, түлеп өсіп келе жатқан көркемдік жақсы сезіледі.

Жас ақын Қ. Баянбаев өрелі ой айтуға, түйін жасауға икем. Оның Ленинге арналған «Сол сәби» атты өлеңі — жастар поэзиясының ең жақсы үлгілерінің бірі. Кемеңгер Ленин туралы, Коммунистік партия туралы жырлар басқа жас ақындардың шығармаларында бар. Жас ақын М. Мақатаев Ленин жайында лирикалық-эпикалық поэма жазды.

Жақсы талантпен ғана жақсы ақын болу қиын. Тіпті әдебиеттің қай жанры да қаламгерден білімдарлықты, ой тереңдігін талап етеді. Зор білімсіз, нәрлі де аталы ой-пікірсіз келелі шығарма жазу мүмкін емес. Жас ақындардың көпшілігі осыны кәміл түсінетін тәрізді. Мұны кезінде академик-жазушы М. Әуезов те атап көрсеткен еді: «Біздің

дәуірімізде оқымысты ақындардың өмірге келгендігінің бір белгісі — қазақ әдебиетінің өзіндегі дәстүрлер ғана емес, айналасын көріп, шарлап қалғандығы байқалады. Твардовский, Исаковский, Вургун, Гамзатов сияқты ақындар қалай жырлайды? Айналаны, есікті түртіне жүргендігі байқалады. Жалғыз қазақ әдебиеті көлемінде өзімен өзі болып, жалғыз шапқан аттың көдеден, бұтадан озғаны сияқты болу жарамайды. Ұлы орыс әдебиетін, туысқан тілдес елдердің әдебиетін, тілі бөлек әдебиет ақындарының аудармаларын оқып, үлгілерін көре отырып, ойлана отырып іздену деген — оқыған жастардың поэзияға келіп жеткендігін көрсетеді».

С. Асанов, Ж. Қыдыров, Қ. Мүсірепов, Қ. Мұқашев, Ж. Нәжімеденов, Ә. Кекілбаев тәрізді жастардың ең тәуір өлең-жырлары бұған айғақ. Жас ақындардың өлеңдік түр, өлшем жағынан ізденістері де жоқ емес. Мұның тәуір үлгілерін С. Асанов, Қ. Дәрібаев, Ә. Кекілбаев тәрізді авторлардан молырақ байқаймыз.

Соңғы кездегі жастар поэзиясындағы бір ерекшелік — ақын қыздар қатарының молайып келе жатқаны. Қазір М. Айтхожина, Қ. Шілдебаева, Р. Қунақова, Ы. Бекбергенова, М. Сейітова өлеңдерін жиі оқимыз. Ал өлең-жырларын қазақ тілінде жазатын Надежда Лушникованың балғын поэзиясының орны тіпті өзгеше. «Елім менің» атты тұңғыш жинағына кірген өлеңдерінен Н. Лушникованың қазақ тілі байлығын өте жетік білетіндігі, оның бояу, өрнегін жақсы баурағандығы байқалады. Жас ақын өз сырын былайша тербейді:

Жүрегінді тербеген
Әнің болғым келеді.
Өмірінді гүл еткен
Сәнің болғым келеді.
Өзің баптап жайқалтқан
Құрағың болғым келеді.
Тынық түннің көгінде
Шырағың болғым келеді.
Арманыңның түбінде
Сырың болғым келеді,
Жарып шыққан жүректі
Жырың болғым келеді...

Шындығында, Н. Лушникованың жинағында ел-мекенге, туған жерге арналған, жүректі жарып шыққан мөлдір жырлар көп. Егер О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, М. Жұмағұлов, А. Алтаев сияқты қазақ жастары өз шығармаларын ұлы орыс халқының тілінде жазса, орыс қызы Н. Лушникова, чечен қызы Р. Қалиматова, ингуш жігіті З. Мусаев өз жүрегін кернеген ойларын қазақ тілінде шертеді. Бұларда — халықтар достығының, әдебиеттер туысқандығының айқын бір көрінісі.

Жас ақындардың ішінде О. Әубәкіров, О. Иманалиев тәрізді сатиралық сарында жазатындары бар. Бұлардың ең тәуір өлеңдерінен батылдық пен тапқырлық та, дөп тиетін уыттылық пен өткірлік те байқалып жүр. Бірақ жастардың сықақшыл болуға ұмтылған талабы өнебойы сәтті шыға бермейді. Мәселен, жас талап Қ. Сыдықов «Сауатты қарға» деген мысал өлеңінде белгілі ақын С. Михалковтың бір өлеңін қайталаған да қойған.

Тұтастай алғанда жастар поэзиясында болашағынан үміт күттірерлік қабілетті, ойлы жас талаптар мол екені, олардың іздену, өсу жолында екені даусыз. Сонымен бірге онда ойласарлық, көңіл қобалжытарлық жәйттер де баршылық.

Жастар поэзиясындағы етек алып кеткен ең негізгі олқылықтардың бірі — тақырыптың ұсақтығы мен тарандығы. Олар бұрынды-соңды қаламгерлерді де, өзді-өздерін де жиі қайталайды. Барлығының

да дерлік өлендерінде таң, гүл, нажағай, жаңбыр, терек, оның түбінде сырласқан екі ғашық—міне көбінесе осылар ғана көлендеп жүреді. Жас ақындардың соларды жырлауында да айырмашылық, өзгешелік шамалы. Олардың ішінде махаббат тақырыбына жазбайтыны жоқ. Бұл заңды да. Жастық пен махаббатты бір-бірінен ажыратуға болмайды. Махаббаттың жарқын қуанышы да, реніш қасіреті де абзал күйінде жырлануға тиіс. Ал сезімді улайтын, көмескі күйлерге бастайтын, арзан тұрақсыздық пен мешандықты уағыздайтын жырлар бізге, біздің қоғамның моральдық, эстетикалық принциптеріне мүлдем жат.

Біздің көптеген жас ақындар осы талаптың деңгейінен шыға бермейді. Мәселен, Қ. Дәрібаевтың:

Сенің қара бұрымың
Шылбыр болса, сырласым,
Сағынышты жанымды
Шынжыр болып шырмасын.
Күміс күлкің сыңғыры
Кісен болып қинасын,
Гүл — кірпігің кеудемді
Тікен болып тырнасын.
Қос білегің мойныма
Дұзақ болсын — шыдайым,
Ұзақ болсын сол өмір,
Ұзақ болсын ләйім, —

деген өлеңінен жас жандар қандай тағлым, эстетикалық қандай ләззат алмақ, не үйренбек?

Лирика, оның ішінде әсіресе махаббат лирикасы кімді болсын қызықтырады. Бірақ оны альбомдық дәрежеде қалдырып, камералық күймен ғана шектеуге болмайды. Оны Маяковскийше жырлау, оның әлеуметтік, азаматтық сарынын асқақтата көтере жырлау қажет.

Жастар поэзиясындағы тағы бір кемшілік,—олардың уақыт талабын, уақыт рухын терең сезініп, жете аңғара бермейтіндігі. «Жырға сапар», әсіресе «Жас дәурен» жинағына енген талай-талай өлеңді оқи отырып, солардың қай дәуірде жазылғанын, қай заман ақынының қаламынан туғанын сезіну қиын.

Жастар біздің бүгінгі өмірімізден тіптен аз жазатын сияқты. Өлендерде белгілі бір бағыт, нысана, мазмұн жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды—жастар өз дәуіріміздің бел баласы болуға, яғни өз уақытымыздың ұлылығын, өз замандастарымыздың ғажайып бейнесін жырлауға, шынайы суреттеуге тиіс. Асқақ ойдан, терең парасаттан, уақыттың ең түбегейлі моральдық-этикалық талабынан тайқақсып, сырт қалған шығарманың күні қаран. Біздің жас поэзиямыз уақыт үніне құлақ асып, саяси өткірлік пен дәуір лебін, азаматтық сарынды барынша мол баурауға тиіс. Сонда ғана оның қоғамдық мән-маңызы күшеймек, сонда ғана ол психологиялық, интеллектуальдық, көркемдік жағынан есейіп толыспақ.

Соңғы жылдары жас авторлар проза мен сын жанрында да көзге түсе бастады. Ж. Молдағалиевтің, Б. Тоғысбаевтың, Қ. Ысқақовтың повестері, М. Сүндетов пен Ш. Құмарованың әңгімелер жинақтары, Р. Тоқтаров пен С. Мұратбековтың үлкенді-кішілі прозалық шығармалары олардың өз үні, өз қаламының ізі бар екенін танытады. Сондай-ақ, З. Серікқалиевтің, А. Сүлейменовтың, Ә. Кекілбаевтың сын мақалалары назар аударарлық. Олар әдебиет пен көркем өнер туралы өз ойларын айтуға, әрі соны шыншылдықпен, шеберлікпен айтуға ұмтылады.

Бірақ, осыларға қарап жас ақын-жазушылар бәрін тындырып тастады деп қорытуға болмайды. Оларда талант пен білім бар, өмірге, өнерге құштарлық бар. Сол талантты мәпелеу, сол білімді тереңдете түсу, жас қаламды мұқалтпай ұштай беру, халықпен, оның еңбегімен байланысты күшейту парыз. Осы орайда М. Шолоховтың жас әдебиетшілердің өткен бүкілодақтық кенесінде айтқан мына бір сөздері еске түседі: «Сіздердің көпшілігіңіз облыстардан келгенсіздер. Бұл жақсы. Өйткені, сіздер өмірге жақынырақ тұрсыздар. Мен сіздердің әдебиетте шау тартып қалмауларыңызды тілер едім. Ал сіздер творчестволық жағынан тез есейіңіздер. Сөйтіп, сіздердің творчестволық есеюлеріңіз тек бізді, жазушыларды ғана емес, оқушыны—зор да талапты оқушыны, дүниеде теңдесі жоқ оқушыны қуантсын».

Әдебиетіміздің жас күштерін топтастыру, оларға творчестволық бағыт сілтеу жағынан бізде бірталай жұмыс істелді. Бірақ мұнымен де іс тынып қалмақ емес. Ал осы мәселе, яғни жас жазушыларға қамқорлық жасау, оларды тәрбиелеу мәселесі бізде қандай дәрежеде? Осыған байланысты бірер сөз айта кеткен жөн.

Қазақ совет әдебиетінің жас күштері мол екені және олардың қаулап өсіп келе жатқаны әркімге-ақ аян. Әдебиетіміздің поэзия, сын жанрларында және балалар әдебиеті саласында жастар жемісті, әрі белсенді еңбек етіп жүр. Тіпті, ұлттық әдебиетіміздің нағыз кемел, жетекші жанры — көркем прозада да жастар өз талантын танытып тастады. Бірақ бұл айтылғандардан жас әдебиетшілердің еңбектерінде және оларды тәрбиелеу ісінде ешқандай кемшілік жоқ деген ұғым тумасқа керек. Керісінше, бізде әдебиеттің жас күштерін топтастыруда, оларды баулуда әлі де болса көптеген олқылық бар.

Біздіңше, көркем сөз өнеріне қабілеті бар жас талаптарды дер кезінде байқап, оларға творчестволық, жәрдем көрсету ісінде республика жазушылар Одағы белсенді, дәйекті қызмет атқара алмай келеді. Одақ өздерін белгілі дәрежеде көрсеткен жастарды ғана таниды және көбінесе сол Одақтың мүшелері болып саналатын авторлармен ғана жұмыс істеседі. Қазақстанда жас жазушылардың творчествосына көңіл аз бөлінетінін, республика жазушылар Одағының мұны жете ескермейтінін «Литературная газета» биылғы бір бас мақаласында әділ сынады.

Жазушылық тәжірибесі аз, көргені мен білгені тапшы болып келетіндіктен жас авторлардың қай-қайсысы да қаламгерлік көмекке ділгер. Сондықтан оның алғашқы шығармалары жайында пікірді кімнің айтқандығының және қалай айтқандығының маңызы ерекше. Осынау ақиқат бізде көбінесе ескеріле бермейді.

Сондай-ақ, жас жазушылардың тұңғыш шығармаларын редакциялауға да айрықша мән берілуі қажет. Тәжірибесі мол, іскер редактор жас авторға көп жәрдем, демеу көрсете алады. «Жырға сапар», «Жас дәурен» атты жинақтардағы қайсыбір кемшіліктердің сыры осында. Сондықтан жас талаптардың шығармаларына пікір айтуға, оларды редакциялауға кәнігі, тәжірибелі әдебиетшілердің өздері ат салысуға тиіс.

Соңғы жылдары көптеген жас ақын, жазушылардың өлеңдер және әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Тұңғыш кітап—жас автордың творчестволық өмірбаянындағы елеулі оқиға. Сондықтан да жас талаптардың шығармалары жеке кітап болып шығуын тек құптау ғана керек.

Жастардың өнерпаздық жолында тез есеюі олардың алған әдеби тәрбиесіне де байланысты. Нашар шығарма жазудың түп тамыры тек қана дарынсыздықта деп қарау сыңаржақтылық болар еді. Біздіңше, мұның бір төркіні талғаусыздықта жатыр.

Ал жас әдебиетшілерде көркемдік талғаудың, әдемілік сезімінің ұшталмауына мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы әдебиеттен сабақ беретін оқытушылар да ортақ. Олардың кейбіреуі өздерінің айтқандарын шәкірттерінің айна-қатесіз, бұлжытпастан қайталап шыққанын көңілге медеу, құр жұбаныш етеді. Ал болашақ әдебиетшілерді даярлау, қалыптастыру мәселесі оларды көп толғандыра бермейді. Соның салдарынан әдебиеттің жанды өміріне терең араласып, белсенді еңбек етуге жеткілікті творчестволық әзірлігі де, білімі мен дағдысы да жоқ, әрі-сәрі әдебиетшілер келіп шығады. Жоғары оқу орындарын бітірген, тіпті ғылыми дәрежесі бар көптеген жас әдебиетшілердің өз ойларын жатық, айқын да ашық жеткізіп бере алмайтыны, яғни дұрыстап жаза алмайтыны бұған дәлел. Жас әдебиетшілерді даярлаудың аса маңызды саласының бірі—оларға әдеби тәрбие беру жайында келелі мәселе қозғайтын уақыт жетті.

Біздің тәжірибелі ақын, жазушыларымыз жастарға қамқорлық жасау, оларды баулып үйрету ісімен өздері тікелей, әрі өнебойы шұғылданып отыруға тиіс. Бұл — тек жастардың ғана тілегі емес. Халқымыз коммунистік қоғам орнатып жатқан ұлы дәуір де, әдебиетіміздің болашағын ойлаудан туатын ұлан-ғайыр мүдде де осыны талап етеді.

Партия тұрмысы

Партия Уставының талабын қатаң сақтау—парыз

Ж. ӘУБӘКІРОВ,

*Алматы облыстық партия комитетінің партия
органдары бөлімінің меңгерушісі*

КПСС Уставы — партияның ішкі өмірі мен қызметінің бұлжымаөзгерісінсіз заңы. Бұл заңды қатаң сақтау және оның орындалуын қадағалап отыру партияның орталық және жергілікті органдары жұмысының негізгі мазмұны болып табылады. Қандай ұйымның, партияның қандай басшы органдарының жұмысы, ең алдымен, олардың Програма мен Уставтың талаптарын, партияның Орталық Комитетінің директиваларын жүзеге асыруына қарай бағаланады.

Партия ұйымдарының іскерлігі мен жауынгерлігі партия құрамының сапасына байланысты. Партиямыздың тарихи XXII съезі Уставтың партия мүшелігі туралы тармақтарына көптеген маңызды өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістерді енгізудегі мақсат партия ұйымдарының беделін, жауынгерлігін және инициативасын арттыру, партия қатарына еңбекшілердің ең таңдаулы өкілдері қабылдануын қамтамасыз ету, партия мүшелерінің өз правосын толық пайдалануына мүмкіндік жасау еді.

Партияның XXII съезінің шешімдерін орындай отырып, Алматы облысының партия ұйымдары партия қатарын өсіру және жас коммунистерді тәрбиелеу жөнінде көп жұмыс істеді. Осыған байланысты облыс партия ұйымдарының құрамы сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да айтарлықтай жақсара түсті. Облысымыздың бірсыпыра қалалық және аудандық партия комитеттері партия қатарына қабылданып отырғандардың сапа құрамына, олардың саяси білімі, сана-сезімі жоғары болуына, коммунизм ісіне берілуіне, сонымен бірге партия қатарына тікелей материалдық өндірісте істейтін адамдардың көбірек қабылдануына баса назар аударуда.

Алматы қаласының Ленин, Октябрь аудандарында, Текелі, Талдықорған қалаларында, Киров, Ақсу, Андреев, Кеген, Нарынқол, Жамбыл аудандарында партия қатарына алынғандардың ішінде жұмысшылар мен колхозшылар 61 проценттен 79 процентке дейін жетті, бұлардың көпшілігі шаруашылықтың шешуші буындарында істейтін озат адамдар.

Партияның XXII съезінің шешімдері партия жұмысының барлық саласына игі әсерін тигізді. Шаруашылықтың барлық саласына да партиялық ықпалдың күші арта түсті. Кейінгі екі жылдың ішінде облыстың партия ұйымының құрамы 12,4 мың адамға немесе 22 процентке көбейді. Партия мүшелері мен кандидаттарының 46 процентке жуығының жоғары және орта дәрежелі білімі бар. Бұлардың ішінде 10 мыңнан астам маман—инженер-техник, экономист, агроном, зоотехник, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының түрлі салаларында, ғылыми мекемелерде жұмыс істейді.

Соңғы кезде бастауыш партия ұйымдары айтарлықтай іріленді, сонымен қатар цех партия ұйымдары мен партия топтарының саны көбейді. Қазір облыста 2 203 бастауыш партия ұйымы, мұның ішінде 90 партком, 780 цех партия ұйымы мен 810 партия тобы бар.

Партия ұйымдарының өсуі шаруашылық жұмыстың, мемлекеттік және саяси жұмыстың барлық саласында партиялық ықпалдың күшейе түсуіне мүмкіндік туғызды. Қазір облыста коммунистердің жаратысынан көбі тікелей материалдық өндірісте — кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда жұмыс істейді. Коммунистердің барлығы дерлік шаруашылық пен мәдени құрылыста ұйымдастырушы күш ретінде алдыңғы сапта болып, лениндік партияның мүшесі атағын өздерінің іс-үлгісімен ақтауда.

Партия қатарын маңдай алды еңбекшілер есебінен өсіру және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысының жалпы жақсара түсуімен бірге, бұл істе елеулі кемшіліктер де бар. Облыстық партия комитетінің бюросы үстіміздегі жылдың ішінде партия қатарын өсіру және коммунистерді тәрбиелеу туралы екі партия комитетінің есебін тындап, көптеген кемшіліктердің бетін ашты, сөйтіп ол кемшіліктерді жою шараларын қолға алды.

Партия қатарын сапалы етіп өсіру жұмысындағы негізгі кемістік кейбір бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттері партия қатарына, ең алдымен, озат жұмысшылар мен колхозшыларды және өндірісте істейтін интеллигенцияны алу ісіне әлі де жеткілікті көңіл бөлмейді. Міне, осының салдарынан кейбір кәсіпорын, совхоз және колхоз партия ұйымдарының құрамында жұмысшылар мен колхозшылар аз. Әсіресе, трактор-егіс бригадасында, мал фермаларында, отарларда істейтін коммунистер аз, партиялық ықпал ойдағыдай болмай жүр. Мысалы, Балқаш ауданының партия ұйымдарында партияға қабылданғандардың ішінде жұмысшылар мен колхозшылардың саны биыл өткен жылғы 43,2 проценттен 40 процентке дейін, Қапал ауданында 63,7 проценттен 48,9 процентке дейін, Панфилов ауданында 53,7 проценттен 49,2 процентке дейін азайған. Ал Іле ауданының партия ұйымдары өткен жылы 160 адамды партия мүшелігіне кандидаттыққа алған болса, мұның ішінде 4 шопан, 1 сауыншы, 4 тракторшы, 1 комбайншы ғана бар.

Бұл айтылғандардан, әрине, совет интеллигенциясынан, қызметкерден партия қатарына адам алуды тежеу керек деген ұғым тумайды. Коммунизм құрылысының барысында ғылым мен техника, өндірісті автоматтандыру және механикаландыру ісі кең өріс алған сайын интеллигенттердің, қызметкерлердің материалдық өндірістегі ролі арта түсіп келеді. Алайда, партия қатарының өсуі өнімді молайту ісіне партиялық ықпалды күшейтуге тікелей байланысты болуы керек.

Бізде әлі де болса ұсақ әлсіз партия ұйымдары баршылық. Әрине, мұндай ұйымдар шаруашылық пен мәдениет құрылысына жеткілікті өтімді ықпал жасай алмайды. Мұндай кемшілікті жойып, бастауыш партия ұйымдарын өсіруге, күшейтуге бізде мүмкіндіктер мол. Өнеркәсіп орындары мен колхоз-совхоздарда мындаған озат адамдар, актив жұмыс істейді. Осылай бола тұрса да облыстың 135 кәсіпорын бастауыш партия ұйымында коммунистер саны 5-тен 25-ке дейін ғана. Сол сияқты кейбір колхоз-совхоз партия ұйымдарының өсуі шабан. Облыста 21 колхоз-совхоз партия ұйымының әр қайсысында 15—25 ғана коммунист бар.

Мұның өзі бірсыпыра партия ұйымдары мен партия комитеттерінің партия қатарын озат адамдардың есебінен өсіре беру ісіне жеткілікті көңіл бөлмейтінін көрсетеді. Мысалы, Қаскелең ауданында 50 бастауыш партия ұйымы партия қатарына биыл ешкімді қабылдамаған. Мұндағы колхоздар мен совхоздарда партия қатарын өсіруге

мүмкіндік мол. Өнеркәсіп орындарында, совхоздарда істейтін жүздеген озат жұмысшы, қоғамдық игілікті молайта беруге лайықты үлес қосып жүрген 550 шопан, 490 сауыншы және 1,500 механизатор, тағы басқалар бар. Осылардың көпшілігі-ақ қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын озат адамдар.

Партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының ішкі жұмысын, коммунистердің авангардтық ролін арттыру жөніндегі жұмыстарды жолға қоюға күнделікті көмектесіп отыруға тиіс. Шынында, коммунистер өндірістің шешуші буындарына дұрыс орналастырылған, олар қоғамдық борышты орындауда үлгі көрсетіп отыратын ұйымдарда, партия ұйымдарының партияда жоқ активтермен байланысы күшті жерде, қысқасын айтқанда қызғылықты да мазмұнды жұмыс істейтін партия ұйымдарында партия қатары да жедел өсуде.

КПСС Уставының партияға кірушілерді жекелеп таңдап алу және олардың жеке басының қасиеттерін жете тексеру жөніндегі принциптері қатаң жүзеге асырылуға тиіс. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында атап көрсеткендей, кәзір коммунизм үшін күрес жүргізіліп жатқанда, партияға кіруші әрбір адамға коммунистік құрылыстың қай учаскесінде болсын алдыңғы қатардағы жауынгер болу талабы қойылады. Партияның Уставы әрбір коммунистен еңбекке коммунистік көзқарастың, жоғары идеялылықтың, кемшіліктерге, құлқынқұмарлыққа, арамтамақтыққа ымырасыз болудың үлгісін көрсетуді талап етеді. Уставтың бұл талаптарын бұлжытпай жүзеге асыру партия қатарына лайықсыз адамдардың өтіп кетпеуін толық қамтамасыз етеді.

Міне, осыған қарамастан, кейбір жерде партия ұйымдарының бір-қатары партия қатарын өсіру мәселесіне жеңіл-желпі қарау, Уставтың талаптарын бұзу фактілері кездеседі. Мысалы, Алматы қаласының Совет аудандық партия комитеті 1961 жылдың июнь айында сурет-өндіріс мастерскойының аға мастеры Х. Қаналимовты партия мүшелігінің кандидаттығына алған. Ал Х. Қаналимов коммунист деген құрметті атқа кір келтіретін лайықсыз адам болып шыққан. Ол өтірік наряд және актылар жасап, «Турксиб» санаториясының клубынан заңсыз 400 сом мемлекет ақшасын бас пайдасына жаратқан. Бұл үшін оны осы партия комитетінің партия мүшелігіне кандидаттан шығаруына тура келді. Осы партия комитеті жақында партия мүшелігіне кандидат болып қабылдағанына жарты жыл ғана болған Қ. Арзумов дегенді де кандидаттықтан шығаруға мәжбүр болды.

Текелі қалалық партия комитеті 1960 жылдың август айында Г. Я. Приходьковты кандидат қатарына алған. Ал 1961 жылдың октябрь айында нормировщик болып жұмыс істеген кезінде өтірік документтер жасап, мемлекеттің 3 672 сом ақшасын талан-таражға салуға қатысқаны үшін Приходьков кандидаттықтан шығарылды.

Партия қатарына адам алудағы бұл сияқты кемшіліктер басқа да партия комитеттерінің жұмысында кездеседі. Шынын айтқанда бұл кемшіліктердің орын алуына себеп, ең алдымен, бастауыш партия ұйымдары және партия комитеттері, олардың басшылары, партия комитеттерінің ұйымдастыру бөлімдері партия қатарына адамдарды жекелеп таңдап алу жөніндегі Устав талаптарын қатаң жүзеге асырмайды.

Партияның Орталық Комитеті ноябрь Пленумының шешімдеріне сай аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарына басшылық ету, партияның қатарына адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу жөніндегі КПСС Уставында белгіленген бүкіл праволар мен міндеттері ендігі жерде колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының партия комитеттеріне жүктеледі. Партия комитеттері бұл істегі орын алып келе жатқан кемшіліктерді жойып, партия қатарын материалдық өнді-

рістің шешуші буындарында жұмыс істейтін озат адамдармен толықтыру және жас коммунистерді тәрбиелеу жөнінде партия Уставының талаптарын қатаң жүзеге асырып отыруға міндетті.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрес партия мен халық үшін ең маңызды міндет. Демек, партия ұйымдары партия қатарын, ең алдымен, материалдық өндіріс саласында істейтін озат адамдар есебінен өсіруге зер салулары керек.

Партия қатарының өсуін басқару дегеніміз жай ғана статистиканы жинақтау емес. Бұл үшін партия ұйымдары адамдар арасында ұдайы жұмыс жүргізуге міндетті, сөйтіп, партия қатарына коммунист деген атақты жоғары ұстауға лайықты адамдарды тандап алулары қажет, бұл үшін партияға кірушілердің әрқайсысының қоғамдық өндіріске қандай үлес қосып жүргенін қатты ескеру керек.

Партия құрамын таза сақтауға қамқорлық жасау партия қатарына кірушілерге кепілдеме беруші коммунистердің де жауапкерлігін көтеруді талап етеді. Партия қатарынан түрлі себептермен шығарылғандар аз емес. Әрине, кепілдеме берген коммунистер оларды партияның сенімін ақтайды деп партия ұйымдарын сендірген болатын. Партия Уставында партия қатарына кірушілерге кепілдеме берушілердің жауапкершілігі жөнінде анық айтылған. Олай болса, лайықсыз адамдарды партия қатарына ұсынған коммунистер партия ұйымының алдында жауап берулері керек. Бірақ бұл талап партия ұйымдарының көпшілігінде жеткілікті жүзеге асырылмай келеді.

Партия комитеттері мен партия ұйымдары партия Уставының талаптарын берік сақтап, кепілдеме беруші коммунистерден партияға өтетін адамдардың сапасы үшін қатаң жауаптылық талап етуге тиіс. Бұл партия қатарының сапалы болуын қамтамасыз етеді.

Партия қатарын өсіру жұмысын жақсартуға соңғы кезде қолайлы жағдайлар туып отыр. Жаңа Программа мен Уставтың талаптарына сәйкес әрбір партия комитеттерінің жанынан партия қатарына кірушілердің ісін алдын ала қарайтын қоғамдық комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялардың көпшілігі-ақ аз уақыттың ішінде бірқатар жұмыс істеді. Андреев, Еңбекшіқазақ, Гвардия аудандық партия комитеттерінің жанындағы комиссиялар партияға кірушілердің ісін уақытында талдап қарап, олар жөнінде өздерінің дұрыс пікірлерін беріп отырады. Сөйтіп, олар партия қатарына лайықты адамдардың қабылдануына көмек көрсетуде.

Бірақ бұл комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруда да елеулі кемістіктер бар. Кейбір партия комитеттерінің секретарьлары комиссия мәжілістеріне өздері қатыспай бұл жұмысты ұйымдастыру бөлімдеріне бүтіндей тапсырып қойған.

Партияға мүше алу, жас коммунистерді тәрбиелеу, партия қатарының сапа құрамын жақсарту беру жөніндегі мәселелер—партия комитеттерінің күнделікті шұғылданатын аса жауапты міндеттерінің бірі. Бұл мәселелерді бюро, пленум мәжілістерінде, партия активтерінің жиналыстарында оқтын-оқтын қарап, талқылап отырған жөн.

Партия Уставының ережелері мен талаптарының қатаң жүзеге асырылуы партия қатарының сапа құрамының жақсара беруін, партия ұйымдарының іскерлігі мен белсенділігінің арта беруін, сөйтіп, олардың коммунизм құрылысындағы ролінің арта беруін қамтамасыз етеді.

Кеншілер жарысының жаршысы

Ленин көмір тресіне қарасты № 70 шахта коллективі Қарағанды бассейніндегі кеншілер арасында зор құрметке ие болуда. Шахта кеншілері бірнеше жыл бойы жақсы жұмыс істеп, мемлекеттік жоспарды техника-экономикалық көрсеткіштер бойынша орындап келеді. Мұнда жеті жылдықтың басынан бері жоспардан тыс 200 мың тоннадан астам көмір шығарылды.

Шахта үстіміздегі жылдың өткен айларында жоспардан тыс Отанға мыңдаған тонна көмір берді. Бұл табысқа қалай қол жетті? Мұндай үлкен табыстың сыры—көмір өндіру процесін толық механикаландырудың, озат әдістерді көп қолданудың нәтижесі. Бұл, сайып келгенде, шахта партия ұйымының көмір үшін күресті іскерлікпен ұйымдастыра білуінің нәтижесі. Шахта коммунистері кеншілерді қабилданған міндеттемені орындауға жұмылдыруға айрықша көңіл бөліп, еңбек тәртібін нығайта түсті. Кеншілердің өнімді жұмыс істеуіне және тұрмыс жағдайына қамқорлық жасалды.

Шахтада жаңа техниканы меңгеру жұмысы алғашқы кезде ойдағыдай болмады. Жаңалықты өндіріске енгізуден тайсақтап үйреншікті ескі әдіс бойынша істей беруді жақтаған бірен-саран адамдар да табылды. Бірақ шахтаның жаңалыққа жаны құштар жандары табандылық көрсетті, оларды партия ұйымы қолдап отырды. Партия ұйымының техникалық прогресс үшін табанды күрес жүргізгенін «К-52 М» маркалы комбайны мен «КИП-350» конвейерін өндіріске енгізу айқын көрсетеді.

Шахта партия ұйымы «К-52 М» комбайнын алдымен екінші учаскеде қолдануды ұйымдастырды. Рас, механизаторлар жаңа техниканы жете білмегендіктен кейде қиыншылықтарға кездесіп отырды. Алғашқы кезде учаскеде техника-экономикалық көрсеткіш нашарлап, көмір шығару жоспары орындалмады. Бұл жағдай партия ұйымына үлкен түрткі болды. Учаскенің артта қалу себебін терең зерттегеннен кейін партия бюросы бұл мәселені, комбайн конструкторларын қатыстыра отырып, өндірістік кеңес талқысына салды. Кеңеске қатысушылар жаңа комбайнды меңгерудегі кемшілікті жоюға бағытталған нақты ұсыныс енгізді. Атап айтқанда, «СКР-11» конвейерін аса қуатты «СКР-20» конвейерімен ауыстыру, учаскені тәуліктік тұтас комплекске көшіру жұмыстары орындалды. Комбайн конструкторлары машинаны пайдалану жөнінде бағалы түсініктер берді. Кеңесте айтылған пікірлер бойынша нақты шаралар белгіленіп, іске асырылды.

Сондай-ақ озат тәжірибені үйрену мақсатымен Кузбастың «Южная Чертинская» шахтасына учаске бастығы Пак, комбайн машинисі Беккер жолдастар жіберілді. Өйткені мұнда «К-52 М» комбайны жақсы пайдаланылады. Кейіннен учаске бастығының көмекшісі Железняков, комбайнер Қайколов және учаске нормалаушысы Кислюк жолдастар да осы шахтада болып қайтты.

Озат тәжірибені үйренуге барғандар кузбастықтардың цикл алу жұмыстарын (көмір өндіру, лава отырғызу, конвейерді жылжыту) ұштастыра жүргізуді ұйымдастырды.

Техникалық прогреске кең жол ашып, кузбастықтардың тәжірибесін қолдану нәтижесінде кемшіліктер жойыла бастады. Участке тәулігіне көмір өндіруді бұрынғы 362 тоннаның орнына енді 422 тоннаға жеткізді. Еңбек өнімділігі өсті. Бір тонна көмірдің түсер құны 17 тиынға кеміді. Коллективтің қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, оған коммунистік еңбек учаскесі атағы берілді.

Партия ұйымы көмір өндіруді ұлғайтуға арналған әрбір жаңалықты өндіріске тез енгізіп, кең қолдану жөнінде ерекше қамқорлық жасап отырды. Негізгі мақсат—көмір өндіру жұмыстарын толық механикаландыру еді. Кәзір жаңа агрегатты, механикаландырылған тіреулерді лаваларда қолдануға әзірлік жасалуда. Бұл істі жеделдету мақсатымен Москва түбіндегі бассейндерге оның тәжірибесін үйрену үшін шахтаның мамандары мен жұмысшыларынан бес адам жіберілді.

Техникалық прогресс үшін күрестің барлық буындарына тәжірибелі мамандар басшылық етеді. Партия ұйымы олардың есебін ауық-ауық тындап отырады. Партия бюросында бас инженер Шипитцын жолдастың «Шахтада жаңалық пен өнер табудың жайы» туралы, инженер Леванок жолдастың «Бүкілодақтық өнертапқыштар қоғамының жұмысы» туралы баяндамалары тыңдалды.

Шахтада жегі жылдықтың басынан бері 121 рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді. Мұның нәтижесінде 333,3 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді. Ал үстіміздегі жылдың жеті айы ішінде өнертабушылар мен рационализаторлардың 26 ұсынысы өндіріске енгізілді. Участке маркшейдері Шамбер, бас механик көмекшісі Гамлицкий, механик Старчевой, электрослесарь Гукк, шахта бастығы Қим жолдастар өндіріс техникасын жетілдіре беру күресіне қызу қатысып жүр.

Партия ұйымы коммунистерді шешуші учаскелерге орналастыруға ерекше маңыз береді. Ұйым есебінде тұратын 121 коммунистің басым көпшілігі кеншілермен бірге еңбек етуде. Шахта коммунистері он бір топқа бөлінген. Партия топтарына беделді, өнегелі коммунистер басшылық етеді. Партия ұйымдастырушыларының ішінде екі комбайнер, екі кен мастери, екі электрослесарь және басқа мамандықтың адамдары бар.

Партия бюросы партия топтарын ұйымдастырушылардың семинарын, кеңестерін өткізіп, олардың есептерін бюро мәжілісінде, коммунистердің жалпы жиналысында тындап отырады. Партия тобын ұйымдастырушылар партия ұйымының жұмыс жоспарын жасауға қатыстырылады.

Көптеген партия топтары кеншілердің қадыр-құрметіне ие болды. Қандай шараны болмасын іске асырарда учаске бастықтары партия топтарымен кеңеседі, олардың пайдалы ұсыныстарын қабылдап отырады. Күрделі жөндеу учаскесіндегі партия тобының (ұйымдастырушысы Бондаренко жолдас) жұмысы атап көрсетерлік. Бұл топта он коммунист бар, оның жетеуі проходчик. Участке партия тобының жиналысы уақытылы өткізіледі. Онда өндірістің өзекті мәселелері — еңбек пен өндіріс тәртібінің жайы, кен техникасын жақсы пайдалану, социалистік міндеттемені орындаудың барысы туралы мәселелер талқыланады.

Коммунистер коллективтің әрбір мүшесімен жұмыс жүргізеді. Олардың мамандығын арттырып отыруын, жалпы білімі мен мәдени дәрежесін көтеруін қадағалайды. Шахтадағы кеншілердің 80 проценті екі-үш мамандық меңгерген. Барлық бригада тәуліктік комплекс бойынша еңбек етіп, жоспарды асыра орындап келеді. Олардың ішінде Фельд, Валеев, Борисов жолдастар басқаратын бригадалар нормаларын 140—200 проценттен орындайды. Участке бойынша проходка жүргізудің жарты жылдық жоспары 136,3 процент орындалып, проход-

ка машиналарының өнімділігі 104,2 процент артты. Бір метр проходканың түсер құны 1 сом 92 тиын кеміді.

Партияның XXII съезі шешімдерін орындай отырып, партия ұйымы партия қатарын өндіріс озаттары есебінен өсіруге ерекше көңіл бөледі. КПСС мүшелігіне кандидаттыққа он алты адам қабылданды. Олардың көпшілігі өндіріс озаттары мен жаңашылдары. Партия ұйымы өз жұмысын ай сайын жоспарлы жүргізеді. Бұл жоспарда өндірістің нақты міндеттері көрсетіледі. Соның төңірегінде партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыс жүргізіледі. Партия бюросының мүшелері белгілі бір шараның іске асырылуына жауап береді.

Шахта коммунистері жиналысында өмірдің өзі алға қойған мәселелер талқыланады. Жакында өткен партия жиналысында № 4 учаскенің жұмысы туралы мәселе талқыланды. Өйткені бұл учаске жоспарды орындамай келген еді. Партия бюросы жиналыс болғанға дейін сол учаскенің жұмысын жанжақты тексерді. Бұл іске партиялық бақылау комиссиясының мүшелері қатыстырылды. Бақылау комиссиясы учаскенің артта қалу себебі еңбек тәртібінің нашарлығынан, басшылықтың осалдығынан деп көрсетті. Комиссия кемшілікті жоюға бағытталған нақты ұсыныстар жасады. Сөйтіп, бұл мәселені талқылауға коммунистермен бірге қатардағы кеншілер белсене қатысты. Коммунистер ұсынысы негізінде учаскені олқылықтан шығару шаралары белгіленіп, іске асырылды. Осының нәтижесінде учаске олқылықтан шығып, июль айында жоспардан тыс 1041 тонна көмір берді. Содан бері учаске жұмысы жақсара түсуде.

Социалистік жарыс мәселесі партия ұйымының ерекше көңіл бөлетін мәселесінің бірі. Міндеттеме кеншілердің учаскелік және жалпы жиналыстарында талқыланып қабылданады. Жарысқа түскен бригадалар мен учаскелердің социалистік міндеттемені орындауының барысы дүркін-дүркін тексеріліп тұрады. Кәзір шахтаның бүкіл коллективі коммунистік еңбек кәсіпорны атағын алу үшін күресуде. Кәзіргі кезде бір учаске мен екі бригадаға, проходка жүргізетін бес бригадаға коммунистік еңбек коллективі деген абыройлы атақ берілді. 32 кенші коммунистік еңбектің екпіндісі атанды.

Шахта коммунистері қоғам жұмысына белсене катысады. Партиялық тапсырма әрбір коммунистің қабілетіне, ынтасына, тәжірибесі мен білім дәрежесіне қарай беріледі. Мұнда он бір коммунист партия тобының ұйымдастырушысы, үш кісі насихатшы, он жеті адам қабырға газетінің редакторы, редколлегия мүшелері, 9 коммунист партия бюросының мүшесі, 15 адам үгітші болып істейді.

Партия ұйымы саяси-үгіт пен мәдени-көпшілік жұмыстарын кеншілер талабына сай ұйымдастыруда. Саяси жұмыстың әралуан әдісі көрнекі үгіт, лекциялық насихат, әңгіме өткізу, газет оқу кең қолданылады. Бүкіл саяси жұмыс социалистік жарысты өрістетуге, жаңа техниканы көптеп меңгеріп, өндіріске енгізуге, озаттар тәжірибесін тарауға бағытталып отыр.

Шахтада 40 үгітші жұмыс істейді. Олардың көбінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Үгітшілер учаске мен цех коллективтері арасында жиі-жиі болып, әңгіме өткізіп тұрады. Әңгіме тақырыптары үгітшілердің семинарында белгіленеді. Мұндай семинарлар айына екі рет өткізіледі. Жакында болған бір семинарда шахта бастығы А. Қим жолдас «Шахтаның екінші жарты жылдықтағы міндеттерін түсіндірудегі үгітшілердің ролі» деген тақырыпта баяндама жасады. Партия бюросының секретары С. Әубәкіров жолдас «Ауыл шаруашылығын өрге бастыруда Қазақстанның үлесі», шахтаның бас маркшейдері Г. Әбдірахманов жолдас «Жаппай және толық қарусыздану жолындағы күрес барлық халықтың басты міндеті» деген тақырыптарда баяндама жасады.

Үгіт жұмысы өмірмен орайлас, алда тұрған міндеттермен ұштаса жүргізіледі. Үгітшілер Л. Царук, А. Железняков, Б. Байбосынов жолдастар өз жұмысын осылай тартымды жүргізуде.

Кеншілер өздерінің саяси білімін көтерумен үзбей шұғылданады. Кәзір партия ұйымының жанында нақты экономиканы, партия тарихын және ағымдағы саясатты оқып үйренетін үш үйірме жұмыс істеуде. Насихатшылар әрбір сабақты кәсіпорынның өмірімен байланыстыра өткізуде. Мұның кеншілерді қажырлы еңбекке жұмылдыруда, олардың коммунистік көзқарасын қалыптастыруда маңызы зор болып отыр.

Саяси үйірмелерде партияның XXII съезінің материалдарын терең талдап оқудың кәсіпорын жұмысына зор әсері тиді. Партия ұйымы бүкіл коллективті техника-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту күресіне жұмылдырды. Апрель айында өткен экономикалық конференцияда кеншілер түсер құнды кемітуге бағытталған бағалы ұсыныстар жасады. Олардың көпшілігі өндіріске енгізілді де. Шахтада ай сайын «За уголь» атты қабырға газеті және сатиралық газет шығарылып тұрады.

Шахтадағы кәсіподақ ұйымы да кеншілер арасында белсенді жұмыс жүргізуде. Кеншілердің 96 проценті кәсіподақ мүшесі. Шахта комитеті жиналыстар мен өндірістік кеңестерді уақтылы өткізіп, оларда социалистік міндеттеменің, коллективтік шарттың орындалуы туралы, қауіпсіздік техникасының ережесін берік сақтау және еңбек қорғау туралы мәселелер талқылап отырады.

Шахта комитеті кеншілердің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлкен қамқорлық жасайды. Шахтаның жатақханалары, балалар бақшасы мен санаторийлері, мәдениет үйі жақсы жұмыс істеуде. Кәзір жаңа асхана салынып жатыр. Шахта комитеті тұрғын үйлерді бөлу, кеншілерге путевкалар үлестіру тәртібін қатаң сақтайды.

Комсомол ұйымы (секретары Цветков жолдас) жастардың жауынгер штабы болып отыр. Оның әрбір жақсы бастамасын партия ұйымы қолдап отырады. Комсомол комитетіне көмек көрсету мақсатымен партия бюросынан арнаулы адам бөлінген. Комсомолецтердің бәрі дерлік өндірісте авангардтық роль атқаруда. Мұнда Нестратенко, Валеев жолдастар басқаратын комсомол-жастардың комбайн бригадалары еңбекте жоғары табыстарға жетуде.

Комсомол комитеті жастар уақытын қызықты өткізуді ұйымдастырады. Сауық кеші, такырыптық кештер үнемі өткізіледі. Жас өнерпаздар жұмысын ұйымдастыру қатты ескеріледі. Кәзір өнершілер үйірмелеріне 75 адам қатысады, ал спортпен шұғылданушылардың саны 400 адамнан асты.

Шахтаның партия ұйымы қол жеткен табысты місе тұтып отырған жоқ. Ол партиялық-ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты бұдан былай да кең өрістетіп, коммунистерді, бүкіл кеншілерді көмір өндірудің жылдық жоспарын техника-экономикалық барлық көрсеткіш бойынша асыра орындауға жұмылдыруда.

А. ТЕМІРБАЕВ.

Қарағанды қаласы.



Батыс Берлин — соғыстың хауіпті ошағы

Американ империалистері мен Бонның кек алғыштары Батыс Берлинді көп жылдан бері Герман Демократиялық республикасына және басқа социалистік елдерге қарсы арандату әрекетінің қамалы ретінде пайдаланып келеді. Олар бұл жайындағы арам ойын жасырмай-ақ, Батыс Берлинді «майдан шебіндегі қала», «ең арзан атом бомбасы», «ГДР-дің жүрегіне оқталған пистолет» деп атап отыр.

Міне, сондықтан да «Батыс Берлиннің соғыстың хауіпті ошағы» деп аталынуы тегін емес. Әсіресе, бұл хауіп, яғни арандатушылық әрекеттер соңғы кезде күшейе түсті. Мысалы, 1961 жылдың 13 августынан соңғы уақытқа дейін Герман Демократиялық республикасына қарсы Батыс Берлиннен екі жүзге жақын хауіпті әрекет жасалды.

Шекарашыларды атқылау, Герман Демократиялық Республикасының қарамағындағы темір жолды зақымдау, жазықсыз адамды өлтіру, қорғаныс шебін бұзуға әрекеттену сияқты қастандық сан рет жасалды. Фашистік бандалардың жүгенсіз кеткені соншалық, тіпті олар Совет Армиясының әскери қызметшілері мен СССР-дің Берлиндегі елшілігінің дипломатиялық қызметкерлеріне де тікелей шабуыл жасады. Осының салдарынан үш әскери қызметші жараланды. Алайда совет әскери қызметшілері бұл жерде тағы да ұстамдылық көрсетіп, істің насырға шабуына жол берген жоқ.

Соңғы кездегі халықаралық жағдайдағы шиеленісті өзінің қараншет мақсатына пайдаланып қалуды көздеген канцлер Аденауэр ноябрь айының орта шенінде Вашингтонға сапар шекті. Мұнда ол АҚШ президентімен екі күндік келіс сөз жүргізді. Мұның нәтижесі Герман мәселесін шешуге, әсіресе Батыс Берлиндегі жағдайды реттеуге қарсы жаңа бір тосқауыл сияқты болды. Екі мемлекеттің басшысы Батыс Берлиндегі жағдайды реттеуге барынша қарсы тұратынын ашықтан-ашық мәлімдеді. Батыс Берлиндегі оккупациялық тәртіпті мүлдем жою арқылы Еуропаның орталығында бейбітшілікті нығайту орнына Батыс Берлинді Герман Федеративтік Республикасының қарамағына беруді талап етушілер, әсіресе соңғы кезде көбейіп жүр. Бұл талаптың әрі қисынсыз, әрі өте қауіпті екенін түсіну қиын емес.

Осы арада аздап өткенге көз жіберейік. Батыс Берлинге үш мемлекеттің әскері орналасқаны жұртқа мәлім. Ал бұл тек бір мақсатты — Германияның бейбіт демократиялық жолмен дамуын қамтамасыз етуін ғана көздейді. Кешегі қырғын соғыста Совет Армиясы Гитлердің даңдайсыған қарулы күшін тізе бүктіріп, Берлинге Жеңіс туын тікті. Содан кейін барып Совет Одағының Америка Құрама Штаттары мен Англия өкілдері келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша Германияға бақылау жүргізу тәртібі белгіленген болатын. Ал, бақылау советі өз міндетін атқару үшін Берлин қаласына орналасуға тиіс болды. Сондықтан да Берлин төрт секторға бөлінді. Шығыс секторына Үлкен Берлиннің көлемі 403 шаршы километр, 1,1 миллион халқы бар 8 ауданы, батыс секторына көлемі 481 шаршы километр 2,1 миллион халқы бар 12 ауданы берілді. Осындай келісімнен кейін батыс үш державаның армиясы Берлин қаласына келіп кірді.

Үш мемлекет басшыларының қабылдаған Ялта декларациясы мен Потсдам келісiмiнде Германияны оккупациялау неміс халқының милитаризм мен нацизмдi жоюына көмектесуге тиіс деп айқын белгіленген болатын. Бірақ та батыс мемлекеттерi көп ұзамай-ақ келісiм принциптерiн аяққа басып, оны өрескел бұза бастады.

1946 жылдың аяғында оккупациялық аудандарды бiрiктiру туралы Батыс мемлекеттерiнiң сөз байласуы Германияны бөлшектеп, Батыс Германияда милитаристер мен кек алғыштардың өкiметiн қайта орнатудың бастамасы болды. Одан кейiн бiржақты батыс германиялық мемлекет құрылып, Париж келісiмдерi жасалды және Батыс Германия Солтүстік Атлантикалық соғыс одағына тең праволы мүше болып алынды. 1948 жылы Берлиннiң батыс секторы үшін жеке ақша белгiсi жасалып, қаланың экономикалық бiрлiгiн бұзуға әкелiп соқты. Сөйтiп, Батыс мемлекеттерi өздерiнiң Батыс Берлиндегi оккупациялық праволарының халықаралық заңдылық негiзiн жойды.

Соңғы жылдары Батыс Берлин мемлекеттер арасындағы егестiн негiзгi себебiне айналып отыр. Егер Европаның дәл орталығындағы осы Берлин қаласында төрт мемлекеттiң қарулы күштерi бiрiне бiрi бетпе бет қаруын кезенiп тұрғанын еске алсақ, Батыс Берлиннiң жаңа соғыстың ең хауiптi ошағы болып отырғанын айқын көреміз. Өйткенi, жаңа соғыс хауiне қарсы күресушi халықтар баянды бейбiтшiлiк орнатуда Германияның шешушi роль атқаратынын жақсы бiледi.

Соңғы 90 жыл бойында Европада болған күллi соғыс атаулының бастаушысы осы герман милитаристерi едi. Германия бастаған екiншi дүниежүзiлiк соғыстың орасан зардабы халықтардың әлi есiнде.

Соғыстың аяқталғанына 17 жыл өттi, бiрақ герман бiтiм договорына әлi күнге дейiн қол қойылған жоқ. Европаның дәл жүрегi — Батыс Берлинде үш батыс державаның: Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Францияның 15 мыңдай әскерi оккупант есебiнде қалып отыр. Ал Батыс Германияның өз армиясының қатары кәзiрдiң өзiнде 400 мыңға жеттi. Бұл НАТО құрамындағы армиялардың iшiнде екiншi орынға шықты деген сөз. Жақында қабылданған «МС-96» жоспары бойынша бундесвердiң (Батыс Германия әскерiнiң) қатары 12 дивизиядан 18 дивизияға дейiн көбейтiлуге тиіс. Жаңадан құрылған бундесвердi бiр кезде Гитлерге жан-тәнiмен берiле қызмет екен, Гитлерден шең алған қанiшер генералдар басқарып отыр. Олардың iшiнде Хойзингер, Шпейдель сияқты қылмыстылар тiптi НАТО Қарулы күштерiнiң бас командасында белдi қызметке қойылған.

Аденауэр бастаған Германия Федеративтiк Республикасының билеушi топтары соңғы кезде бундесвердi атом қаруымен жарақтандыру үшін жан таласуда. «Франкфурдтер Альгешейке» газетiнiң хабарына қарағанда, Аденауэрдiң келiс сөздер кезiнде Кеннедиден бiр өтiнгенi осы мәселенi биылдан қалдырмай шешу едi. Сөйтiп Аденауэр Бонның НАТО-ға қосқан үлесiн өсiре түсудi көксеуде.

Осыған орай Батыс Германияның соғыс шығындары да жылдан жылға артып келедi. Аденауэр билiк жүргiзген уақыт iшiнде Батыс Германияны қаруландыруға Гитлердiң дүние жүзiлiк екiншi соғысты әзiрлеуге жұмсаған қаржысынан да артық қаржы жұмсалды. Мәселен, 1933—1939 жылдардағы соғыс шығыны 90 миллиард марка болса, канцлер Аденауэрдiң тек 1950—1961 жылдардағы шығыны 100 миллиард маркаға жеттi. Ал, 1962 жылдың соғыс шығыны адам айтқысыз көбейтiлiп, 17 миллиард маркаға жетсе де, жақында оған тағы да 800 миллион марка қосылды. Қанқұмар герман милитаризмiн қайта тудыру әрекетiн, Гитлердiң тұсындағыдай, «май орнына—зеңбiрек» дейтiн ұранмен жүргiзiп келедi.

Батыс Германияның соғысқұмар күштерi өздерiнiң агрессиялық жоспарын ашықтан-ашық жариялауда. Олар Польша мен Чехослова-

кияның, тіпті Совет Одағының жеріне көз алартып, жағдайды барған сайын шиеленістіруде.

Бонн министрі Зеебем «Чехословакия, Польша, Совет Одағы біз Одер мен Нейссенің жерінен бас тартты деп өздерін үміт елесімен еліктірмеуі тиіс»—деп те сандырақтайды.

Батыстың реакцияшыл күштері өздерінің агрессияшыл жоспарын іске асыру үшін Батыс Берлинді бүліншілік пен диверсиялық әрекеттердің ұясына айналдырды. Бұған Батыс Берлинде Америка Құрама Штаттарының Бонның қаржысымен 90-нан аса шпион орталығын ұстап отырғаны дәлел. Олардың қажетіне жыл сайын сан миллиард марка мен доллар, фунт стерлингтер мен франкалар жұмсалады. Шпиондық қимыл-әрекеттің етек алғаны соншама, 1960—1961 жылы Герман Демократиялық Республикасында батыс елдерінің төрт мыңдай агенті ұсталды.

Сонымен қатар Батыс Берлинде бір кезде Гитлер жаулап алған территорияларға қайтадан билік жүргізуді көздеген 40 шамалы жерлестер ұйымы (землячество) және 50-ден астам әртүрлі милитаристік ұйым әрекет етуде. Оларда кейінгі кезде бас көтере бастаған фашистік сілімтіктер жиі-жиі жиналып, жұртты ашықтан-ашық жаңа соғысқа шақыруда. Германия Федеративтік Республикасының Бонндағы парламенті өзінің мәжілісін октын-октын Батыс Берлинде өткізіп қоятынды шығарды. Сонымен қатар федералдық президент Батыс Берлинді өзінің екінші резиденциясы деп жариялап, бонның көптеген мекемелерін апарып орналастырды. Батыс Германияның билеуші топтары қайта қалпына келтіріліп жатқан Рейхстагтың төбесіне Федеративтік республиканың мемлекеттік туын тігіп қойды. Мұның бәрі де — заңсыз, барып тұрған жүгенсіз әрекеттер. Олай болатыны Батыс Берлин еш уақытта да федеративті республиканың құрамында болып көрген емес.

Алайда, бұл немденудің ішкі сыры мынада: біріншіден, Батыс Берлиндегі жағдайды шиеленістіру арқылы «қырғиқабақ соғыс» саясатын жүргізу, сөйтіп халықаралық жағдайды ушықтыра түсу болса, екіншіден, Батыс Берлин халқын, оның экономикасын жаңа соғыс әзірлеу мақсатына пайдалану, кәзірдің өзінде Батыс Берлинге орналасқан өндіріс орындарының 20 проценті соғыс қажеті үшін өнім шығаруда.

Сондықтан да бейбітшілік туын берік ұстаушы Совет үкіметі фашистік Германияға қарсы соғысқан одақтас елдерге Германиямен бітім договорын жасасуды, сөйтіп осының негізінде Батыс Берлин жағдайын реттеуді ұсынып келеді.

Н. С. Хрущев жолдастың атап көрсеткеніндей, пісуі жеткен, сөйтсе де шешілмей отырған халықаралық мәселелер қатарында екі неміс мемлекетін тану және оларды Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдау; Герман бітім договорына қол қою негізінде Батыс Берлиндегі оккупациялық тәртіпті жою; НАТО-ның Батыс Берлиндегі соғыс базаларын жою, батыс державаларының әскерлерін Батыс Берлиннен әкету сияқты өте келелі мәселелер бар.

Батыс мемлекеттерінің өз әскерін бұдан былай да Батыс Берлинде қалдыруды көздеп, ондағы оккупациялық тәртіпті онан әрі соза беру саясатын жүргізуі ешбір қисынсыз. Өйткені, кәзір батыс елдерінің әскері шын мәнісінде агрессияшыл НАТО одағының әскері болып табылады. Ал, бұл одақтың Совет Одағына және басқа да социалистік елдерге қарсы бағытталғаны әркімге-ақ аян.

1962 жылғы 13 июньде бір топ американ журналистерімен жасаған әңгімесінде Н. С. Хрущев жолдас былай делі: «Батыс Берлинде АҚШ-тың, Англия мен Францияның оккупациялаушы әскерлері сол күйінде сақталып қалған жағдайда олар әрқашан да мемлекеттердің

арасындағы қарым-қатынастағы температураны арттыра беретін қоздырушылық роль атқаратын болады».

Расын айтсақ, Батыс Германия НАТО әскерінің екпінді қол шоқтарына айналып отыр. Империализмнің кейбір сатылғыш насихатшылары Батыс Берлин тұрғындарының өздерінде орнап отырған әлеуметтік-саяси құрылысты сақтап қалуы үшін оккупациялық әскер керек болып отыр-мыс деп даурығады.

Бірақ, Батыс Берлинде орнап отырған құрылысқа ешкім де қол сұғып, оған хауіп төндіріп отырған жоқ. «Біз, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — АҚШпен, Англиямен және Франциямен бірлесе отырып, бұл бостандыққа кепілдік беруге және Батыс Берлиннің ісіне араласпаушылықты қамтамасыз етуге әзірміз. Біз бұл кепілдікті Біріккен Ұлттар Ұйымының мөрімен бекітуге баруға да әзірміз».

Демек, Совет Одағының Батыс Берлин жөніндегі ұсынысы, — бірден-бір әділ, көкейге қонымды, халыққа түсінікті ұсыныс. Совет үкіметі Европаның орталығында соғыстың хауіпті ошағын жойып, бейбітшілік ісін нығайтудан басқа өзіне ешбір артықшылық талап етіп отырған жоқ. Сондықтан да Герман Демократиялық Республикасы, басқа да социалистік елдер және бүкіл прогресшіл адамзат Совет үкіметінің ұсыныстарын бірауыздан қолдап отыр.

Герман Демократиялық Республикасы өз тарапынан Германияның бейбіт демократиялық жолмен дамуын қамтамасыз ету мақсатымен соңғы 13 жылда Герман Федеративтік Республикасына 150 рет ұсыныс енгізді. Бірақ бұл ізгі ұсыныстарды Батыс Германияның билеп-төстеуші топтары жауапсыз қалдырумен келеді. Сондықтан да Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советі Варшава договорына қатысушы мемлекеттердің саяси консультативтік комитетінің шешіміне сәйкес өткен жылғы 13 август күні өз мемлекетінің шекарасына қатаң бақылау енгізді. Сөйтіп, Батыс Германияның соғысқұмар элементтерінің бұрынғыдай емін-еркін ағылып келуіне тиым салынды. Демократиялық Берлин мен қаланың батыс секторлары арасындағы шекараның әрбір метрін шекарашылар мен жұмысшылардың жауынгер жасақтары қырағы күзетуде. Содан бері өткен бір жыл бұл шаралардың Европаның нақ ортасында бейбітшілік ісін нығайтуға қосылған зор үлес болғанын дәлелдеп берді.

Сонымен бірге Совет үкіметі қабылдаған Берлиндегі совет комендатурасын тарату туралы шешім Батыс Берлиндегі оккупациялық тәртіпті жойып, Герман мәселесін бейбіт жолмен реттеуге бағытталған тағы да бір жаңа қадам болып табылады.

Біздің заманда Батыс Германия милитаристері мен олардың сыбайластарының қандай да болсын агрессияшыл талаптарына үзілді-кесіллі тиым сала алатын күш бар.

ТАСС-тың 12 сентябрь күні жариялаған мәлімдемесінде атап көрсетілгендей: «Герман Демократиялық Республикасының суверенитеті қорғалатын болуы тиіс және ол қорғалады да. Екінші дүние жүзілік соғыстың Европадағы қалдықтары, оның ішінде Батыс Берлиндегі оккупациялық тәртіп жойылатын болуы тиіс және олар жойылады. Бұл Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасының мүдделеріне сай келумен бірге барлық мемлекеттің, барлық халықтың төл мүдделеріне сай келеді».

Бейбітшілік сүйгіш барлық халық мемлекеттік қайраткерлерден өткен соғыстың қалдықтарын жойып, Герман мәселесін реттеу, соның негізінде Батыс Берлиндегі жағдайды жақсарту жөнінде байсалды шешім табу үшін сәтті қадам жасауды зор сеніммен күтеді.

К. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

Партия тобының жұмысы қалай ұйымдастырылады?

М. САВЕЛЬЕВ,

Қазақстан КП Орталық Комитеті партия органдары бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Жамбыл облысы Байқадам қой совхозының № 3 фермасындағы партия тобының ұйымдастырушысы Т. Аюбеков жолдас редакцияға жазған хатында партия топтарының қалай құрылатынын және олардың міндеттері мен праволарын түсіндіруді сұрайды. Осыған орай төменде М. Савельев жолдастың мақаласын жариялап отырмыз.

Партияның XXII съезінде біздің барлық табысымыз бастауыш партия ұйымдарында атқарылатын ұйымдастыру, саяси жұмыстың дәрежесіне байланысты екені атап көрсетілді. Шынында да тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бастауыш партия ұйымдары мен партия топтары ұйымдастыру жұмысын ширақ жүргізген жерде коммунистердің белсенділігі жоғары, шаруашылық жұмысының табысы еселеп артып келеді.

Партия топтарының жұмысы, әсіресе, партия тұрмысының лениндік принциптері мен нормаларын қалпына келтірген XX съезден кейін жандана түсті.

Партия топтары еңбекшілердің өндірістік тапсырмаларды орындау, еңбек тәртібін қатаң сақтау, жана техника мен технологияны өндіріске енгізу жолындағы күресін қолма-қол ұйымдастырады. Көптеген партия топтары бұл жұмысты жедел де жақсы атқарып отыр.

Партия топтарының құрылуымен байланысты партия ұйымы активінің жаңа тобы — партия тобын ұйымдастырушылар пайда болды. Олар халықтың қалың ортасында болып, партияның ойы мен мақсатын еңбекшінің жүрегіне жеткізуде.

Кәсіпорындар мен құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда социалистік жарысты ұйымдастыруда, коммунистік еңбек қозғалысын өрістетуде, коммунистік тұрмыс құру үшін күресуде партия топтары елеулі жұмыс атқарып келеді.

Партия топтарының алдында тұрған басты міндет — өз коллективі ішінде саяси-ұйымдастыру жұмысын тынымсыз жүргізе отырып, коллективтің алдында тұрған өндірістік тапсырманың толық орындалуын қамтамасыз ету, коммунистердің авангардтық ролін арттыру.

Коммунистің авангардтық ролі дегеніміздің өзін оның жеке басының еңбекте үлгі көрсетуі, жана белестерге шығуға басқаларға қозғау салуы, жаңаға жаршы, жақсыға мұрындық болуы деп білеміз. Міне, сондай коммунистерді басқаларға үлгі етуде, озаттардың санын еселеп көбейтуде партия топтарының атқарар жұмысы ұшан-теңіз.

Сондай-ақ, партия топтарының өндірістің әрбір жеке буынында, бөлімшелерде, бригадаларда атқаратын ролі де өте зор. Олар комму-

нистердің ұйымшылдығы мен белсенділігін әрдайым арттырып отыруға тиіс.

Партия топтары — құрамы жағынан шағын болғанымен, істі жедел де қолма-қол ұйымдастыратын, еңбекшілерге ықпалы күшті жауынгер ұйым. Сондықтан оны тіпті кейде уақытша маусымдық жұмыс істейтін жерлерде де ұйымдастыруға болады.

Партия топтары жұмысының табысты болуы ондағы коммунистердің творчестволық белсенділігіне, олардың еңбектегі үлгісіне байланысты. Ал бұған шебер жүргізілетін ұйымдастыру жұмысы арқылы ғана қол жетеді.

Бастауыш партия ұйымдарының авангарды

Партия топтары, партияның Уставына сәйкес, бригадалар мен цехтарда, учаскелерде, тағы басқа өндіріс буындарында, сондай-ақ 50-ден аса партия мүшесі мен кандидаты бар бастауыш партия ұйымдарында құрылады. Партия тобын бір учаскеде істейтін үштен аса коммунисті бар жердің бәрінде де құруға болады.

Партия топтарын құру жөніндегі шешім бастауыш партия ұйымдарында қабылданады да ол қалалық, аудандық партия комитеттеріне хабарланады. Партия топтарының есеп беру-сайлау жиналыстарында партия тобын ұйымдастырушы мен оның орынбасары бір жылға сайланады. Партия топтарын ұйымдастырушы мен оның орынбасарлары партия ұйымдарының басшыларын сайлау жөнінде КПСС Орталық Комитеті белгілеген нұсқауға сай, егер коммунистердің өздері жасырын дауыс беруді талап етпесе, ашық дауыспен де сайланады.

Партия топтары — бастауыш партия ұйымдарының құрамды бөлігі. Партия топтары өз жұмысын цехтық және бастауыш партия ұйымдарының жоспарына сай, солардың алдында тұрған міндеттерге орай жүргізеді. Сөйтіп, ол өзі жұмыс істейтін учаскенің, бригаданың өндірістік тапсырмасын ойдағыдай орындауына ат салысады.

Коммунистердің творчестволық белсенділігін өсіруде партия топтарында өткізілетін жиналыстар елеулі роль атқарады. Партия тобының ұйымдастырушысы жиналыс өткізу туралы жұмыс жоспарын жасамауына да болады. Жиналысты жағдайға қарай айына бір-екі рет, ал кейде одан да көп өткізе береді. Қажет болған жағдайда ол әр кезде 15—20 минутқа коммунистерді жинап алып, жұмыс арасында-ақ мәселе шеше береді.

Осыған карамай партия топтарының жиналысы күні бұрын даярлануға тиісті. Күн тәртібінде қаралатын мәселе әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, учаске басшыларының алда тұрған өндірістік тапсырманың орындалуы жайында хабары, жалпы жоспардың орындалу барысы, мемлекеттік және еңбек тәртібі туралы, коммунистердің партиялық тапсырманы орындауы, партия оқуы тағы басқа көптеген мәселелердің қаралуы ықтимал.

Партия топтары жиналысында қаулы алып жатудың қажеті жоқ. Партия тобының ұйымдастырушысы жиналыста айтылған сын-ескертпелерді өз күнделігіне жазып алады да, келер жиналыста оның орындалуы туралы хабарлап отырады. Ол сондай-ақ коммунистерді партком мен партбюроның шешімдерімен таныстырып отырады.

Партия топтарының жиналысы ашық өткізіледі. Жиналысты топ ұйымдастырушысы, ол жоқта оның орынбасары басқарады. Есеп беру, сайлау жиналысынан басқа кезде протокол жазылмайды.

Партия топтарының жиналысы бір жағынан үлкен мектеп те. Өзі жұмыс істейтін коллективтің көкейтесті мәселелерін талқылай отырып, коммунистер асқан белсенділік көрсетеді. Партия топтарының партияға адам алуға, коммунистерге жаза қолдануға правосы жоқ. Бірақ пар-

тияға өтуші кісі туралы пікір айтуға, партия Уставын бұзған коммунистер жайлы цех, бастауыш партия ұйымдарына хабарлауына правосы бар.

Өмірдің өзі дәлелдеп отырғанындай, партия топтарының жұмысы, оның шеберлігі, жеделдігі сол топтың басшысына байланысты. Сондықтан да партия тобының ұйымдастырушысын дұрыс тандап алудың маңызы үлкен. Партия тобын басқаруға неғұрлым даярлығы мол, ұйымдастыру қабілеті бар коммунистерді ұсыну шарт. Басқарушының өзі еңбекте үлгі көрсетіп жүрген коммунист болуы керек. Егер топ басқарушысының өзі сылбыр жұмыс істеп, басқаларды жақсы жұмыс істеуге шақырса, оның сөзінің әсері болмайды.

Партия тобы ауыз бірлігі мол, жауынгер, берік ұйымдасқан коллектив болуы керек. Ол үшін топ басшысы әрбір коммунистке жеке-жеке партиялық тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалап отыруы қажет. Коммунистердің бастамаларын қолдап, көмектесіп, жаңаға жаны ашырлық жасағанда ғана іс ілгері басады, топтың жұртшылық алдындағы беделі өседі.

Сондай-ақ партия топтары коммунистердің әкімшілік қызметін бақылайтын комиссиялар жұмысына белсене қатысуына жағдай жасап отырады. Маңызды-маңызды өндіріс мәселелерін шешуге араласады. Партия топтары қызметінің негізгі арқауы — коллектив ішінде жүргізілетін жанды ұйымдастыру және саяси жұмыс, әрбір адаммен жеке істелетін жұмыс. Олардың басты міндетінің бірі — коммунистердің идеялық-саяси дәрежесін көтеріп, іскерлік қабілетін шыңдай түсу.

Өндіріс басында, жұмысшылар арасында жұмыс істейтін партия топтарының адам санасындағы ескіліктің сарқыншағына, арамтамақтарға, еңбек тәртібін бұзушыларға қарсы батыл күрес ашуына мүмкіндігі мол. Олар еңбекшілердің талап-тілектеріне барынша құлақ аса отырып, адамдарды қоғамға жат қылықтардың көріністеріне, жұмыстағы кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеуге, сын мен өзара сынды барынша өрістетіп түсуге борышты.

Партия топтары жұмысының тәжірибесінен

Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатының өндіріс учаскелері мен бригадаларында, сменаларында 39 партия тобы бар. Комбинат партия комитеті мен цехтық партбюролар оларға үнемі қамқорлық жасап, көмектесіп келеді. Мұнда айына бір рет үзбей партия топтары ұйымдастырушыларының семинарлары өткізіліп тұрады. Партком партия тобы жетекшілерінің есебін тыңдап, олардың жұмыс тәжірибесін қорытады.

Осындай жұмыстың нәтижесінде комбинаттағы партия тобының барлығы дерлік жұмысты жақсы істеуде. Олар шын мәнінде партия ұйымының сенімді сүйеніші болып алды.

Үшінші цехтың вальц бөліміндегі партия тобын коммунистік еңбектің екпіндісі, мастер Н. Леонов жолдас басқарады. Барлық коммунист өндірістің шешуші буындарында істейді. Партия тобы жұмысшыларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп келеді.

Партия тобы бригада мен сменаларда үнемі лекция, әңгіме өткізіп тұрады. Сықақ листоктары мен «Молния» атты қабырға газеті шығарылады. Мұнда көрнекі үгіт те жақсы жолға қойылған.

Партия тобының жиналысында коллектив өмірінің көкейтесті мәселелері сөз болады. Партия тобы осы бөлімнің коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуіне жаршы болды. Партия тобы беделінің өскенін соңғы бір жыл ішінде мұнда 7 жұмысшының партия қа-

тарына өтуі де дәлелдейді. Топтағы коммунистердің барлығының да партиялық тапсырмасы бар, бәрі дерлік оқиды.

Партия тобы жұмысының мынандай бір мысалын айтуға болады. Жыл басында бөлімде жаңалық ұсыныстардың жүзеге асырылуы нашар ұйымдастырылды. Соның салдарынан өнертапқыштардың саны азайып кетті. Партия тобы бұл мәселені жиналыста қарады. Бұл мәселе туралы батыл шаралар белгілеп, оны жүзеге асырды. Осының нәтижесінде биылғы жылдың сегіз айында бөлім бойынша 60 рационализаторлық ұсыныс түсті. Оның 38-і өндіріске енгізіліп, одан 39 699 сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Партия тобының коммунистері еңбекте де өзгелерге үлгі көрсетуде. Коммунистер әр уақытта бастаған ісін тындырмай қоймайды. Кімде-кім еңбекке селқос қараса, оған кешірім жасалмайды. Ұйымшыл коллективтің жақсы қасиеттерінің бірі осындай.

Көкшетау облысындағы «Кантемировец» совхозының 3-бөлімшесіндегі партия тобы (ұйымдастырушысы Д. Берсенев жолдас) партияның XXII съезі мен КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімін жүзеге асыруда коллективтің шынайы ұйтқысы болды.

Соңғы жылдары бөлімше егіннен тұрақты өнім алып келеді. Өткен жылы егістік жердің әр гектарынан 13,9 центнерден астық жиналды. Мемлекетке жоспардан артық 24 мың пұт астық сатылды. Бір центнер астықтың түсер құны жоспардағы 3 сом 34 тиынның орнына, 2 сом 72 тиыннан келді.

Партия тобы мал шаруашылығын өркендетуге де ерекше көңіл бөліп отыр. Бөлімшеде мал бағу, оны семірту ісі жақсы жолға қойылған. Бөлімше мемлекетке ет өткізудің жарты жылдық жоспарын 129,6 процент орындады.

Партия тобы әрдайым шаруашылық ісіне араласып, коллектив мүшелерін тәрбиелеуде елеулі жұмыс атқарып келеді. Партия жиналысында бөлімше өмірінің маңызды мәселелері талқыланып отырады. Топтағы 15 коммунистің 8-і егін шаруашылығында, 3-і мал шаруашылығында істейді. Бөлімшенің екі трактор-егіс бригадасы да коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін күресуде.

Бөлімшеде коммунист Д. Безнусенко жолдас басқаратын экономика мектебі бар. Онда коммунистермен бірге партияда жоқтар да оқып, совхоз экономикасын жете меңгеруге ұмтылуда. Сондай-ақ мұнда жарты жылдықта үш адам партия мүшесіне кандидаттыққа алынды.

Партия тобының барлық идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысы еңбек тәртібін нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп өндіріп, оның түсер құнын кемітуге бағытталған. Совхоз партбюросы партия тобына үнемі жәрдемдесіп отырады.

Теміртау қаласында «Мұздыбай» құрылыс алаңындағы партия тобы (ұйымдастырушысы М. Пинчук жолдас) жұмысты жақсы істейді. Топ коммунистері ауыл шаруашылығы үшін қажетті темірбетон бұйымдарын көптеп, шапшаң шығару жөніндегі социалистік жарысты ұйымдастыруда. Соның нәтижесінде учаске құрастырмалы темірбетон шығару жөніндегі жоспарды 105 процент, шлақты блок шығару жөніндегі жоспарды 104 процент орындап, бірінші жарты жылдықта 10 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Партия тобының ұйымдастырушысы М. Пинчук жолдасын өзі озат жұмысшы, рационализатор. Оның бірінші жарты жылдықта ұсынған 5 ұсынысын өндіріске пайдаланудан 3 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді. Жетекшіден үлгі алған басқа коммунистер де қажырлы еңбек етуде.

Көкшетау облысындағы «Западный» совхозының партия ұйымы КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін партия топтары-

на басшылықты жақсартты. Бригадалар мен фермаларда, тағы басқа өндіріс учаскелерінде 51 коммунисті қамтитын 10 партия тобы бар.

Партия ұйымы партия тобының жетекшілеріне арнап үнемі семинар өткізіп тұрады. Совхоз партбюросы шаруашылықтың алда тұрған келелі міндеттерін шешуде партия топтарына арқа сүйейді. Мысалы, партия топтары егін жинауда елеулі жұмыстар атқарды. Бұл жұмыста партия тобын ұйымдастырушылардың өздері бас болып үлгі көрсетті. Олар астықты ысырапсыз тез жинап алуда, зябь жыртуда үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Мәселен, № 3 бригаданың партия тобының жетекшісі А. Дудин жолдас «СК-3» комбайнымен 470 гектар жердің егінін орды. Коммунист М. Силютин жүгеріден мол өнім жинады. Совхоз зябь жыртудың жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Жамбыл облысындағы партияның XXII съезі атындағы колхоздың товарлы-сүт фермасындағы партия тобында 4 коммунист бар. Фермадағы сауыншы мен бақташы коммунистер еңбекте болсын, тұрмыста болсын өзгелерге үлгі болуда. Олар өздері істейтін жұмысты күні бұрын жоспарлап, сол белгіленген шаралардың орындалуын қатты қадағалайды. Коммунистер үзбей бас қосып отырады. Партия тобын ұйымдастырушы Мезенцев жолдас көпшілік-үгіт жұмысында жақсы жүргізуде.

Ферма үгітшілері колхозшылар арасында жиі-жиі болып, әңгіме өткізіп, дауыстап газет-журналдар оқып береді. Олар әңгімелерін колхоздың, ферманың алдында тұрған нақты міндеттермен байланыстыра айтады. Фермада үгіт-көпшілік жұмысының орталығына айналған қызыл бұрыш үйі бар. Жауынгерлік листовтар шығарылып тұрады. Партия тобы сүт саууды арттыру жөніндегі социалистік жарысқа күнбе-күн басшылық жасап келеді. Социалистік жарыстың қорытындысы көрсеткіш тақтасы мен жауынгерлік листовтарда жазылып отырады.

Партия тобының ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысын шебер жүргізуінің арқасында ферманың шаруашылық көрсеткіштері жақсара түсті. Сүт сауудың жалпы мөлшері жылдан-жылға өсіп келеді. Егер 1959 жылы 5 270 центнер сүт сауылса, 1961 жылы 5 554 центнер сүт сауылды. Ал, биыл ол 6 240 центнерге жетіп отыр. Ал, ферманың озаң сауыншылары Л. Глянц, Е. Шлогер, Э. Шторц жолдастардың әрқайсысы өткен 8 айда әр сиырдан 2000—2111 литрден сүт сауды.

Кәзір ферма малды ойдағыдай қыстатуда. Шөп мал қорасына түгел тасылған. Фермадағы қолмен істелетін жұмыстың бәрі механикаландырылған.

Колхоз партия ұйымы партия тобының жұмысына күнделікті басшылық жасап, оған көмек көрсетуде.

Партия тобына күнделікті басшылық керек

Партия топтары өмір талабына әбден сай жұмыс атқарып отырса да, кейбір партия комитеттері олардың ролі мен маңызын жете бағаламайды. Мысалы, Семейдің ет-консерві комбинатының партия ұйымының есебінде 400 коммунист бар. Онда партком және 16 цех бастауыш партия ұйымы бар. Осындай үлкен коллективте небәрі 5-ақ партия тобы жұмыс істейді. Семейдің аяқ киім фабрикасының 9 цехында 130 коммунист жұмыс істейді. Фабрикада бірде-бір цех партия ұйымы немесе партия тобы құрылмаған.

Дәл осындай жағдай Семейдің шұға комбинаты, паровоз депосы, былғары комбинаты партия ұйымдарында да кездеседі.

Сонымен бірге қаланың бірсыпыра партия ұйымдарында цех партия ұйымы мен партия тобы жұмысты қанағаттанғысыз істейді, олар

көпшілік арасындағы ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты әлсіз жүргізеді.

Семей қалалық партия комитеті цех партия ұйымдары мен партия топтарына жөнді басшылық жасай алмай келеді. Цех партия ұйымдарының секретарьлары мен партия топтары ұйымдастырушылары үшін семинар не кеңес өткізбейді, оларды саяси жұмыстың тәжірибесіне үйретуге қамқорлық жасамайды. Қалалық партия комитетінің қызметкерлері цех партия ұйымдары мен партия топтарында сирек болады, олардың жұмысына практикалық көмекті аз көрсетеді.

Сол сияқты облыстың Ново-Шульба ауданындағы «Заветы Ильича», XX партсъезд, «Путь к коммунизму», Абай ауданындағы Тельман, Ленин атындағы колхоздарының, Бесқарағай ауданындағы «Кривинский», «Долон», Ново-Покров ауданындағы «Коростелевский», «Знаменский» совхоздарының партия ұйымдарында да, бригадаларда, фермаларда партия топтары мардымды жұмыс істемейді, олардың көпшілігі қағаз жүзінде ғана есепте бар. Осының салдарынан бұл ұйымдарда еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысы нашар жүргізіліп келеді. Тіпті бұл ұйымдардың көпшілігінде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Қазақстанның бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне арналған үндеуі де талқыланбағаны анықталды.

Партия топтары — үлкен күш. Олардың негізгі міндеті — адамдарды қоғамдық еңбекке жұмылдыру. Бұл үшін, ең алдымен, коммунистердің өздері өзгеге үлгі көрсете білуі керек. Ең қиын істі коммунист атқаруы қажет. Сонда ғана жұртшылықты бастауға болады. Партия топтары коммунистердің белсенділігімен күшті.

Партия комитеттері мен партия бюролары, колхоз басқармасы мен совхоз дирекциясы партия топтарының бастамалары мен ұсыныстарын қолдап, топтағы коммунистердің жиналысында айтылған сын-ескертпеден мұқият қорытынды шығарып отыруға тиіс. Бірақ көптеген партия ұйымдары бұл жағдайға жете көңіл бөлмейді. Мысалы, Жамбыл облысының «Байқадам» совхозы партия ұйымында партия топтарының жиналысында коммунистер айтқан көптеген ұсыныстар мен сын-ескертпелер зерттелмей, жүзеге асырылмай келеді.

Партия комитеттері мен партия бюролары партия топтарының жұмысына күнделікті талдау жасап, олардың жұмыс тәжірибесін қорытып отыруға тиіс. Бұл жөніндегі бір пайдалы жұмыс — партия топтары ұйымдастырушыларының семинарларын өткізу. Сол сияқты партия топтарының жұмысын оқтын-оқтын бюро мәжілістерінде талқылап отыру да олардың жұмысына үлкен көмек болады.

Жақында болып өткен партияның Орталық Комитетінің ноябрь Пленумында жасаған Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында халық шаруашылығына партия басшылығын қайта құру туралы өмірлік маңызы аса зор мәселеге ерекше көңіл бөлінді.

Партия органдарын өндіріс принципі бойынша құру халық шаруашылығына басшылық жасауды қамтамасыз етуге, өндіріс мәселелеріне баса көңіл бөліп отыруға мүмкіндік береді. Мұның өзі дәл кезінде көтерілген батыл да көреген шара болып отыр. Партия органдарын қайта құру — партия ұйымдарының жауынгерлік ролін арттырады. Олардың жұмысты жедел де нақты істеуіне жағдай жасайды.

Партия топтары — партия ұйымының жауынгер буыны. Ол еңбекшілер бұқарасына неғұрлым жақын тұрады, олармен күнделікті бірлесіп жұмыс істейді. Сондықтан партия топтарының белсенділігін арттыра беру әрбір коллективте еңбекшілерді коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыру жолындағы күреске бір кісідей жұмылдыруға көмектеседі.

Коммунистік еңбек бригадасында

Смена коллективінің жалпы жиналысы қызу да қызықты өтті. Күш тәртібінде қаралған мәселе—Москва-сұрыптау депосы темір жолшыларының игілікті бастамасына үн қосып, коммунистік еңбек жарысына қосылу. Жиналыс басқарып отырған қарт кенші бірінші сөзді жүзінде әжімі бар, сұңғактау сары кісіге берді.

Кен байытушы жолдастар,—деп бастады ол сөзін,—біздің бригада мүшелерінің көбі мынадай тоқтамға келді: ол—коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүру, еңбекте озат, өмірде өнегелі болу. Осыны айтқан ол аз кідірді. Мінбедегі кеншінің сәл кідіруін пайдаланып қалғысы келгендей:

— Әмзин, тоныңды бойыңа шақтап пішсейші, — деді көп ішінен біреу әдейі бұра сөйлеп.

— Рас-ау, ондай атақты жеңіп алу онай болмас,—деп дауыстады екінші біреу. Жиналыс басқарушы игі бастамаға үн қосқысы келген кеншіге көлденеңнен кедергі жасамақшы болған екеуді тәртіпке шақырды да:

— Әмзин жолдас сөйлей беріңіз,—деді.

— Менің бригадам фабрика бойынша алда келеді. Норманы ұдайы асырып орындаймыз. Жігіттердің жалпы тәртібі де жаман емес. Тек бір-саран,—деп мінбедегі шешен соңғы бір сөзді күмілжіңкірей айтты да, сөзін онан әрі жалғастырып әкетті.—Бағана айттым ғой, бригада мүшелерінің көздеген мақсаты біреу. Ол—коммунистік еңбек бригадасы атағын жеңіп алу үшін күресу. Бұған күшіміз жетеді. Бірақ, соны осы отырған қауым өздеріңізбен келіскіміз келіп еді,—деп бригадир сөздің түйінін шешіп, тұжырым айтуды көпшілікке салды.

Жиналыста отырған жұртшылық Әмзинді де, ол басқаратын бригаданың жігіттерін де жақсы білетін. Коммунист Әмзиннің өз басы болса іскер, фабрикада табан аудармастан отыз жылдай еңбек еткен байырғы жұмысшының бірі. Ол бос сөзден аулақ, екі айтпайтын жан. Байыту фабрикасының ыстығына күйіп, суығына тоңған адам санатында. Берісі фабрика коллективі, әрісі Майқайың кеншілері оған сенеді, ол басқарған бригаданы дәріптейді. Бірақ тап осы сәтте смена байытушыларының талабына түйткіл бол, ой түсірген жоғарыда айтылған екі адамның бір ауыз сөзі болды. Бұлар да Әмзин басқаратын бригада мүшелері. Бригададағы он бірдің екеуі.

Бірақ күдіктенгендерді көпшілік жеңді. Жиналысқа катысушылар: «Москвалықтардың патриоттық бастамасын қызу қостаған коммунист Әмзин жолдас пен оны жақтаушы бригада көпшілігінің тілегі қанағаттандырылсын» деген шешім қабылдады. Бұл шешім 1958 жылғы октябрь айының бас шенінде қабылданған еді. Бригада жүрегі түгел Отан деп соқты. Олар үлкен жолдың алғашқы қадамын аттасымен талай тамаша табысқа ие болды. Мындаған тонна руда ұсатылып, одан жүздеген тонна алтын мен күмістің, қорғасын мен мыстың, қалайы мен кадмидың құнарлы концентраты айырылып алынды. Уақыт өткен сайын бригада еңбек даңқына бөлене берді.

Бірақ коммунистік еңбек бригадасы атағын жеңіп алу ниетіндегі жақсы талапқа жарамсыз мінез-кұлқымен нұқсан келтірушілер де кездесті. Осы бригаданың мүшесі Ж. Омаров албырт жігіт. Ол біраз

уақыт ішкілікке үйір боп, ұйымшыл коллективтің шырқын бұза берді. Жұмысқа кешігіп келіп, елден ертерек кетіп жүрді. Оспадар сөздер айтып, өзінен үлкенді де, кішіні де сыйлай қоймайтын болды. Бұл кезде бригада мүшелерінің ішінде: «Жұмаш тәртіп бұзады. Сондықтан да бригаданың құрамынан аластау керек» дегендер де болды.

Әлі тауы шағылмаған жас жігітке мұндай көзқарас дұрыс па. Әрине, дұрыс емес. Оны тәрбиелеу керек. Бұл сол кездегі бригадир, тәжірибелі коммунист Н. Әмзиннің пікірі болатын. Ол «Омаровты қуу керек» деушілерге қарсы тұрды. Қателескен адамды тәрбиелеу біздің міндетіміз. Сондықтан да өмір тәжірибесі аз жас жігіт Омаровты көп болып тәрбиелеуіміз керек» деді бригада мүшелеріне.

Бригада коллективі Жұмашты қанат астына алды. Оның бойындағы мінін ашып айтып, түзелуіне көмектесті. Бригададағы коммунистер ақылшы да тәрбиеші болды.

Көптің талқысы қойсын ба, Жұмаш ішкілікті қойып, жақсы ортаға қосылды. Қазір коммунистік еңбектің екпіндісі.

Көп тезі жалғыз Жұмашты ғана емес, басқаларды да тәрбиелеп, еңбекке баулыды.

Содан бері арада аттай бір жыл өтті. 1959 жылғы 13 октябрь—бригада коллективі үшін зор қуаныш күні болды. Фабриканың қызыл бұрыш үйі лық толған адам. Олар өздерінің еңбектес достары Әмзин жолдас басқаратын бригаданың мүшелерін коммунистік еңбек бригадасы атағын беру жөніндегі дипломмен құттықтауға жиналған. Дипломды Майқайың комбинатының дирекциясы, кәсіподақ, партия ұйымдарының атынан партком секретары тапсырды.

— Майқайында тұңғыш рет коммунистік еңбек бригадасы атағын жеңіп алған бригада коллективін құттықтаймын,— деді секретарь. Осы мезетте зал ішін қуаныш сезімі билеп әкеткендей еді.

— Біз де коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүру үшін күресеміз— деген дауыстар залдың тұс-тұсынан естіліп жатты.

Сырты қызыл матамен тысталып, әрбір әріп алтынмен жазылған коммунистік еңбек дипломында төмендегі еңбек ардагерлері жазылған еді:

Иван Сафронович Ильницкий—классификаторшы; Дәметкен Хасенова—насос машинисі; Рысбек Наурызбаев—руда ұсақтаушы; Жұмаш Омаров—классификаторшы; Эрих Ом—руда ұсақтаушы; Марияш Рахымжанова—аға концентратшы; Күлімжан Сымақова—аға концентратшы; Мария Салықова—концентратшы; Ермек Дүйсенаев—классификаторшы; Нәбікен Әмзин—бригадир.

Бұл бригада мұндай құрметті атақты көп күш-жігер жұмсап, Майқайында бірінші болып жеңіп алды. Олар алтынды Майқайың бұйратына коммунизм нышанын жеткізген жарқын жадыра жаздың қарлығаштары іспетті еді.

Түсті металдың концентратын құрғататын цех артта қалды. Концентрат көп болғанымен оны құрғататын агрегаттар жөнді жұмыс істемеді. Жұмысшылар арасында еңбек тәртібі нашар болды. Бұл жағдай фабрика басшыларына үлкен ой салды. Олар олқылықтан құтылудың жолдарын іздестірді. Құрғатқыш агрегаттарды жөндеп, өнімділігін арттырды. Концентрат жеткізетін транспортер лентасының айналымын тездетті. Қысқасы не керек, бірқыдыру техникалық шараларды жүзеге асырды. Бірақ бұл да көмектеспеді.

Бұл мәселе туралы бастауыш партия ұйымы коммунистермен келісеті. Олар фабрика басшыларына ақыл айтып, жөн көрсетті. Партия ұйымы артта қалған цех жұмысын жолға қою үшін байытушылар арасынан Валентина Гаганованың бастамасын қостаушыларды іздестірді. Бірінші болып артта қалған бригадаға баруға тілек білдірген коммунистік еңбек бригадасының бригадирі Нәбікен Әмзин болды. Ол:

— Әуелде өзім ұйымдастырған, берісі Майқайың, әрісі облыста алғаш болып абзал атақты жеңіп алған бригаданы тапсырып, артта қалған бригадаға барамын,—деді партия жиналысында.

— Орнынды басып бригадир болатын адамың бар ма,—деп сұрады партия ұйымының секретары.

— Бар.

— Оның кім?

— Дүйсенаев.

— Ол қай Дүйсенаев айтып тұрғанын,—деді көп ішінен біреу таңдана сұрап. Өйткені осы фабрикада төрт Дүйсенаев, бір Дүйсенаева жұмыс істейтін еді. Оның ең үлкені Қарабай отыз жылдан артық осында істеп пенсияға шықса, оның ортаншы інісі Қапар Майқайының ірге тасын алғашқы қаласқандардың бірі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген кенші. Кіші інісі Қадыр котельныйда кочегар. Бұл да жиырма жылдан артық байыту фабрикасында жұмыс істеген. Бәрі де коммунист.

— Мен өз бригадамдағы Қарабайдың баласы Ермекті айтып тұрмын,—деді Әмзин.

Партия жиналысы коммунист Әмзин жолдастың тілегі қанағаттандырылсын деген тұжырымға келді.

Сөйтіп аға орнын іні басты. Бұған бір жыл жеті айдың жүзі болыпты. «Ермек болса әлі жас, бригаданың халі не болар екен. Атақтан айырылып қалмаса жарар еді» деп күдіктенушілер де болмай қалмады. Жаксыдан тәлім алған жас жұмысшы күдіктенушілердің бұл ойын бекерге шығарды. Ол бригада атағына титтей де кір келтірген жоқ...

Өз бригадасы туралы мақтаныш сезімімен айтқан жас бригадир Е. Дүйсенаев, өздерінің ұстазы Н. Әмзиннің үлгісімен өз бригадасынан артта қалған бригадаларға басшылық ету үшін коммунистік еңбектің екпінділері Эрих Ом, Марияш Рахымжанова, Валентина Рагозиаларды шығарып салдық,—дейді. Олар өздері болған коммунистік еңбек бригадасының үлгісін күллі фабрикаға таратып, байытушыларды саналы еңбекке баулуда.

Е. Дүйсенаевтың бригада мүшелері қай жұмыс учаскесінде немен шұғылданатынын ешкімнен сұрамай-ақ біледі. Міне автомашинамен келген кесек руданы қабылдап, ірісін ұсатып оны ұсатқыштың шойын көмейіне құлатып, осы бригаданың озаттары Р. Наурызбаев пен Г. Лука тұр. Алып дробилка алқымына түскен кесек-кесек руданы күрт-күрт ұсатып, транспортерлі лентаға төгуде. Лентаға түскен ұсақ рудалар сырғып барып таразыға өлшеніп, одан әрі қарай жылжиды. Автотаразы руданың салмағын өзі өлшесе, таразының алдында тұрған электросанақшы саннан соң сан шығарып, өзі есептеп тұр. Дробилка да, таразы мен транспортер лентасы да автомат арқылы басқарылады. Бірақ осының бар қимыл-қозғалысын әлсін-әлсін байқап тұру керек. Бригадирде дамыл жоқ. Ұнтақтағыштан ұсатылып келген руданы ұндай түйетін автомат диірменді, концентрат сүзетін машинаны, сырттан су келетін құбырдың кідіріссіз бірқалыпты жұмыс істеуін қабат қадағалайды. Басқа бригадаға ауысқан озаттардың орнын басқан жас жұмысшыларға көмектеседі, білмегенін үйретеді.

Бригадир бригададағы еңбекті ұйымдастырушы әрі технология ережесін сақтаушы адам. Ермек жас болғанымен осының бәрін жадына тоқыған өз ісінің маманы. Оның бригадасы, әр сменада 160 тонна руда ұсатудың орнына кемі 170, кейде бұдан да көп руда ұксатады. Алтынның концентратын байытатын да осы бригада.

Бригадир коллектив мүшелерінің әрқайсысын бес саусақтай біледі. Енді бір сәтте ол кезекші электрослесарь Қаби Қабыловты мақтап өтті. Өз жұмысына тиянақты ол екі нормаға шейін орындайды. Бір біздің бригаданың ғана емес, бүкіл сменаның өндірте жұмыс істеуі электр

қуатына байланысты. Қаби болса біздің бойға нәр берер тынысымыз сияқты. Тап менің осы айтқанымды смена мастері Петр Зуев те бекер дей алмас,—деп жымиып қойды ол.

Бұрын бұл жұмысты кәзіргі аға концентратшы Иван Ильницкий атқарған екен. Ермек Иванды да «білмейтіні жоқ, алтын қол адам» деп ықылас білдірді. Расында да солай көрінеді. Ол әрдайым барлық механизмнің тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жастарға көмектесіп, қамқорлық жасайды. Сменада екі нормаға шейін орындайды. Оның өзі қандай байыпты да, байсалды болса, атқарған жұмысы да сондай екен. Бригададағы жұмыс уақытын минуттап пайдаланатындардың бірі. Коммунистік еңбектің екпіндісі болуға лайықты адам. Бұл да, Н. Әмзин сияқты, байыту фабрикасына көп еңбек сіңіріп, көп адамды мамандыққа баулыған кісі.

Бригада коллективі еңбек мұратына И. Ильницкий, Р. Наурызбаев, Григорий Эрих, Ж. Омаров тәрізді озаттардың арқасында жетті. Озаттар жетіжылдықтың әр күнін, әр айын, әр жылын елеулі табыспен өткізуде. Бригада мүшелері өмірде өнеге көрсетуде, жеті адамның әрқайсысының екі-үш мамандығы болса, Иван Ильницкий төрт мамандықтың иесі. Бәрінің дерлік орта білімі бар. Ермек пен руда ұсатушы Григорий политехникалық институтта сырттан оқиды.

Ұйымшыл коллектив мүшелері бәрінің қуанышы мен ренішіне ортақ. Біреуі ауырып қалса, оның орнын басқасы басып, жоқтатпайды. Мұндай жағдайда көп мамандық иелерінің тигізер пайдасы көп. Біреуі екі кісінің жұмысын атқара береді.

Ғылым жетістігі мен озат тәжірибені өндіріске енгізу, жаналықтың жаршысы болу—бригада мүшелерінің дәстүрі. Бригада коллективі күн сайын смена басталар алдында бас қосып, сол күнгі атқарылар жұмысқа талдау жасайды, руданы байытудың жай-жапсарын сөз етеді.

Бригаданың әр мүшесі жанашыл десе болғандай. Фабрикамен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан байырғы байытушылар И. Ильницкий мен Н. Әмзин жолдастар кесек тау жыныстарына домалақ шар тәрізді шойын араластырып ұнтақтайтын диірменнің бункерін қайта жабдықтауды ұсынды. Бұл ұсынысты өндіріске енгізудің нәтижесінде еңбек өнімділігі бұрынғыдан бір жарым есе артты.

Жас коммунист Ермек Дүйсенаев басқаратын бригададан жақсылық нышанын еркін сезінесің. Өйткені олар біреу көп үшін, көп біреу үшін деген қағиданы мүлтіксіз жүзеге асыруда.

Қоғам мүддесін ойлау олардың басты борышы. Бригада мүшелерінің тең жартысы халық жасақшысы, мәдениет үйінің жанындағы өнерпаздар үйірмесіне қатысады.

Тамшыдан дария дегендей, Е. Дүйсенаев басқаратын коммунистік еңбек бригадасының өнегесі көпшілікке тарап, бүкіл фабрикаға қанат жайды. Коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүруге ұмтылушылар саны барған сайын көбейді. Бұл құрметті атақты фабрика бойынша тағы да екі бригада жеңіп алды. Оның ішінде шебер байытушы Т. Бектұрғановтың бригадасы бар. Енді бүкіл фабрика коллективі коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуде.

Ә. БАЙМЫРЗИН.

Павлодар облысы,
Майқайың поселкесі.

Коллектив күші

Жиналыстың басталғанына бірсыпыра уақыт болған. Бірақ қыз әңгіме әлі бәсеңсір емес. Совхоз коммунистері бірінен соң бірі өздері толғантып жүрген мәселелерді ортаға салуда.

Мінбеде сұңғақ бойлы, қараторы жігіт тұр. Бұл—осы шаруашылықтағы шам-шырақтардың бірі, атағы Тарбағатай түгіл, бүкіл облысқа әйгілі шопан Мұстафа Аңқабаев жолдас.

— Жолдастар, — деді ол даусын көтере сөйлеп, — кәзір, атақты колхозшы Надежда Григорьевна Заглада айтқандай, әр адам өзінің ары мен ожданын таза сақтап, адал еңбек етуге тиіс. Совхоз жұмысшыларын адал еңбекке жұмылдыруда осы отырған біздерге — коммунистерге артылар үміт, жүктелер міндет ерекше жауапты. Біздің әрқайсысымыз партияның сенімін ақтауға міндеттіміз.

Өздеріңіз ой жүгіртіп қараңдаршы, өткен үш-төрт жылдың ішінде біздің партия ұйымының өзінде үлкен өзгерістер болды. Коммунистердің, бүкіл еңбекшілердің саналылығы, өз ісіне жауапкершілігі көп артты. Шаруашылықтың қай саласында болсын коммунистер алда келеді.

Шопан сөзін жалғастыра берді. Кәзір, — деді ол, — бізде, жиналыста шаруашылықты өркендетудің келелі мәселесі жиі талқыландырылып болды. Мәселен біздің ферманы алайық. Фермада коммунистердің жиналысында малды жайып семіртудің және бордақылаудың тиімді жолдары, мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру шаралары жиі әңгіме болып тұрады.

Қысқасы, деді шопан, сөзін тұжырымдай келіп, кәзіргі жиналысымыз белгілі бір мақсат көздейді және ол мақсатты жүзеге асырудың жолдарын белгілейді. Мұның өзі коммунистердің белсенділігін арттыруда. Ал, белсенділік артқан сайын жұмыстың, әр адам еңбегінің жемісі де молая түсуде.

Ия, бұл партия ұйымының (партия комитетінің секретары О. Арданов жолдас) жұмысында үлгі боларлық көп жайттар бар. «Шілікті» совхозының Шығыс Қазақстан облысындағы ең табысты совхоз болуы да тегін емес. Совхоз коллективінің қолы жеткен бұл табысқа коммунистердің қосқан үлесі көп.

Бұл ұйымда кәзір 110 коммунист бар. Партия ұйымы және коммунистер совхоздың бүкіл шаруашылық жұмысын белсенділікпен атқаруда коллективтің шын мәніндегі ұйтқысы болып отыр.

Партия комитеті коммунистер мен комсомолецтерді шаруашылықтың шешуші буындарына орналастыруға ерекше көңіл бөлген. Партияның XXII съезінен кейінгі уақыттың ішінде ғана мал фермаларына бұрынғылардың үстіне тағы да қырыққа тарта коммунист пен комсомолец жіберілді. Олардың ішінде Лақаев, Ережепов, Мырзаханова, Әміров тағы басқа жолдастар кәзір аға шопан болып істеп жүр.

Совхоз партия ұйымы өзін іс жүзінде көрсете білген, қабілетті коммунистің өсуіне үнемі көмектесіп отырады. Мәселен, бұрын шофер болып істеген Балғабаев жолдас трактор бригадасының бригадирлігіне

не, тракторшы Шахантаев механик қызметіне жоғарылатылды. Тамаша еңбегімен көзге түскен Мыхиянов және Әбусағыпов сияқты механизаторлар кәзір егіс бригадаларын басқарады. Жас коммунист, зоотехник Шаулиев пен совхоз комсомол комитетінің секретары Қарасев жолдастар ферма меңгерушілері болып қызмет атқаруда.

Партия ұйымы өз қатарын өндіріс озаттары есебінен үнемі өсіріп келеді. Биылғы жылдың алғашқы жартысында ғана КПСС мүшелігіне кандидаттыққа он бір адам қабылданды. Олардың ішінде аға шопандар Қағазбаев, Ысқақов, Шағыров, бақташылар Мұқтаров пен Исаханов, жылқышы Әубәкіров және басқалар бар.

Партия комитеті мен бастауыш ұйымдар жас коммунистерді тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Әсіресе олардың саяси білімін көтеру ісіне үнемі көмектеседі, оларға партиялық тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалап отырады. Мұның өзі жас коммунистерді іскерлікке баулуда.

Партия ұйымы саяси көпшілік жұмысын нақты, өмірмен тығыз байланысты жүргізіп келеді. Совхозда 80 үгітші бар. Саяси-тәрбие жұмысына совхоздың бас мамандары Біләлов, Сайфуллин, Трухин жолдастар да белсене қатысады. Партия комитетінің идеологиялық жұмыс жөніндегі комиссиясы қоғамдық негізде жұмыс істейтін саяси-ағарту кабинетімен бірлесе отырып, насихатшылардың, үгітшілердің семинарын үнемі өткізеді, оларға қажетті әдебиеттерді іріктеп алуға көмектеседі, лекциялар мен баяндамалардың тезистерін талқылап, бекітеді.

Соңғы айлардың өзінде ғана жүзден астам лекция мен баяндама оқылды. Насихатшылар: Мұхитов, Иманов, Аманбаев жолдастар «Коммунизм құрылысының моральдық кодексі», «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы қалай жасалады?» деген тақырыптарда және халықаралық жағдай мен атеистік тақырыптарға лекциялар оқыды.

Еңбекшілерге саяси білім беретін күшті құралдардың бірі — баспа сөз. Партия комитеті әрбір еңбекшінің мамандығына, біліміне қарай оның газет-журналдың түр-түрін жаздырып алып оқуына үнемі көмектесіп отырады. Биылғы жылы совхоз еңбекшілері 1 800 дана газет-журнал жаздырып алған болса, келесі жылға 1-ноябрьге дейінгі уақыттың ішінде 2 238 дана газет-журналға жазылды. Соның ішінде 90 дана «Қазақстан коммунисті» журналы бар. Партия комитетінің насихатшылары, үгітшілері, коммунистер баспасөз таратуға әр уақытта да ерекше қамқорлық жасап отырады.

Бастауыш партия ұйымдары еңбеккерлердің социалистік жарысын нақты ұйымдастыруда. Жарыс қорытындылары ай сайын, апта сайын шығарылып отырылады. Жарыс озаттарына тапсыру үшін совхозда екі ауыспалы Қызыл ту белгіленген. Ауыспалы Қызыл ту тоқсан қорытындысында озып шыққан ферма мен егіс бригадасына тапсырылады. Ал, фермаларда озаттарға қызыл вымпелдер беріледі. Социалистік жарыста алған міндеттеменің орындалуын бақылап отыру ісіне жұртшылықты кең қатыстыру мақсатымен әр фермада қоғамдық комиссиялар құрылған. Олардың құрамында партия, комсомол, кәсіп-одақ ұйымдарының өкілдері, ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттары мен мамандары бар. Комиссиялар қабылданған міндеттемелердің орындалу барысын бақылап отырумен қатар ашылған кемшіліктерді кезінде жою ісіне көмектеседі, өздерінің нақты ұсыныстарын бастауыш партия ұйымдарының алдына қойып отырады.

Совхозда еңбекшілерді қоғамдық еңбекке ынталандыру шараларына ерекше көңіл бөлінеді. Биыл еңбек озаттарына 4 700 сом сыйлық берілді.

Совхоз коллективі партия комитетінің басшылығымен коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуде. Бұл құрметті атақты

кәзір үш шопандар бригадасы жеңіп алды да. Ал коммунистік еңбектің екпіндісі атағы совхоздың оннан астам жұмысшысына берілді. Олардың ішінде коммунист шопандар Мұстафа Аңкабаев пен Жүніс Қағазбаев жолдастар бар. Бұлар биыл отарларындағы саулықтардың әр жүзінен 143—132-ден төл алып, әр қойдан үш килограмнан жүн қырықты. Жылқышы Сейіт Бұқаев, сауыншы Нәкеш Жанымханов жолдастар да — коммунистік еңбектің екпінділері. Бұлар өздерінің білімін, мамандығын арттыру ісімен де шұғылданады. Қазір совхоздың жүзге тарта жұмысшысы түрлі оқу орындарында өндірістен қол үзбей сырттан оқиды. Ал, шопандар Қалиев пен Байсалбаев, электромонтер Сансызбаев совхоздың жолдамасымен жоғары оқу орындарында оқып жүр. Оларға совхоз стипендия төлеп тұрады.

Бұл совхоз Тарбағатай ауданының озат тәжірибе мектебі болып саналады. Мұнда әр тоқсан сайын совхоздардың бас мамандары, ферма меңгерушілері, партия, совет қызметкерлері бас қосады. Олар ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін сөз етіп, жаңа пікірлер айтады. Тәжірибе мектебінің соңғы сабақтарында «Жайылымдарды тиімді пайдалану», «Қойды қыста және жиілетіп қоздату әдісі жайында» кеңестер өткізіліп келеді. Шопандар Сүлейменов, Талбаев жолдастар өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салды.

«Шілікті» совхозы мал өсірушілерінің басқаға көрсетер үлгісіне ортаға салар тәжірибесі көп-ақ. Мұнда қой саны соңғы жылдар ішінде екі жарым есе артты. Ал қой шаруашылығы өнімдерінен алынған табыс үш жарым есе көбейді. Бұл табысқа совхоз қой тұқымын асылдандыру арқасында жетті. 1953 жылға дейін совхоздағы қойдың барлығы қылшық жүнді еді, кәзір түгел дерлік биязы жүнді қойға айналдырылды. Қой тұқымын асылдандырудың нәтижесінде жүннің өнімі де, сапасы да артты. Осымен бірге мал шаруашылығының басқа өнімдері де молая түсті. Биыл совхозда әрбір жүз гектар егістік жерге шаққанда 146 центнерден, ал ауыл шаруашылығының қалған пайдалы жерінің жүз гектарына 7,2 центнерден ет өндіріліп отыр. Әрине, бұл табыс совхоз коммунистерін қанағаттандырмайды. Сондықтан олар таяу жылдар ішінде ет өндіруді бұл дәрежеден екі-екі жарым есе арттыру үшін күресуде.

Табыс молайған сайын еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі көтеріліп, совхоз поселкесінің мәдениеті артып келеді. Соңғы жылдарда ғана мұнда жоспардан тыс табыс алу есебінен отыз орындық аурухана, сондай-ақ рентген кабинеті, балалар яслиі, орта мектеп үйі, асхана, магазин, машина-трактор мастерскойы, малды қолдан ұрықтандыру пункті, ондаған мал қоралары, жүзден астам тұрғын үй салынды, барлық елді пункттер электрлендірілді. Шопандар киіз үймен, ал қыстақтарда тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді. Биылдың өзінде ғана шопандар үшін жаңадан он бес үй салынды.

Мұның бәрі — совхоз еңбеккерлерінің қажырлы еңбегімен келген табыс. Ал, бұл табыстарды ұйымдастыруда совхоз партия ұйымы, оның коммунистері үнемі алдыңғы шепте болып, жұртшылыққа үлгі өнеге көрсетіп келеді.

М. МЕРТЕНОВ.

Шығыс Қазақстан облысы,
Шілікті поселкесі.

Қазақ тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі

Совет дәуірінде еліміздегі халықтар мен ұлттар тілдерінің шын мәнісінде әдеби тіл болып қалыптасуына және олардың дамуына қажетті жағдайдың бәрі жасалды. Сондай тілдің бірі—қазақ тілі.

Мектептерде оқушылардың өз ана тілінде білім алуы, қазақ тілінде көптеген газет, журналдың шығуы, радио хабарларының берілуі, саяхат алуан кітаптардың шығуы, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының, дүние жүзілік көркем әдебиет үлгілерінің қазақ тіліне аударылуы—осының барлығы тіліміздің жанжақты дамыған тіл, мол мүмкіндігі бар бай тіл екенінің тамаша айғағы.

Тіліміздің лексикалық байлығын қамтитын әр түрлі сөздік әр жылдары жасалып, шығарылып келді. Әдетте, әр түрлі сөздік мәдени өміріміздегі алуан түрлі қажетті өтеу үшін жасалады. Осындай мақсат көзделіп, қазақ тілінде орфографиялық сөздіктер мен терминологиялық сөздіктер және екі тілді аударма сөздіктер (орысша-қазақша сөздік, қазақша-орысша сөздік) құрастырылып, жарық көрген болатын. Осылардың ішінде өте-мөте маңыздысы—түсіндірме сөздік.

В. И. Ленин 1920 жылы А. В. Луначарскийге жолдаған хаттарының бірінде орыс тілінің сөздігін жасау жөнінде былай деп жазды: «Жуырда менің... Дальдің әйгілі сөздігімен танысуыма тура келді.

Тамаша нәрсе, бірақ бұл облыстық сөздік қой және ескірген ғой. Нағыз орыс тілінің, айталық кәзірде қолданылып жүрген және Пушкиннен Горькийге дейін классиктер қолданған сөздердің сөздігін жасайтын мезгіл жетті емес пе.

Егер осы іске, қызыл әскерлердің паегін беріп, 30 ғалымды отырғызсақ қайтер еді?

Бұл пікірге Сіз қалай қарар едіңіз?

Классиктік орыс тілінің сөздігі?» (Шығармалар, 35-том, 412-бет).

В. И. Лениннің идеясымен орыс тілінің совет дәуіріндегі түсіндірме сөздігі жасалып, бірнеше жылдан кейін проф. Д. Н. Ушаковтың редакциясымен басылып шықты.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» қыруар материал жинау және оны жасау жұмысы осыдан жиырма жыл бұрын басталған еді. Көптеген тілде түсіндірме сөздік жасаудың күрделі де қиын екенін және бұл жұмыстың өте көп уақытты керек ететінін ескерсек, оның үстіне түсіндірме сөздіктің қазақ тілінде тұңғыш рет жасалып отырғанын айтсақ, жиырма жыл онша ұзақ та мерзім емес. Бұған қоса айтарымыз: Совет Одағында түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар мен ұлттардың көп екені белгілі: оларда да түсіндірме сөздіктер жасалуда. Солардың ішінде «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (екі томдық)¹—ен тұңғыш сөздік, алғашқы тәжірибе.

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымының докторы, проф. І. Кеңесбаев. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы I том, 1959 жыл, II том, 1961 жыл.

Бұл күрделі еңбекті тындыруға Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының ірі ғалымдары мен жас зерттеушілердің үлкен тобы қатысты.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»—әдеби тілдің нормасын танытуда, тілдің лексикалық байлығын оқып үйренуде, сөздің сан алуан мағынасын талдай білуде баспасөз қызметкерлері мен мұғалімдерге, студенттер мен ғылыми қызметкерлерге, үгітшілер мен насихатшыларға көмек беретін пайдалы құрал.

Түсіндірме сөздіктің құнды жақтары деп мыналарды атау керек.

Сөздікте кәзіргі әдеби тілімізде жиі және жаппай қолданылатын сөздердің басым көпшілігі қамтылған және бұл сөздер документацияланып, оларды қолданған автордың аты, ауыз әдебиетінің жанры көрсетіліп отырған. Сөздікті құрастырушылардың сөздікте қазақ тілінің байырғы төл сөздерімен бірге, совет дәуірінде орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер мен терминдерді тиісінше қамтып, оларға талдау, түсінік беруі де жақсы.

Бірақ айта кету керек, бұл сөздік қазақ әдеби тілінің бүкіл лексикалық байлығын түгелімен қамтитын сөздік емес. Мұндай мақсат пен міндет қазақ тілінің алдағы уақытта шығарылатын көп томдық түсіндірме сөздігіне жүктелмек. Біріншіден, осы жай ескеріліп, екіншіден, қазақ тілінде ғылым мен техниканың әр саласынан арнайы терминологиялық сөздіктердің жарық көргені ескеріліп, бұл түсіндірме сөздікке ғылыми-техникалық терминнің барлығы бірдей емес, тек газет, журнал, саяси әдебиет пен көркем әдебиетте жиі қолданылатындары енген. Біздің ойымызша, бұл да құптарлық.

Сөздікте қазақ тіліндегі фразеологиялық сөз тіркестері, мақалдар мен мәтелдер, нақыл сөздер көп. Сөздікте белгілі бір сөздің негізгі тура мағыналары мен келтірінді, астарлы мағыналары талданғаннан кейін, сол сөздің негізінде жасалған көптеген тұрақты сөз тіркестері түсіндірілген. Мысалы, көз деген сөздің (I том, 304—305-беттер) алуан түрлі мағынасы талданып, соның негізінде жасалған бейнелі сөз тіркестері дәл тауып берілген.

Фразеологизмдердің мұндай мол келтірілуі сөздіктің құнын арттырумен бірге, оны пайдаланушы оқушы жұртшылықтың халық тіліндегі мәнерлеуші тәсілдерден, көркем сөз өрнектерінен үйренуіне көмегін тигізеді. Осы тұста айта кететін бір жай: әдетте түсіндірме сөздік халық тіліндегі көркем сөз кестелері мен фразеологиялық сөз тіркестерінің күллісін бірдей тізбейді, мұндай міндет оған жүктелмейді де. Тіл білімі институтында қазақ тіліндегі өте бай фразеологизмдерді қамтыған арнайы «Фразеологиялық сөздік» жасалған болатын. Сол сөздік кешікпей жарыққа шықса, бұл да бір абзал іс болар еді.

Қандай тіл болса да, оның лексикалық байлығы сол тілдегі сөздердің санымен ғана өлшенбейді (бұл да, әрине, маңызды фактор), сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық аясының кеңдігімен, мағыналық мүмкіндігінің молдығымен де өлшенеді. Осы тұрғыдан, түсіндірме сөздікте тілдегі полисемантизмді (көп мағыналы) сөздердің әр мағынасына талдау жасап, нақты мысалдармен түсіндіріп берудің маңызы үлкен. Сан алуан тілдің түсіндірме сөздіктерінде түрлі-түрлі мағынада қолданылатын полисемантизмді сөздердің негізгі тура мағынасы мен келтірінді мағынасына талдау жасау, сөздің лексикалық мағыналарының типтерін айқындау—аса күрделі мәселе. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көптеген полисемантизмді сөздер қамтылып, олардың деніне негізінен алғанда, дұрыс талдау жасалған, мағыналары сараланып берілген.

Сөздікте кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Әдетте, әр түрлі сөздіктің, оның ішінде, әсіресе түсіндірме сөздіктің жетістік, кемшіліктері лексикография теориясының ғылыми дәрежесіне тікелей байланысты.

Ал осы еңбектегі кейбір кемшілік, біріншіден, жалпы лингвистика ғылымында лексикография теориясының, тіл білімінің басқа саласына қарағанда кенже қалуынан болса, екіншіден, қазақ тіл білімінде түсіндірме сөздік жасау жұмысындағы тәжірибенің әлі де болса аздығынан деп түсінеміз.

Ол кемшіліктер қандай?

1. Қазақ тілінде ғана емес, басқа да тілдердің сөздіктерінде көп мағыналы сөздерден омоним сөздерді ажыратып беру күрделі де қиын мәселе екені белгілі. Бұл екеуінің бір-бірінен жігін ажыратуда бірсыпыра сөздікте кемшіліктер кездесіп жүр. Осындай кемшілік «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де бар. Мысалы, **көрініс** (317-бет), **суыру** (283-бет) тәрізді әр түрлі мағынада қолданылатын полисемантизмді сөздер омонимдер делініп берілген де, керісінше, ап-айқын омоним сөздер полисемантизмді сөздер ретінде беріліпті. Олар мыналар: «**Білім**. 1. Жұмыр темір. 2. Білім» (143-бет). «**Бірлік**» 1. Бірден тоғызға дейінгі қосымшасыз айтылатын сөздер. 2. Ынтымақшылдық, бір ауыздылық» (146-бет). «**Бітім**» 1. Келісу, ынтымақ жасау». 2. Тұлға, тұрпат, бейне, пішін» (147-бет). «**Шабак**». 1. Арба дөңгелегінің шеңбері мен күпшек арасын тұтастырып ұстап тұратын шыбық. 2. Кішкене, ұсақ балық» (463-бет).

Әдетте, аффикстер (қосымшалар) деп аталатын көмекші морфемалардың өз алдына толық мағынасы бар дербес сөздермен омоним бола алмайтыны дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат. Солай бола тұрса да, сөздікті құрастырушылар неге екені белгісіз, бисаясаттық, битарап деген сөздердің құрамындағы «би» деген префиксті «болымсыздық жұрнағы» деп атайды да, оны «дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкіл» деген мағынадағы «би» сөзімен омонимдес (113-бет) деп қараған. Сондай-ақ, сөздікті құрастырушылардың «и» әрпін «терінің иі, малма» деген мағынадағы «и» сөзімен омонимдес деп қарауына да келісуге болмайды. Әдетте, әріп пен сөз емес, сөздер бір-бірімен омоним болады.

2. Қазақ тілінің ғана емес, сонымен бірге жалпы түркі тілдерінің сөздіктерінде етістік сөздерді қай түрінде беру туралы принципті бір мәселе бар. Барлық түркі тілдерінің грамматикасында етістіктің түбірі немесе негізі екінші жақ бұйрық рай делінген. Осы ақиқатты ескермей, сөздікті құрастырушылардың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» етістік сөздерді бұйрық рай түрінде емес, тұйық етістік түрінде беруі түсініксіз. Бұл сұраққа кейбір жолдастар: «орыс тілінің сөздіктерінде етістіктер тұйық етістік түрінде, жалпы лингвистикалық терминмен атағанда, инфинитив формасында берілген» деп жауап береді. Орыс тілінде солай екені рас және бұл тілдің сөздіктерінде етістік сөздерді инфинитив формасында беру дұрыс та. Олай болатын себебі, орыс тілінде етістік сөздердің негізі (основа)—оның инфинитив формасы. Ал, барлық түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, жоғарыда атап өткеніміздей, етістіктің негізі—екінші жақ бұйрық рай. Түркі тілдерінің осы ерекшелігі ескеріліп, академик В. В. Радлов құрастырған «Опыт словаря тюркских наречий» атты төрт томдық сөздікте, профессор К. К. Юдахин құрастырған «Қырғызша-орысша сөздікте» және түркі тілдерінің басқа сөздіктерінде етістік сөздер бұйрық рай түрінде берілген. Осы ерекшелікті «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырушылар мен редакторлар алқасы ескеруі керек еді. Түркі тілдеріндегі грамматика атаулының бәрінде: «етістіктің негізі — бұйрық рай» деп аталып, сөздік жасау үстінде бұл қағидадан тайқып шығуымыз қолайсыз-ақ.

3. Түсіндірме сөздікте сөздерге олардың шығу төркіні (қай тілдік сөз екені) мен қай стильдік тармаққа жататыны туралы анықтамалар беріліп, тиісті белгілер қойылып отырса, сөздіктің жалпы білімдік мә-

ні арта түскен болар еді. Профессор Д. Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан орыс тілінің төрт томдық түсіндірме сөздігінде осы аталған жәйт толығынан ескерілген. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде шығу тәркіні (қай тілдік сөз екені) мен қай стильдік тармаққа телінуі жағынан сөздерге ешбір сипаттама берілмеген, белгілер де қойылмаған. Қазақ тілі лексикасына ертеректе орыс тілі мен араб-фарсы тілдерінен және басқа тілдерден енген сөздерге түркі тілдерінің сөздіктерінде берілген белгілер мен кірме сөздер жайындағы әдебиеттерді пайдалана отырып, орыс тілінің түсіндірме сөздігіндегі тәрізді белгілерді беруге әбден болар еді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сөздердің қолданылу аясы мен стильдік мінездемесін аңғартарлық белгілердің берілмеуі жайына келетін болсақ, мұның себебі, қазақ тілі лексикасындағы қат-қабаттардың стилистикалық тұрғыдан зерттелмеуінен демекпіз.

4. Түсіндірме сөздікте әрбір сөздің анықтамасы мен мінездемесінен кейін оларға мысалдар беріліп, авторының көрсетілуі шарт. Ал мына еңбекте бірсыпыра сөзге мысал жоқ. Мәселен, сөздіктің екінші томында «І» әрпінен басталатын 168 сөз бар, соның 18-іне ешбір мысал жоқ. Ол сөздер мыналар: ібіліс, ізетшіл, ізшіл, ілу, ілкім, ілім, індегу, іргелесу, іркілдек, ірілік, ісік, інішек, іңкәрлену, іркіс, ірілеу, ірілену, ірілі-кішілі.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» осы кемшіліктерді құрастырушылар көп томдық түсіндірме сөздік жасау үстінде ескерсе дейміз. Осыған байланысты жеке ұсыныс, тілектеріміз де бар.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары әр түрлі сөздік жасаудың едәуір тәжірибесі бар. Сөздіктер жасаудағы жетістіктер мен кемшіліктерді талдай, талқылай отырып, көп жылдық тәжірибені қорытындылау керек те, сөздіктің сапасын жақсартуға түсуге тың талаптар қою қажет.

Түсіндірме сөздіктің сапасы лексикография теориясының дәрежесімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан сөздік жасау жұмысына қатысты көптеген теориялық мәселе бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген мақұл. Оның ішінде айрықша назар аударатын проблемалар деп мыналарды атауға болар еді: сөздің лексикалық мағыналарының типтері, сөз мағыналарының сөздікте берілу тәртібі, мағына мен қолданылыс, полисемия құбылысы мен омонимия құбылысының айырмашылығы, фразеологиялық сөз тіркестерінің түрлері және оларды сөздікте беру принциптері, сөздікке кіретін туынды сөздердің түрлері және олардың аумағы мен шегі тағы басқалар.

Совет дәуірінде қазақ тілінде публицистикалық стиль мен көркем сөз стилі (мұның өз ішінде бірнеше тармағы бар), ғылыми стиль мен ресми іс-қағаз стилі қалыптаса бастады. Осыған орай, қазақ тілі лексикасындағы толып жатқан сөз топтарының белгілі бір стильге икемделіп, сол стильге тән сөз топтары ретінде қалыптаса бастағаны байқалады. Тіліміздегі осы құбылыс пен заңдылықты ескере отырып, түсіндірме сөздікте жеке сөздерге, орыс тілі сөздіктеріндегі тәрізді, стилистикалық мінездемелер мен белгілер беру—басты талаптардың бірі.

Дүние жүзіндегі тілдердің ішінде басқа тілдерден сөз қабылдамаған тіл жоқ десе болғандай. Қазақ халқы ғасырлар бойы әр елмен қарым-қатынаста болды да, сол елдер халықтарының тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөз енді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, басқа тілдердің сөздіктеріндегі тәрізді, шет ел сөздерінің қай тілдік сөз екенін көрсете кеткен жөн. Мұның өзі түсіндірме сөздіктердің жалпы білімдік қасиетін көтере түсер еді.

Түсіндірме сөздікке негіз болатын нәрсе—түрлі-түрлі әдебиеттен жинастырылған картотека. Картотека неғұрлым мол және сапалы бол-

са, түсіндірме сөздік те соғұрлым мазмұнды болмақ. Көркем әдебиет пен ғылыми әдебиеттен, газет, журналдардан және әр түрлі оқулықтан қазақ тілінің лексикалық байлығын түгел қамтитын картотека жинап, оны жүйеге келтіру жұмысын жақсарту қажет. Картотека жасау тұсында сөздердің нешеме туынды, жаңа мағынасына, бұрыннан бар фразеологизмдермен бірге жаңадан жасалған тұрақты сөз тіркестеріне, ірі қалам қайраткерлерінің көркем сөз өрнектеріне баса назар аударылса дейміз.

Түсіндірме сөздікте, әсіресе көп томдық түсіндірме сөздікте талай ғылыми-техникалық терминнің қамтылатыны даусыз. Сөздікте ғылыми-техникалық терминдердің мән-мағынасын талдап, дәлме-дәл дұрыс айқындау үшін жаратылыс тану ғылымы мен техникалық ғылым саласындағы мамандардың көмегі қажет-ақ. Сондықтан сөздік жасауға аталған ғылым саласынан консультанттар қатыстырған (орыс тілінің түсіндірме сөздіктерін жасауда осындай тәжірибе бар) абзал. Сөздіктің әр томының қолжазбасын әдеби тілді жетік білетін тәжірибелі ақын, жазушыларға, баспасөз қызметкерлеріне оқытып алып, олардың да сын ескертпелері мен ұсыныстарын еске алған дұрыс.

Көп томдық түсіндірме сөздік бір күнде, бір жылда біте қалатын іс емес, оның сапасын жақсартып, жетілдіре беру керек. Ал, жарық көрген сөздік жайында пікірімізді қорытсақ, мынаны айрықша атаймыз: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»—халқымыздың мәдени өміріндегі үлкен жаңалық, елеулі табыс. Бұл сөздік—жұртшылықтың мәдени қажетін өтеп, үлкен пайдасын тигізетін құнды құрал. Сонымен бірге ол түсіндірме сөздік жасаудағы ең тұңғыш қадам, сәтті қадам.

К. АХАНОВ,

Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымының кандидаты.



КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫ КАДРЛАРМЕН НЫҒАЙТУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Түркстан колхоз-совхоз өндіріс басқармасы мен облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, колхоздар мен совхоздарды жақсы ұйымдастырушылармен, ауыл шаруашылығының маман кадрларымен нығайту, өндіріске ғылым жетістігі мен озат тәжірибені енгізу жөнінде елеулі жұмыстар жүргізді.

Әйткенмен де жеке колхоз, совхозды маман кадрлармен нығайту партияның XXII съезі қойған талаптарға сай емес. Әлі де болса кейбір шаруашылықтарды колхоз-совхоздың эк номикасынан жөнді хабары жоқ, міндетіне салақ қарайтын кісілер басқарып келеді. Мысалы, өндірістік басқармаға қарасты колхоз председателдерінің тек екеуінің ғана жоғары білімі бар. Көптеген бөлімше, ферма меңгерушілерінің ауыл шаруашылық білімі жоқ. Осылай бола отырып, ондаған агроном мен зоотехник өз мамандығы бойынша жұмыс істемей жүр. Өндірістік басқарма бойынша 700-дей механизатор кадр жетпейді.

Осымен бірге колхоз-совхоз басшылары жиі ауысады, бір жерде жұмысты ақсатқан адамдарды екінші бір жерге апарып, қыю фактылары жиі ұшырасады. Әйелдерді, жастарды қызметке жоғарылату мәселесіне көңіл бөлінбейді.

Партия ұйымдарында кадрлардың экономиканы оқып-үйренуі нашар болып, кейбір шаруашылық басшылары, бас мамандары өздерінің білімін көтерумен шұғылданбай, тіпті газет-журналдар да жаздырып алмай келген. Көптеген партия ұйымдарында коммунистерді өндірістің шешуші буындарына орналастыру мәселесі дұрыс шешілмеген. Бұл мәселеге кейбір партия ұйымдары жеткілікті көңіл бөлмей келген. Осының салдарынан жеке колхоз-совхозда мал шаруашылығында істейтін коммунистер бірен-саран ғана.

Өндірістік жоспарларды орындау және социалистік жарысты ұйымдастыру

жөніндегі көптеген кемшілік кадрлармен жұмыс істеуге, оларды орналастыруға байланысты. Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросы өндірістік басқарманың бастығына, облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысына және партия ұйымдарына кадрлармен жұмысты жақсартуды тапсырып, кадрларды іріктеуді, орналастыруды және тәрбиелеуді жақсартатын нақты шаралар белгіледі.

КОММУНИСТІК ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖАҚСАРСЫН

Өскемен қалалық партия комитетінің пленумы В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты мен Алтай қорғасын құрылыс тресі партия комитеттерінің секретарьлары Одиашвили мен Марченко жолдастардың коммунистік еңбек қозғалысына басшылық жұмыстары туралы баяндамаларын тыңдады.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына коммунистік еңбек кәсіптерін атағы берілгені мәлім. Ал Алтай қорғасын құрылыс тресінің кәсіпорындарында осындай құрметті атақты жеңіп алу үшін 10 құрылыс-монтаж басқармасы, 16 учаске, 146 бригада, коммунистік еңбек екпіндісі атағы үшін 1137 жұмысшы күресуде. Мұндай құрметті атаққа көзір 29 бригада ие болып отыр.

Коммунистік еңбек жарысы—өнім өндіруді көбейтуге, еңбек өнімділігін арттыруға, тағы басқа техника-экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға көмектесуде. Мысалы, комбинаттың кәсіпорындары өнім өндіру жоспарын үнемі артығымен орындап келеді. Бұларда жаңалық ұсыныстар да өндіріске көп енгізілді. Мұнда кадрлардың саяси және экономикалық оқуы да жақсы жолға қойылған. Ал, құрылыс тресінде коммунистік еңбек жарысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол берілген. Трестің құрылыс-монтаж басқармасы, көптеген жұмысшылар жарысқа қосылмаған. Мұнда жарыстың жариялылығы, озат тәжірибені өндіріске енгізу нашар ұйымдастырылған. Міне осындай кемшіліктердің салдарынан құрылыс тресі өндірістік жоспарды орындай алмай келеді.

Қалалық партия комитетінің пленумы партия ұйымдарына коммунистік еңбек жарысына басшылықты жақсартуды, бұл жарысқа бүкіл коллективті, барлық жұмысшыны қатыстыруды ұсынды. Сол сияқты, коммунистік еңбек жарысына қатысушылардың слетін, кеңесін шақырып, онда озат тәжірибені талқылап отыру шаралары белгіленді.

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС — ЖҰМЫСШЫЛАР МЕКТЕБІ

Совхоз жұмысшыларының өндірісті басқаруға қатысуының бір түрі — тұрақты өндірістік кеңес. Тың өлкесінің көптеген совхозында тұрақты өндірістік кеңестер жұмысшылардың озат тәжірибе алмасатын мектебіне, жұмыстағы кемшіліктерді сынайтын мінбесіне айналып отыр. Өндірістік кеңестерде өндірістік жоспарлардың жобалары, өнім өндіруді ұлғайтудың шаралары, шаруашылық басшыларының өндірісті, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі баяндамалары, шаруашылық жылының қорытындысы, ағымдағы істер туралы мәселелер талқылануға тиіс.

Алайда кейбір совхоздардың партия ұйымдары өндірістік кеңестерді ойдағыдай ұйымдастыра алмай келеді. Мысалы, Көкшетау облысындағы «Симферополь», «Шағалалы», Целиноград облысындағы «Нахимов», «Журавлевский», «Ново-Марковский» совхоздарында өндірістік кеңес тіпте өткізілмей келген, ал Қостанай облысындағы Карл Маркс атындағы, «Пресногорьковский», «Бәскөл» совхоздарында өндірістік кеңес сирек өткізілген, оның өзінде де ол асығыс әзірленіп келген.

Кейбір совхозда өндірістік кеңесті сайлаудың белгіленген тәртібі бұзылып жүр. Мысалы, мың жұмысшысы бар «Симферополь» совхозының өндірістік кеңесінің құрамына небәрі 15-ақ адам сайланса, осы кеңестің президиумына бірде-бір жұмысшы кірмеген. Өндірістік кеңеске, жұмысшылар жиналысына қатысып, оларға шаруашылықтағы істің жағдайын тапсырудан бас тартатын совхоз директорлары да бар.

Өлкенің партия, кәсіподақ ұйымдары совхоздардың тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестерінің озат тәжірибелерін жеткілікті жинақтап, қорытып, көпшілікке тарата алмай келеді. Жақында Тың өлкелік партия комитетінің бюросы совхоздарда өндірістік кеңестердің жұмысын жақсарту жөнінде нақты шаралар белгіледі.

ӨНДІРІС ЖҰМЫСТАРЫН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

Соңғы екі жылдың ішінде Қарағанды халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары мен құрылыстарында өн-

дірісті механикаландыру мен автоматтандыру жөнінде көптеген шаралар жүзеге асырылды. Мұның өзі мыңдаған жұмысшы қолын босатып, миллиондаған сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді.

Озат тәжірибені насихаттау мен өндіріске енгізу жұмысында ғылыми-техникалық кеңес, еңбектің озат әдістерін үйрететін мектептер, сол сияқты бір тектес кәсіпорындар өкілдерінің өзара тәжірибе алмасуы, озат тәжірибе, ғылым жаңалықтары туралы әңгіме, лекциялар өткізу, кинофильмдер көрсету жақсы нәтижелер беріп келеді.

Алайда, озат тәжірибені насихаттау мен оны өндіріске енгізу партияның XXII съезі қойған талаптарға сай болмай отыр. Бұл істегі негізгі кемшілік — озат тәжірибені өндіріске енгізумен не шаруашылық, не партия, не қоғам ұйымдары жүйелі түрде айналыспайды. Олардың бәрі де бұл жұмыспен тиіп-қашты шұғылданып келген. Мұндағы кәсіпорындар бірнеше жылдан бері ғылым мен техниканың табыстарын өндіріске енгізудің жоспарын орындай алмай отыр. Қарағанды көмір комбинатының озат шахталарында көмір комбайнының өнімділігі айына 25—30 мың тоннаға дейін жетті. Бірақ жалпы комбинат бойынша көмір комбайнының өнімділігі өте төмен болып отыр.

Облыстық партия комитетінің бюросы партия комитеттері мен партия ұйымдарынан озат тәжірибе мен ғылым жетістігін насихаттау, тарату, оны өндіріске енгізу ісіндегі кемшіліктерді жедел жоюды талап етті, оларды әрбір жаңалықты, озат тәжірибені өндіріске енгізу жөнінде тынбай қамқорлық жасауға міндеттеді.

КӨРНЕКІ ҮГІТ—КӨЛКЕ ӘСЕРЛІ

Гвардия ауданының көптеген партия ұйымдары еңбекшілерді алда тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға жұмылдыруда көрнекі үгітті жақсы пайдалануда. Сарыөзек паровоз депосында, автобазада, Аманкелді және Шоқан атындағы колхоздарда көрнекі үгіт арқылы партияның XXII съезінің шешімдері, партия Программасы, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда совет халқының қолы жеткен табыстары насихатталуда. Әрбір шаруашылықтың өз жетістіктері, маңдайалды озаттарының үлгісі көрсетілді.

Дегенмен көрнекі үгіттің жайы барлық жерде бірдей емес. Мысалы, Калинин атындағы колхозда, «Қарашық» совхозында, Жоламан, Балғалы сияқты темір жол станцияларында партия Программасының, коммунизм құрылысының моральдық кодексі қағидаларын бейнелейтін, социалистік міндеттемелердің орындалуын көрсететін бірде-бір ұран, плакат, стенд жоқ.

Көптеген колхоз бен совхозда социалистік жарыстың қорытындысы шығарылмайды, тіпті кейбірінде ауыспалы Қызыл ту да жоқ. Көрсеткіш тақталары мен құрмет тақталары толтырылмайды. Еңбек тәртібін бұзушыларға, арамтамақтарға, жалқауларға, саудагерлерге қарсы күресте көрнекі үгіттің өткір түрлері нашар пайдаланылады.

Облыстық партия комитетінің бюросы партия ұйымдарында көрнекі үгітті пайдаланудағы кемшілікті жойып, оның мазмұнын жақсартуға, көрнекі үгітті алда тұрған нақты міндеттермен орайластыруға бағытталған шаралар белгіледі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕМИНАР

Қапал аудандық партия комитеті жанынан тұрақты саяси-экономикалық семинар ұйымдастырылған. Оған шаруашылықтардың басшылары мен бас-тауыш партия ұйымының секретарыла-

ры, ауыл шаруашылығы мамандары, бас агрономдар мен зоотехниктер, мал дәрігерлері тартылған.

Тұрақты семинардың бірінші сабағы 28 октябрьде өткізілді. Оған тыңдаушылар түгел қатысты. Семинарда «Социалистік ауыл шаруашылығы және оның коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы ролі» деген тақырыпта аудандық партия комитетінің лектор-консультанты И. Афонин; «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді мамандандыру, колхоз, совхоздарда жерді дұрыс пайдалану» деген тақырыпта Калинин атындағы колхоздың бас агрономы Ф. Брикман жолдас баяндама жасады.

Әсіресе, Ф. Брикман жолдастың баяндамасы жұртқа ұнады. Бұл баяндама бойынша «Арасан» колхозының председателі И. Бектемісов, бас агроном Л. Ким, Талдықорған қой совхозының директоры З. Пушкарский жолдастар шығып сөз сөйлеп, құнды пікірлер айтты.

«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІНІҢ» СЫНЫНАН KEЙІН

Журналдың биылғы 9 номерінде «Күрделі құрылысқа күнделікті көңіл бөлінсін» деген мақала басылған болатын.

Осы мақалада көрсетілген кемшіліктер жайында редакцияға Қарағанды халық шаруашылығы советі председателінің орынбасары Ф. Серғазин жолдас мынаны хабарлады:

«Қазақстан коммунисті» журналында Қарағанды халық шаруашылығы советіне қарасты құрылыс ұйымдары атына айтылған сын өте орынды. Мақалада көрсетілген кемшіліктерді жою үшін мына шаралар қолданылды.

1. 1963 жылы іске қосылуға тиісті объектілердің тізімі каралып, оларға қажетті қаржы бөлінді.

2. Барлық іске қосылатын және маңызы аса зор құрылыстарда атқарылатын жұмыс көлемі, мерзімі көрсетілген, сондай-ақ қанша құрылыс материалы, жұмысшы күші керектігі белгіленген

жоспар жасалды. Ол жоспардың орындалуы қатаң бақылауға алынды.

3. Облыстық партия комитетімен бірлесе отырып, маңызы аса зор құрылыстар мен іске қосылуға тиісті объектілердегі жұмысты бақылау үшін, сондай-ақ құрылыс ұйымдарындағы жұмысты бір ізге келтіріп отыру үшін арнаулы өкіл (совет мүшесі) бөлінді.

4. Бірсыпыра құрылыс ұйымдары, сонымен қатар ағаш өңдейтін және темірбетон бұйымдарын жасайтын заводтар мамандандырылды.

5. Жақында құрылыстың түсер күнын кемітуге, істелетін жұмыстың сапасын жақсартуға отырып, алдыңғы қатарлы озат әдістерді үйренуге арналған құрылысшылардың облыстық кекесі өткізілді.

6. Осы жылдың октябрь айында құрылыс экономикасына арналған теориялық конференция өткізілді».

«Қазақстан коммунистінде»

1962 жылы жарияланған материалдар

ТІЗІМІ

БАС МАҚАЛА МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР

	№	Беті
Істің орындалуын тексеру — партиялық басшылықтың пәрменді құралы	1	3
Бұқаралық-саяси жұмыс пәрменді де жемісті болсын	2	3
Ауыл шаруашылығына басшылықтың түбірлі мәселелері	3	3
Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің программасы	4	3
Кәсіподақтардың айбынды міндеттері	4	10
Партияның халықпен байланысының жарқын көрінісі	5	3
Өндірістің өзекті мәселелері	6	3
Ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің қажетті шарасы	7	3
Ауыл-селодағы партиялық шешуші буын	7	54
Қазақстан астығы — ел байлығы	8	3
Жаппай қарусыздану — заман талабы	8	9
Бастауыш партия ұйымы — бұқараны ұйымдастырушы	9	3
Лениндік идеялардың салтанаты	11	3
Экономикалық білім әркімге-ақ керек	11	9
Партиялық басшылықтың лениндік принциптері	12	3
Міндет — резервтерді тиімді пайдалануда	12	10

МАҚАЛАЛАР

Н. С. Хрушев — Дүние жүзілік социалистік система дамуының көкейтесті мәселелері	10	3
Ф. Р. Козлов — КПСС — бүкіл халықтың партиясы	7	10
• • •		
К. Ахметов — Идеологиялық жұмыс — коммунистік құрылыстың күшті құралы	2	10
З. Айтмағамбетов — Сапа көрсеткіші — өнеркәсіп жұмысының айнасы	6	24
Ғ. Әбішев — Пролетариат партиясы туралы ілімнің дамуы	3	10
А. Әділов — Ішкі резервтер — тұнған байлық	9	20
Қ. Әлиасқаров — Тындағы шамшырақ	4	60
Ө. Байқоңыров — В. И. Ленин техникалық прогресс туралы	4	17
Ұ. Бағаев — Сыр бойының саңлақтары	9	36
С. Бәйішев — Қоғамдық ғылымдар коммунистік құрылыстың жана міндеттері дәрежесінде болсын	12	16
Қ. Біләлов — Маман кадр даярлау талапқа сай болсын	6	49
М. Бейсебаев — Колхоз-совхоз өндірісіне басшылық жақсара берсін	8	15
К. Бейсембетов — Қоғамдық тамақты ұйымдастырудың кейбір мәселелері	11	42
Р. Бердібаев — Шығарма және характер	8	33
А. Вензовский — Экономикалық тиімділік үшін күрес — маңызды міндет	11	18
Ш. Есмұрзаев — Бар мүмкіндік тиімді пайдаланылсын	7	45
Н. Жанділдин — Коммунизм және ұлттар арасындағы қарым-қатынас	7	31
Т. Жанкелдин — Халық — тарихты жасаушы	6	36
Қ. Жарқынбеков — Партия ұйымдары және еңбекшілердің тұрмыс мәдениеті	1	17
Ө. Жәнібеков — Комсомол биік белестер алдында	4	49
О. Жәутіков — Кибернетика және техникалық прогресс	6	43
С. Задия — Мектеп және тәрбие жұмысы	11	27
Г. Задорожный — Мектептің өмірмен байланысы	12	33
Ә. Кәкімжанов — Ауыл шаруашылығының коммунистік құрылыстағы орны	6	17
Н. Кийкбаев — Коммунизм құрылысшыларының съезі	10	26

	№	Бет
Г. Козлов — Барлық резерв пен мүмкіндік толық пайдаланылсын	6	10
І. Көбенбаев — Егіншіліктің маңызды бағыты	2	21
С. Көлбаев — Советтер — халықтың өз өкіметі	4	44
О. Керімбеков — Колхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесінің артуы	9	31
П. Крючков — Өндірістік басқармалардың алғашқы қадамы	6	31
Б. Қайымов — Өнім өндіру және дайындау	6	55
Ө. Қанахин — Заман шырқауы	1	22
Ә. Қасымханов — Іс тетігі — механизаторлар қолында	4	40
Б. Қасымов, О. Қожасов — Колхоз, совхоз экономисі — негізгі тұлға	11	37
Ж. Қаракұсов — Совет интеллигенциясының коммунистік құрылыстағы ролі	12	28
Ш. Қоспанов — Қой шаруашылығын мол табысты салаға айналдырайық	4	34
Р. Қуатов — Өнімнің түсер құны — өндіріс айнасы	11	22
Ө. Малыбаев — Жеке адамға табынуды жоюдың тарихи маңызы	1	10
Б. Мәдиев — Саналы адам тәрбиелеу — асыл парыз	10	46
А. Нүсіпбеков — Ұлы орыс халқының тарихи жеңісі	9	9
А. Нұркатов — Жастар тәртібі — біріккен сөз	12	38
Л. Полнер — Партия ұйымдары түсті металлургияны өркендету күресінде	5	16
В. Путинцев — Күрделі құрылысқа күнделікті көңіл бөлінсін	9	15
А. Росляков — Жемшөп өлшемі дегеніміз не?	3	23
Б. Садуақасов — Жаңа белесте	8	20
С. Сартаев — Социалистік мемлекеттіктің коммунистік қоғамның өзін өзі басқаруына ұласуы	2	32
В. Севрюков — Партия жұмысын қоғамдық негізде өрістете берейік	3	16
Қ. Серікбаев — Озат тәжірибе мектебі	5	27
Е. Серікбаев — Басты бағыт	7	56
А. Сиразутдинов — Ғылым мен өндіріс — егіз	2	26
С. Сорокин — Техникалық прогресс — өндірістің қанаты	10	38
Л. Тәжібаев — Су қоры — молшылық көзі	9	28
С. Ткачев — Колхозаралық экономикалық байланыстың дамуы	10	41
С. Толыбеков — Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға Қазақстанның қосар үлесі	1	27
К. Төлекеев — Кәсіподақ жұмысын қоғамдық негізде өрістете берейік	10	51
Ә. Тұяқбаев — Жетісай өндірістік басқармасында	7	70
А. Тұғайбаев — Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланысы	9	40
И. Тұңғатаров — Негізгі өндірістік қор өнімді пайдаланылсын	4	55
Т. Уәшев — Еңбекшілердің тұрмыс қажеті мінсіз өтелсін	11	14
Ш. Үрпекөв — Түсті металл байлығының көзі	8	25
Н. Филатов — Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру жолдары	5	22
С. Хайдаров — Басшылық дәрежесі жоғары болсын	7	61
В. Цой — Қазақстанға табиғаттың өзі берген дақыл	3	28
Г. Чернов — Сауын сиыр фермасын механикаландыру тәжірибесінен	8	29
В. Шабалина — Химия халық шаруашылығына қызмет етеді	11	33
Ә. Шалабаев — Саяси қырағылық — совет азаматының қасиетті борышы	9	44
Р. Шаяхметов — Партиялық ұйымдастыру жұмысының жемісі	10	31
Т. Шәукенбаев — Мұнайды мол шығару жолдары	12	23
А. Шербаков — Мектеп құрылысы — жұртшылық ісі	7	40
Ж. Ыбрашев — Капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі	1	16
Т. Ыдырысов — Замандастың очерктегі бейнесі	3	32
И. Юсупов — Кадрларды іріктеу және тәрбиелеу лениндік талапқа сай болсын	5	10

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Қ. Әбілдаев — Колхоз коммунизмге бет алды	3	56
Ә. Әбілдаев — Өнегелі насихатшы	8	56
Ж. Әубәкіров — Партия Уставының талабын қатаң сақтау — парыз	12	44
Ж. Балапанов — Қоғамдық негіздегі жұмыс	6	74

	№	Беті
О. Батырбеков, Т. Набин — Комсомолдың күші — партия басшылығында	9	66
А. Бердалин — Жас коммунистер арасындағы жұмыс	5	65
Т. Бөкебаев — Партия тобы — біздің сүйенішіміз	9	63
Н. Гагарин — Коммунист — ардақты атақ	8	48
О. Исабаев — Ұйымшыл коллектив	6	78
С. Кенжебаев — Идеологиялық жұмыстағы қоғамдық негіз	8	43
А. Құрманбаев — Коммунистік еңбек қозғалысының ұйтқысы	10	71
С. Құсайынов — Ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартайық	4	71
О. Малдыбаев — Жаңа жағдай, жаңа талап	8	52
Ф. Михайлов — Идеологиялық жұмыстың маңызды саласы	6	64
К. Мендібаев — Бастауыш ұйым — бұқараның жетекшісі	5	54
С. Ниязбеков — Жаңаша басқарудың жақсы лебізі	9	59
К. Нұрбикенов — Қоғамдық негізде	2	61
Н. Орынбасаров — Колхоз-совхоз өндірісін ұйымдастырушылар	10	67
І. Рахымжанов — Аудан және облыстық ұйымдар	3	63
С. Сәрсенбаев — Коммунистік тәрбиенің маңызды саласы	5	60
Б. Соппеков — Идеялық тәрбиенің маңызды саласы	10	62
К. Серікбаев — Ұйымдастыру жұмысы — табыс кілті	11	56
А. Темірбаев — Қеншілер жарысының жаршысы	12	48
Ж. Түйебеков — Озат тәжірибені кең қолдану жолында	11	52
М. Фазылов — Жаңа адамды тәрбиелеу — басты міндетіміз	6	70
Ф. Филиппенко — Тың байлығы — Отан игілігіне	2	56

ЖАҢА ПРОГРАММА ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

М. Есеналиев — Ұлт-азаттық қозғалыстың кәзіргі кезеңдегі ерекшелігі	9	49
В. Кузьяева — Біртұтас коммунистік меншікке жету жолында	6	59
К. Мырзаболатов — Колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі	4	65
Ш. Тастанов — Кәзіргі заманның негізгі мазмұны	3	39
А. Фаризов — Қоғамдық қор — коммунистік бөлістің нышаны	2	38
К. Фаизов — Ең ықпалды саяси күш	11	46
К. Шәймерденов — Ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа кезеңі	5	48

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ ТАҚЫРЫБЫНА

Коммунизм құрылысшысының адамгершілік принциптері	1	42
Коллектив — коммунистік тәрбие беруде үлкен күш	1	49
Мақсатымыз — коммунизм адамын шыңдау	1	55
Коммунистік еңбек жеңісіне жетеміз	1	60
Колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі	1	61
Сенім — көңіл күйінің кілті	1	65
Б. Жұмағалиев — Еңбек етпеген ішіп-жемейді	7	50
Ә. Жұмабаев — Коллектившіл болу — жаңа адамның биік мұраты	10	56
М. Садықов — Адам — адамға дос	8	38
Т. Тәжібаев — Коммунизм ісіне берілгендік немен ыспатталады	9	53

МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС

XXII съезд материалдарын оқып-үйрену туралы

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау — партия мен совет халқының басты экономикалық міндеті	1	33
Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы	2	45
Жаңа адамды тәрбиелеу — коммунистік құрылыстың маңызды міндеті	3	46

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНЕ 50 ЖЫЛ

С. Матвиенко — В. И. Ленин және «Правда»	4	23
М. Қозыбаев — «Правда» газетінің кәшпелі редакциясы Қазақстанда	4	29
К. Шалабаев — Бұқаралық — баспа сөздің лениндік маңызды принципі	5	31
Қ. Әбілханов — «Правда» — қазақ баспа сөзінің ұстазы	5	38
Т. Қожакеев — Қазақстан өмірі «Правда» бетінде	5	44

ХАТ-ХАБАР

	№.	беті
Ә. Әлімбаев — Шымкент цементі	9	74
Қ. Әлиасқаров — Егін жинау — кәзіргі айбынды міндет	8	69
Ә. Баймырзин — Коммунистік еңбек бригадасында	12	62
Ә. Бақыбаев — Экономикалық семинар	3	80
Ж. Бектұров — Шахтер абыройы	11	71
І. Дабаев — Жұртшылық күші осындай	2	68
Ш. Есмұрзаев — Соны серпін	3	72
Ш. Есмұрзаев — Әңгіме егінші абыройы туралы	10	74
Қ. Исабаев — Ертіс-Қарағанды каналы құрылысында	11	67
Х. Қожахметов — Коммунистік еңбек шахтасы	2	65
М. Мертенов — Коллектив күші	12	66
В. Мишуров — Өнеркәсіптің ауыл-селоға көмегі	3	77
Ш. Мұртазаев — Бұршақ өсірудің шебері	8	73
А. Мұсылманқұлов — Еңбек өнімділігін арттыру — өзекті міндет	9	70
С. Оразғалиев — «Қара алтынның» қаһарманы	1	68
П. Рыбаков — Қыстың көзі қырау	10	78
Қ. Сейілханов — Сабақ осылай өтті	1	72
Қ. Сүлейменов — Ұлы ескерткіш	8	69

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Съезд материалдары кең насихатталып, түсіндірілсін	1	76
Жақсының жаршылары	2	77
Коммунистік жарыс және газет	4	76
Ауданаралық газеттердің алғашқы адымы	7	77
Мақтадан мол өнім алу күресінде	8	77
Бүгінгі күннің мәнді тақырыбы	11	76

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Қ. Аханов — Қазақ тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі	12	69
С. Жұмағалиев — Өмірмен өлшесек	2	71
Ә. Сатыбалдиев — Терминология сөздіктері жайында	5	73

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

Х. Әбдірахманов — Конгодағы жағдай	5	69
А. Басов — Техниканың моральдық тозуы деген не?	9	77
Ә. Елшібеков — Шетелдік «жәрдемнің» Түркия экономикасына зардабы	8	59
М. Савельев — Партия тобының жұмысы қалай ұйымдастырылады?	12	56
Қ. Сәрсенов — Лаоста не болып жатыр?	3	67

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Қ. Баймұратов — «Ортақ рыноктың» агрессиялық мәні	11	60
С. Ділдәбеков — Иран-совет қатынасы жаңа кезеңде	11	64
Қ. Шәймерденов — Батыс Берлин — соғыстың хауіпті ошағы	12	52

* * *

Партия тұрмысының хабарлары	№ 1, 2, 4, 6,	12
«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін	№ 5, № 11, № 12	

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З. (жауапты секретарь), Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Меңдібаев Қ., Өржанов Ш., Ыдырысов Т.	Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103. Тел. 2-23-03, 2-24-95.
--	---

3/ХІІ-1962 ж. басуға қол қойылды, қ. 70×108¹/₁₆, 2,5 қ.—5,85 авт. т. УГ06089. Т. 20049.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 1324

Жаңа кітаптар

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы шығарған кітаптар

Совет Одағы Коммунистік Партиясының тарихы. Оқулық. Академик Б. Н. Пономарев басқарған авторлар коллективі. Толықтырылып, екінші рет басылуы. 784 бет, бағасы 1 сом 15 тиын.

«Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының» екінші рет басылған оқулығы партияның XXII съезі шешіміне сай қайта қаралып толықтырылып, түзетілген.

Оқулықта жаңадан жазылған екі тарау бар. Оның бірі — XVIII тарау «Партия—Коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізудің дем берушісі және ұйымдастырушысы (1959—1961 жылдар)», екіншісі—XIX тарау «Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі. Партияның жаңа Программасы» деп аталады.

Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының хрестоматиясы. Үш томдық. 1-том, 624 бет, бағасы 1 сом 15 тиын. 2-том, 40 баспа табақ, бағасы 1 сом 15 тиын. 3-том, 50 баспа табақ, бағасы 1 сом 40 тиын.

Бұл үш томдыққа марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, КПСС Орталық Комитетінің пленумдары мен конференцияларының, съездердің шешімдері, тағы басқа документтер мен материалдар енген.

Коммунистік тәрбиенің негіздері. Оқу құралы. И. А. Хлябич басқарған авторлар коллективі. Екінші рет басылуы. Көлемі 448 бет, бағасы 70 тиын.

Кітап қалың жұртшылыққа, ең алдымен, жаңа адамды тәрбиелеумен айналысатын оқытушы, мұғалімдерге арналған.

Оқулық коммунистік тәрбиенің жалпы теориялық мәселелерін терең түсінуде, оны күнделікті практикалық жұмыста басшылыққа алуда партия ұйымдарына да елеулі көмек көрсетеді.

Социалистік өнеркәсіптің экономикасы. Көпшілікке арналған оқу құралы. Көлемі 304 бет, бағасы 64 тиын.

Оқулықта қалың оқушыға түсінікті, қарапайым тілмен, партияның XXII съезі шешіміне орай, социалистік өндіріс экономикасының теориялық негізі өнеркәсіп орындарының практикалық жұмысымен тығыз байланысты баяндалған. Кітап қалың көпшілікке, нақты экономиканы алғаш үйренушілерге арналған.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикасы. Оқу құралы. В. А. Абрамов басқарған авторлар коллективі. Көлемі 512 бет, бағасы 90 тиын.

Оқулықта колхоз-совхоздардың шаруашылық қызметінің негізгі мәселелерімен қоса ауыл шаруашылығы өндірісінің мол резервтерін тауып, тиімді пайдалана білу жайлары сөз болады.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

П. МАЛЬКОВ. Москва Кремлі комедантының қол жазбалары. Қазақ тілінде. 290 бет. Бағасы 60 тиын.

Автор бұл шағын еңбегінде көсеміміз ұлы В. И. Лениннің анархистерді талқандау және солшыл эсерлердің бүлігін жоюда қандай роль атқарғанын баяндайды.

Т. ЕЛЕУОВ. М. В. Фрунзе Қазақстанда. Қазақ тілінде. 62 бет. Бағасы 8 тиын.

Кітапшада М. В. Фрунзенің Қазақстанда совет өкіметінің жауларын талқандаудағы революциялық қызметі айтылған.

Ғ. УӘЛИХАНОВ. Мұсылман діни мейрамдарының зияндылығы. Қазақ тілінде. 61 бет. Бағасы 8 тиын.

Атеистерге арналған бұл кітапшадан діни ғибадат, оның зияндылығы, діни мейрамдардың—оразаның, құрбан айттың шығуы және олардың таптық мәні жайында жазылған мақалаларды оқуға болады.

Қ. СМАИЛОВ. Мамандықтың бәрі жақсы. Қазақ тілінде. 89 бет. Бағасы 11 тиын.

Кітапшада мамандық таңдаушы жастарға кеңес айтылады. Автор бұл кітабында мамандықтың бәрі жақсы дей отырып, жастарды бірнеше мамандықты игеруге шақырады.

А. АСАНОВ. Қазақстанның партия ұйымдары республиканың ауыл шаруашылығын маман кадрлармен нығайту үшін күресте. Орыс тілінде. 72 бет. Бағасы 8 тиын.

Кітапшада КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумынан кейін республикамыздың ауыл шаруашылығын маман кадрлармен нығайту жайы жанжақты баяндалады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

журналына 1963 жылға жазылыңыздар

Журналда КПСС жаңа Программасы мен Уставы туралы әңгімелер, маркстік-лениндік саяси экономия, философия, нақты экономика және ғылыми коммунизм мәселелері жөнінде мақалалар жарияланады, партия оқуы жүйесінде және өздігінен оқитын жолдастарға көмек боларлық материалдар беріліп тұрады. Журнал бетінде коммунистік құрылыстың, коммунистік қоғам орнатушылардың моральдық кодексінің мәселелері жазылады. Сонымен бірге оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

Республика партия ұйымдарының жұмысы журналда үзбей жазылады. Өлкелік, облыстық, колхоз-совхоз өндірісі басқармалары партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қорытылады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің келелі мәселелері журнал бетінен орын алады. Жергілікті газеттер мен журналдарға шолу, жаңа кітаптарға сын беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

12 айға — 2 сом 40 тиын,

6 айға — 1 сом 20 тиын,

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.